



CAERCO

Орталық-Азия
Электрэнергетикалық Корпорациясы

ӘРБІР ЖАРЫҚ ШАШҚАН ТЕРЕЗЕНІҢ АРТЫНДА
ОН МЫҢ АДАМНЫҢ ЕҢБЕГІ БАР



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2019

ЕСЕП МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ

4	Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
5	Бас директор үндеуі

ОАЭК БҮГІНДЕ

7	2019 жылғы қызмет көрсеткіштері
7	Корпорация рейтингі
8	Жылдың маңызды оқиғалары
10	Бизнес-модель



4-11

ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ

12	Миссия
12	Көрініс
12	Құндылықтар
13	Тарихы
14	Қызмет географиясы
14	Негізгі өндірістік сипаттамалар
15	Еншілес ұйымдар



12-17



26-43



18-25

НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

19	Қазақстан экономикасына шолу
20	Қазақстан энергетика саласына шолу


ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРС- ПЕКТИВАЛАРЫ

27	Электр және жылу энергиясын өндіру	37	Сатып алу қызметі және қамту
29	Электр энергиясын тасымалдау және тарату	38	Қаржы-экономикалық көрсеткіштер
30	Жылу энергиясын тасымалдау және тарату	42	Корпорацияның даму стратегиясы
32	Процестерді автоматтандыру	42	2020 жылға дейінгі негізгі стратегиялық бағыттар
34	Өткізуші компаниялар қызметі		

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



44-55



66-99

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

67	Мүдделі тараптармен өзара қызмет
70	Ақпараттық саясат
72	Қоғамдық тыңдаулар
74	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
81	Экологиялық саясат
87	Тұрақты даму мақсатындағы корпоративтік оқиғалар
93	Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы
95	GRI элементтерінің индексі

45	Акционерлердің жалпы жиналысы	49	Атқарушы орган
45	Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары	50	Директорлар кеңесінің құрамы
46	Ұйымдық құрылым	52	Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің қорытындылары
46	Акционерлік капитал құрылымы	54	Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
47	Директорлар кеңесі	54	Көзқарастар қайшылығы
48	Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары	54	Сыртқы аудит
48	Іріктеу және тағайындау	55	Корпоративтік этика
48	Дивидендтер туралы ақпарат		



56-65

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

57	Ішкі бақылау және аудит
58	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
60	Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерді талдау
64	Ішкі бақылау стандарттары
65	Коррупцияға қарсы әрекет



100-109

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

106	Глоссарий
109	Байланыс

БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР!

Назарларыңызға «Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясының» 2019 жылғы есебін ұсынамыз.

Есептік кезеңде Корпорация бірқатар қиындықтарға ұшыраса, оның қатарында негізгі қорлар мен жабдықтардың тозуының жалғасуымен бірге Қазақстанда электр және жылу энергиясына қатысты тарифтік саясаттың өзгеруі болды.

2019 жылы энергия өндіруші ұйымдар республика Үкіметіне ағымдағы шекті тарифтер деңгейі жаппайтын шығындардың жоғары көлемін айта отырып, үндеу жасады. Қазақстан электр станцияларындағы бу турбиналарының жартысынан астамы жоспарлы пайдалану мерзімінен асып кеткенін ескерер болсақ, қуаттылықтар паркін жаңғырту қажеттігі туындайды, ал бұл айтарлықтай инвестиция құюды қажет етеді.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобының энергия өндіруші және энергия беруші нысандарын жаңарту жұмыстары мемлекеттік бағдарламалар мен шетелдік инвесторлардың қолдауы арқасында 2009 жылдан бері жүргізіліп келеді. 11 жылда инвестициялардың жалпы сомасы 216,1 млрд теңгені құрады. Бұл жылдардың бәрінде «ОАЭК» АҚ өндірістік активтерді жаңарту мен жаңғыртуға бөлінген капитал көлемі жөнінен Қазақстандағы электр энергетикасы саласында 3-орынға ие болып келеді.

2019 жылы энергия өндіруші нысандардың, электр тарату және жылу желілерінің үздіксіз жұмысын

қамтамасыз ету үшін Корпорация инвестициялық бағдарламалар шараларын орындауға 16,8 млрд теңге жұмсады. Жаңғырту жобаларын жүзеге асыруды жалғастыру үшін энергия өндіруші компаниялардың барлық шығындарын есепке алатын либералды тарифтік саясат қажет.

2019 жыл холдингінің 2016-2020 жылдарға арналған даму стратегиясын аяқтауға әкелетінін айта кеткен маңызды. Ал бұл стратегияның басты мақсаты – тұтынушыларға үздіксіз және сенімді қызмет көрсететін вертикалды түрде біріктірілген жеке энергетикалық компания құру болатын. Соңғы үш жылда Стратегияда айқындалған бағыттар аясында «ОАЭК» АҚ холдингінің Қазақстан электрэнергетикасы нарығындағы позициясын беріктендіру бойынша көп жұмыс жасалды. Есептік жылдағы қызмет, оның өндіріс, энергиямен қамту және өзге салалардағы мақсаттық көрсеткіштері Корпорацияның өз алдына қойған міндеттерін орындап отырғанын көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаға сәйкес, 2019 жылы апат пен істен шығып қалуды төмендету мақсатында шаралар атқарылып, энергия өндіру және беру кезінде энергоүнемді және энерготиімді технологиялар енгізілуде.

Қазіргі кезде Директорлар кеңесінің қызметі 2020 жылы коронавирус пандемиясына байланысты қалыптасқан экономикалық жағдай аясында жаңа Стратегия әзірлеуге бағытталған. Біз тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлемде барлық бизнес субъектілеріне қатысты айтарлықтай өзгерістерді бақылап отырмыз. Директорлар кеңесі мүшелері мен тәуелсіз директорлардың кәсіби тәжірибесі даму нүктелерін айқындап, тәуекелдер, қиындықтар және мүмкіндіктер ескерілген жаңа стратегиялық құжат әзірлеуге мүмкіндік береді.

2020 жылы Корпорация өзі қызмет атқаратын өңірлерде үздіксіз электр және жылумен қамту, сондай-ақ, тұтынушылардың өмір сапасын жақсарту мақсатында өндірістік активтерді жаңғырту бойынша бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастырады.

АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ КЛЕБАНОВ

«ОАЭК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздердің алдарыңызда – «ОАЭК» АҚ-ның 2019 жылғы есебі. Онда Корпорацияның тұрақты дамуын мақсат еткен жобаларды жүзеге асыру нәтижелері қамтылған.

Есептік жылда «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы стратегиялық даму жоспарына сәйкес өз қызметін жалғастырды: өндіріс сенімділігін арттыруға, кәсіпорындардың электр және жылу беруші активтерін жаңартуға, процестерді автоматтандыруға, өткізуші компаниялардың жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар орындалды. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерді кәсіби оқыту және әлеуметтік әріптестік бойынша жобалар жүзеге асырылды.

Инвестициялық бағдарлама 2019 жылы өткен жылмен салыстырғанда 1,9 млрд теңгеге, яғни 16,8 млрд теңгеге дейін азайғанын атап өту маңызды. Бұл тарифтердің төмендеуімен және саланың инвестициялық тартымдылығының кемуімен тікелей байланысты. Есептік жылда қаражат тек энергиямен қамту сенімділігін арттыратын және электр мен жылу желілеріндегі апатты болдырмайтын бірінші кезектегі жобаларға жұмсалды. Бұл ретте Корпорация бұрынғы жылдары негізгі жабдықтарды жаңалау және пайдалануға беру бойынша өз мойнына алған кредиттік міндеттемелерін орындауды жалғастырды.

2019 жылы Корпорация бөлімшелері бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 7 032,7 млн кВт-сағатты құрады. Жылдың ең маңызды жобаларының бірі Павлодар 3-ЖЭО-нда жалпыстанциялық коор-

динатор мен «ПРАНА» мониторинг жүйесін орнату болды. Бірінші жүйе қуат нарығының қызметі аясында электр қысымын алып жүруді оңтайландыру үшін енгізілсе, екінші жүйе №6 турбоагрегат іргетасының жағдайын бақылау үшін қажет. Петропавл 2-ЖЭО-нда №6 автотрансформаторын ауыстыру бойынша жұмыстар аяқталды. Шараларды орындауда жарақаттануды болдырмау мақсатында өндірістік қауіпсіздікке аса зор көңіл бөлінді. Сонымен бірге жұмыс атқару кезінде, қондырғылар, ғимараттар және автотранспорттар жағдайын қадағалауда қауіпсіздік техникасының орындалуын бақылау күшейтілді.

Электр тарату желілерінде көп жұмыстар атқарылды. Оның қатарында Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында тоғыз 10–220 кВ станциядағы қайта құру жұмыстарын айтуға болады. Жылу желілерін қайта құру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 2019 жылы шығындар 2018 жылмен салыстырғанда Павлодарда 1,1%-ға, Екібастұзда 1,6%-ға және Петропавлда 1,3%-ға төмендеді. Жалпы, Корпорация жылу және электр желілеріндегі шығындарды 2018 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 1,3%-ға - 28,6%-ға дейін және 0,3%-ға - 6,9%-ға дейін қысқартты.

2020 жылы біз жаңғырту бағдарламасын жалғастырамыз. Өйткені, қажетті деңгейде инвестиция бөлінбесе, өндірістік активтердің тозу деңгейі арта береді. Ал ол өз кезегінде тұтынушыларды энергиямен қамту жүйесінде болатын апаттар мен ақаулардың санын көбейтеді. Қазақстанның өзге энергетикалық компанияларымен қатар «ОАЭК» компаниялар тобы да стратегиялық маңызы зор электр энергетикасы секторын одан әрі дамыту мақсатында мемлекеттік органдармен бірге жұмыс топтарына белсенді қатысады. Бірлескен жұмыстың арқасында 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында электр энергиясына жаңа шекті тарифтер қабылданып, энергетикалық компаниялардың нақты бекітілген табысын анықтаудың жаңа әдістемесі бекітілді. Бұл өте маңызды. Себебі, аталған өзгерістер ел тұрғындары мен кәсіпорындарын тұрақты түрде энергиямен қамту үшін энергетикалық қондырғыларды қайта құру және жаңғырту саласына болашақта тартылатын инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде өңірлердің экономикалық өсіміне оң жағдай жасайды.

СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ КАН

«ОАЭК» АҚ бас директоры

ОАЭК БҮГІНДЕ

Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы («ОАЭК» АҚ) – Қазақстанның электр және жылу энергетикасы саласындағы вертикалды түрде біріктірілген ірі жеке холдинг болып табылады. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлерде монополиялық мәртебеге ие (үлесі 80% - 100% арасы).

«ОАЭК» АҚ активтері елдің солтүстік өңірлерінде: Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобына «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВ-КАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ және «Астанаэнергосбыт» ЖШС кіреді.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады. Холдинг саясаты өзі қызмет ететін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға бағытталған.

10 553 адам
Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны (31.12.2019)

> 2 млн
ТҰТЫНУШЫ
туыстықты есепке алғанда

7%
Корпорацияның 2019 жылғы электр энергиясын өндіру нарығындағы үлесі

2 981 Гкал/с
орнатылған жылу қуаты

1 218 МВт
орнатылған электр қуаты

2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ

7 033 млн
кВт·с
электр энергиясы

6 371 мың
Гкал
жылу энергиясы

АКТИВТЕР

30 млрд
теңге
айналымды активтер

289 млрд
теңге
айналымнан тыс активтер

16,8 млрд
теңге
инвестициялар көлемі

ҚАРЖЫ

137 195 млн
теңге
өткізу көлемі

(5 044) млн
теңге
таза пайда

(5 078) млн
теңге
бір жылғы жиынтық табыс

КОРПОРАЦИЯ РЕЙТИНГІ

Fitch Ratings

20 004 млн
теңге
EBITDA

2019 жылғы 7 наурызда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ОАЭК» және оның ЕҰ-дарына «В-» деңгейінде рейтинг берді, болжам – «Тұрақты».

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

Forbes Kazakhstan журналының нұсқасы бойынша «ОАЭК» АҚ ЕҮ-дары – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қазақстан Республикасының 50 ірі жеке компанияларының рейтингіне енді. Өткен рейтингпен салыстырғанда екі кәсіпорын да позицияларын жақсартқан.



АҚПАН

«ОАЭК» АҚ акционерлер құрамының өзгеруіне байланысты Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы жаңарды.

«Павлодар ЭТК» АҚ өз қызметінің 55 жылдығын атап өтті.

НАУРЫЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Александр Клебановпен кездесуі болып, Елбасы онда электр, жылу энергиясын өндіру нарығын дамыту және ел өңірлерін электрмен қамту қауіпсіздігі мәселелеріне тоқталды.



Fitch Ratings «ОАЭК» АҚ және оның 100 пайыздық ЕҮ – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на эмитенттің шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингін (ЭРД) «В-» деңгейінде берді. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты». «ОАЭК» АҚ басым қамтамасыз етілмеген қарыз рейтингі – "CCC"/"RR6"/0%.

СӘУІР

25 сәуірде «ОАЭК» АҚ өндірістік-техникалық департаменті ЕҮ кәсіпорындарына электрді есепсіз және келісімшартсыз тұтыну жағдайларын анықтау бойынша бірлескен семинар өткізді. Шара аясында мамандар электр энергиясын жымқыруды болдырмау тәсілдерімен алмасты.

16-18 сәуір аралығында «Ақмола ЭҮК» АҚ базасында «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша алтыншы өзара аудиті өтті.


«Жас шаңырақ» жобасы бойынша Павлодар қаласы әкімдігі мен өңірдің ірі кәсіпорындары арасында меморандумға қол қойылса, бұл тізімде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ да болды. Меморандумға Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауына сәйкес қол қойылды.



«Ақмола ЭҮК» АҚ «SmartAqkol» бірінші когнитивті қала жобасын жүзеге асыру аясында 6 мыңға жуық есептегішті электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесіне (ЭКЕАЖ) біріккен есеп құралдарына алмастырды.

МАМЫР

«Эксперт РА Қазақстан» агенттігі мен «Курсив» іскери апталығының нұсқасы бойынша «ОАЭК» АҚ Қазақстан ірі компанияларының ашықтығының бірінші рейтингінде үздік ондыққа енді.



МАУСЫМ

Ақмола облысында тарату желілерін пайдалану бойынша жедел жөндеу қызметкерлерінің кәсіби шеберлік сайысында жеңімпаздар анықталды. Оған «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының Нұр-Сұлтан, Петропавл және Павлодар қалаларындағы мамандары қатысты.



ШІЛДЕ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда электр энергетикалық кешен нысандарын цифрландыру аясында кәсіпорында орнатылған SCADA жүйесінің таныстырылымы өтті.



ҚЫРКҮЙЕК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ командасы Петропавл қаласы еңбек ұжымдары арасында өткен «Қызыл-жар-2019» III спартакиадасында 1 орынды иеленді.



3-5 қыркүйек аралығында Павлодар қаласында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕҮ және құрылымдық бөлімшелері аумағында «ОАЭК» АҚ-ның қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология бойынша жетінші өзара аудиті өтті.

ҚАРАША

«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы «Парыз-2019» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауының облыстық кезеңінде «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» аталымында жеңімпаз атанды.



ЖЕЛТОҚСАН

Алматыда «Жылдық есептер және корпоративтік басқару» конференциясында марапаттау рәсімі өтіп, «ОАЭК» АҚ «Қазақстандық жеке компанияның үздік жылдық есебі» аталымында жеңімпаз атанды.



ЕСЕПТІК ДАТАДАН КЕЙІНГІ ОҚИҒА: COVID-19-БЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

2020 жылы коронавирустық инфекция (COVID-19) пандемиясы бүкіл әлемде шарықтап дамуда, оның ішінде Қазақстан да бар. Пандемия ықпалымен жаһандық тауар айналымы бұзылып, ұлттық экономикалар құлдырады, қатаң карантиндік және шектеу шаралары енгізілді. Корпорация COVID-19-дың тұрақты дамуға ықпалын мойындай отыра әрбір қызметкердің өмірі мен денсаулығын қорғауға, сондай-ақ, тұтынушыларды электр энергиясымен сенімді және үздіксіз қамтамасыз етіп, Холдингтің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қажетті шараларды қабылдады.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Холдингінің бизнес-моделі бизнестің жоғары тұрақтылығы мен тәуекелдер диверсификациясын қамтамасыз ету мақсатында вертикалды бірігу принципіне негізделген.

КАПИТАЛ

ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ
46,043 млрд теңге
жарғылық капитал

136,342 млрд теңге
өзіндік капитал

319,211 млрд теңге
активтер

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ
4 ЖЭО **983,9** км жылу желілері

49,2 мың км электр желілері

4 өткізуші компания

ТАБИҒИ КАПИТАЛ
Өндірістік қызметі аясында Корпорация түрлі отынды (мазут және көмір), су ресурстары мен электр энергиясын, сондай-ақ, әуе бассейні ресурстарын пайдаланады.



АДАМ КАПИТАЛЫ

10 553 жұмысшы

32,4% жоғары білімді

956 адам кадрлық резерв

16,9% кадр тұрақсыздығы

кәсіподақтағы жұмысшылар үлесі
49%

PROFENERGY аясында жас мамандарды қолдау бағдарламасы



ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ

Ендірілген Ellipse, Mobility, ЭКЕАЖ, ЖКЕАЖ, «Тезис» ӨТП АБЖ, биллинг, қазандық және турбоагрегаттардың ТП АБЖ, Инфопро жүйелері



ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ

Корпорация өзі қызмет ететін өңірлерде қоғамдастықтармен сенімді әріптестік орнатып, ірі жұмыс беруші және өнеркәсіптік сектордың маңызды қатысушысы ретінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосады.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ





Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ӨНДІРУ

холдингінің 4 ЖЭО-нда жылу және электр энергиясын өндіру

Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

энергияны өндіріс орындарынан тұтыну орындарына тасымалдау электр желілері арқылы жүзеге асырылады. Олардың құрамына электр беру желілері және тарату құрылғылары кіреді



Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ӨТКІЗУ

тұтынушыларға электр және жылу энергиясын сату қызметі

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- Энергия жабдықтарын жаңғырту
- Жылу және электр желілерін қайта құру
- Процестерді автоматтандыру



2019 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

ТҰТЫНУШЫЛАР

7 033 млн кВт·с
Электр энергиясын өндіру

6 371 мың Гкал
Жылу энергиясын өндіру

91 000
тұтынушы ЭКЕАЖ-бен жабдықталған

> 3 000-нан
астам жылу есептеу құралы орнатылған

[толығырақ 27-бетте](#)

ЖҰМЫСШЫЛАР

8 628
оқудан өткен жұмысшылар саны (барлығының 81,8%-ы)

2,8 млрд теңге
ҚЖЕҚ және еңбек жағдайларын жақсарту шаралары

[толығырақ 74-бетте](#)

МЕМЛЕКЕТ

15 527 млн теңге
Төленген салықтар

Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспарын жүзеге асыру

ҚЫЗМЕТ ЕТУ ӨҢІРЛЕРІ

Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспарын орындау

16,8 млрд теңге
Өндірістік қорды жаңғыртуға инвестиция

5 259,676 млн теңге
қоршаған ортаны қорғау шығындары

Қалыптасқан қалдықтар
3,5 мың тоннаға төмендеді

[толығырақ 87-бетте](#)

ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ



МИССИЯ

Тұтынушылардың өмір сапасын арттыру және қызмет ететін өңірлердің экономикалық дамуына тұрғындарға, өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына энергиямен қамту бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы жағдай жасау.

Корпорация аталған миссияны өз қызметін халықаралық өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала бойынша стандарттарына сай жүргізу арқылы жүзеге асырады. Тиімділіктің негізін Корпорация қызметкерлері құрайды, олардың құндылығы – жоғары кәсібилігінде, командамен жұмыс жасай білуінде және нәтижеге қол жеткізе алуға ұмтылысында жатыр.



КӨРІНІС

«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында. Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады. Корпорация жеке бөлімшелердің (кәсіпорын топтарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Корпорация қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.



ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Құндылықтарды ұстану корпоративтік мәдениетті сақтап, дамытуға мүмкіндік береді. Корпорация құндылықтарды іскери қызметтің, оның ішінде іскерлік серіктестермен өзара қызметтің барлық бөліктерін байланыстырушы ретінде қарастырады.

- Қызметкерлердің жеке құқықтары мен көзқарастарына, тұтынушылардың талаптарына және біздің серіктестер мен қоғам алға тартатын әріптестік шарттарына **ҚҰРМЕТ**.
- Қол жеткізген нәтижелерге лайықты еңбекақы беретін және кәсіби дамуға тең құқықтар беретін **ӘДІЛДІК**.
- Біздің жұмысымызға қажетті ақпаратты беру саласындағы **АДАЛДЫҚ**.
- Біздің барлық жұмысымыздағы мүмкін нәтижелерге тұрақты қол жеткізуге негіз болатын **ТИІМДІЛІК**.
- Өз шешімдерінің салдарына жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін **ЕРЛІК**.
- Адамдарды кез-келген зиян мен денсаулығына төнетін қауіптерден қорғауға және қоршаған ортаны сақтауға негіз болатын **ҚАМҚОРЛЫҚ**.
- Шешім қабылдауға және оған жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін қызметкерлерге деген **СЕНІМ**.



ТАРИХЫ

2008

«ОАЭК» АҚ 2008 жылы құрылған. Компанияның құрылу уақытында ол «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС-н біріктірді. Оның тіркеу уақытындағы жалғыз құрылтайшысы – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ.



2009

жылы инвесторлар қатарына «ОАЭК» АҚ-ның 24,99% акциясын сатып алған Еуропалық қайта құру және даму банкі кірді.



2011

жылы «ОАЭК» АҚ акционерлерінің қатарына Ислам инфрақұрылым қоры (Kaz Holdings Cooperatief U.A, Амстердам) 12,89% акция сатып алу арқылы қосылды.

2014

жылы «ОАЭК» АҚ «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ акцияларының 100% пакетін шоғырландырды.

2015

«ОАЭК» АҚ акционерлерінің қатарына өзінің еншілес қорлары – KIF ENERGY S.A R.L, «Baiterek Venture Fund» АҚ, CITIC KAZYNA Investment Fund ENERGY S.A.R.L атынан «Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ қосылды.

Павлодар облысы энергожүйесін басқарудың жаңа Орталық диспетчерлік пункті пайдалануға беріліп, Павлодар қаласында Мәліметтерді өңдеу орталығы ашылды.

2017

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен топ-менеджментті жоспарлы ротациялау аясында «ОАЭК» АҚ Президенті лауазымына Кан Сергей Владимирович тағайындалды.



2018

жылы «ОАЭК» акционерлері құрамынан Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Ислам инфрақұрылымдық қоры жоспарлы түрде шықты.


«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамында жаңа кәсіпорын – «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС құрылды.

2019

жылы «ОАЭК» АҚ акционерлер құрамының өзгеруіне байланысты Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы жаңарды.



ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

ЖЭО	Орнатылған электр қуаты, МВт	Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с	2009 жылдан бері қондырғылардың жаңартылуы, %	Салынған жыл
Павлодар 3-ЖЭО	555	1 154	91,0	1972
Павлодар 2-ЖЭО	110	332	—	1961
Екібастұз ЖЭО	12	782	100,0	1956
Петропавл 2-ЖЭО	541	713	49,7	1961

Шағын станциялардың типі бойынша саны

Шағын станциялар типі	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	4	—	2
110 кВ	74	37	50
35 кВ	102	121	193
6-10 кВ	3 570	2 218	3 319

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	13,7	84,84	—
110 кВ	2 798,3	1 327,14	2 505,685
35 кВ	2 398,9	2 849,43	5 176,088
6-10 кВ	5 723,0	4 443,93	7 290,204
0,4 кВ	4 418,7	4 410,72	5 769,711

Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Павлодар жылу желілері» ЖШС	411,45
«Екібастұз жылу энергосбыт» ЖШС Екібастұз жылу желілері	342,3
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	230,177
Барлығы:	983,927

Тұтынушылар саны

ЕҰ	электр энергиясы	жылу энергиясы
"Севказэнергосбыт" ЖШС	164 112	74 139
"Павлодарэнергосбыт" ЖШС	225 664	169 883
"АЭҮК-Энергосбыт" ЖШС	124 037	0
"Астанаэнергосбыт" ЖШС	306 282	289 760
Барлығы:	820 095	533 782

"ОАЭК" АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамы:

ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

541 МВт
орнатылған электр қуаты

713 Гкал/с
орнатылған жылу қуаты



«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Шағын станциялардың типі бойынша саны

Шағын станциялардың типтері	Солтүстік Қазақстан ЭТК
220 кВ	—
110 кВ	37
35 кВ	121
6-10 кВ	2 228

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	Солтүстік Қазақстан ЭТК
220 кВ	84,84
110 кВ	1 327,14
35 кВ	2 849,43
6-10 кВ	4 449,15
0,4 кВ	4 406,37

«СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

164 112

электр энергиясы бойынша тұтынушылар саны

74 139

жылу энергиясы бойынша тұтынушылар саны

«ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

230,177 км

жылу желілерінің ұзындығы



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысы және Павлодар қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

555 МВт
орнатылған
электр қуаты

1 154 Гкал/с
орнатылған
жылу қуаты

ПАВЛОДАР 2-ЖЭО

110 МВт
орнатылған
электр қуаты

322 Гкал/с
орнатылған
жылу қуаты

91 %
2009 жылдан бері
қондырғылардың
жаңалануы

ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО

12 МВт
орнатылған
электр қуаты

782 Гкал/с
орнатылған
жылу қуаты

«ЕКІБАСТҰЗЖЫЛУЭНЕР-
ГО» ЖШС (Екібастұз ЖЭО
және Екібастұз қаласының жылу
желілері)

342,3 км
жылу желілерінің
ұзындығы

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізіледі.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамы:

«ПАВЛОДАР ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

411,45 км

жылу желілерінің
ұзындығы

«ПАВЛОДАР ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Шағын станциялардың типі бойынша саны

Шағын станциялардың типтері	Павлодар ЭТК
220 кВ	4
110 кВ	74
35 кВ	102
6-10 кВ	3 570

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	Павлодар ЭТК
220 кВ	13,7
110 кВ	2 798,3
35 кВ	2 398,9
6-10 кВ	5 723,0
0,4 кВ	4 418,7

ПАВЛОДАРЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

225 664

электр энергиясы
бойынша тұтынушылар саны

169 883

жылу энергиясы
бойынша тұтынушылар саны



«АҚМОЛА ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ҮЛЕСТІРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«АЭҮК» («Ақмола ЭҮК») акционерлік қоғамы – Ақмола облысы мен Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларына электр энергиясын беру және тарату қызметін жүзеге асыратын электр желілік компания болып табылады.

«АЭҮК» АҚ еншілес кәсіпорны – «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС Ақмола облысы тұтынушыларын қамту мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

«АЭҮК» АҚ құрамы:

«АЭҮК-ЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

Шағын станциялардың типі бойынша саны


Шағын станциялардың типтері	Ақмола ЭТК
220 кВ	2
110 кВ	50
35 кВ	193
6-10 кВ	3 319

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	Ақмола ЭҮК
220 кВ	–
110 кВ	2 505,685
35 кВ	5 176,088
6-10 кВ	7 290,204
0,4 кВ	5 769,711

124 037

электр энергиясы
бойынша тұтынушылар саны



«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

Компанияның негізгі қызмет түрі – Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларын жылу және электр энергиясымен жабдықтау болып табылады. Тұтынушыларға қолайлы болуы үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нде төлем қабылдайтын 8 пункт және Байланыс орталығы

жұмыс жасайды. Байланыс орталығы қызметіне электр энергиясы және ыстық сумен қамту есеп құралдарының көрсеткіштерін қабылдау және энергиямен қамтуға қатысты мәселелер бойынша ақпарат беру кіреді.

306 282

электр энергиясы
бойынша тұтынушылар саны

289 760

жылу энергиясы
бойынша тұтынушылар саны

НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ



ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШОЛУ

Қазақстан экономикасы 2019 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқынының айтарлықтай бәсеңдеу жағдайында дамыды. Қазақстандық экономика өсімінің негізгі драйверлері құрылыс, сауда және транспорт болды. Қазақстан ЖІӨ 2019 жылы 4,5%-ға өссе, бұл көп жағдайда тұтынушылық сұранысқа, сондай-ақ, бірінші кезекте тау-металлургия өнеркәсібіне салынған инвестицияларға байланысты болды. Шынайы табыстардың өсімі, әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету және бөлшек несиелеуді арттыру бөлшек тауар айналымын 5,8%-ға көбейтті. 2019 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 8,5%-ға артса, ЖІӨ өсіміндегі өнеркәсіптің үлесі шектеулі мұнай өндірісі мен сыртқы нарықтағы металға деген әлсіз сұранысқа байланысты төмен болды.

Жалпы ішкі өнім динамикасы
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



ӨНЕРКӘСІП

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2019 жылы 3,8%-ға өсті. Тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 3,7% болса, мұнай өндіруде 0,2%, металл өндіруде 15,8% болды. 2019 жылы мұнай өндіру ірі жобаларда жөндеу жұмыстарын жүргізу және мұнай котировкаларының төмендеуіне байланысты өскен жоқ. Metallургиядағы жағдай бірінші кезекте түсті металлургиядағы ірі жобалардың жобалық қуатына шығуы арқасында жақсырақ болды.

Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс 4,4%-ға өсті. Азық-түлік пен сусындар өндірісі (10,2%), мұнай өңдеу өнімдері (6,6%), негізгі түсті металдар (6,8%) және машина жасау (20,9%) өсті.

Электрмен қамтуда, газ беруде және әуе кондиционерінде өнеркәсіптік өндірістің индексі 101,3%-ды құрады. Өсімді негізінен электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемінің 4,6%-ға артуы қамтамасыз етті.

Өнеркәсіптегі және жалпы электр энергетикасындағы өндіріс динамикасы
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



ЖІӨ
4,5%

Қазақстандық экономика өсімінің негізгі драйверлері құрылыс, сауда және транспорт болды. Қазақстан ЖІӨ 2019 жылы 4,5%-ға өссе, бұл көп жағдайда тұтынушылық сұранысқа, сондай-ақ, бірінші кезекте тау-металлургия өнеркәсібіне салынған инвестицияларға байланысты болды.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2019 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция өсімі 8,5%, өнеркәсіпке салынған инвестиция өсімі 15%-ды құрады, бұл ретте оның 61%-ы мұнай мен газ өндіруге тиесілі. Электр энергетикасы саласында саланы тарифтік реттеудің өзгеруі мен инвесторлардың кетуімен байланысты инвестиция көлемінің азаюы байқалды.

Негізгі капиталға салынған инвестиция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



ИНФЛЯЦИЯ

Тұтынушылық құнның индексі 2019 жылы 5,4%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының қымбаттауы мен теңгенің құнсыздануы инфляцияға қысым көрсетуші негізгі факторлар болды. Жыл ішінде тұрғын үй қызметтері 2,7%-ға төмендесе, оның ішінде электр энергиясының бөлшек құны 4,3%-ға құлады.

ҚР-дағы инфляция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



БОЛЖАМ

Дүниежүзілік банк сәуірдегі болжамда әлемдік нарықты шикізат тауарларына сұраныстың төмендеуі, қазақстандық экспортқа қысым және енгізілген карантин және COVID-19-бен күрес жағдайында ішкі сұраныс пен инвестицияның қысқаруына байланысты Қазақстан экономикасы 2020 жылы 0,8%-ға төмендейді деп күтіп отыр.

ҚАЗАҚСТАН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ

Электр энергетикасы экономика мен ел дамуында үлкен роль ойнайды. Азаматтардың денсаулығы мен жайлылығы, әлеуметтік тұрақтылық, кәсіпкерлік және өнеркәсіптік белсенділік электр энергетикасы саласындағы тұрақтылыққа тікелей тәуелді. Ол, сондай-ақ, Қазақстанда 150 мыңға жуық адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. Алайда бүгінде электр энергетикасы өзінің ауқымдылығы мен экономикалық маңызына қарамастан, кәсіпкерлік тартымдылығын жойып, негізгі әлеуметтік функциясын орындауда.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда электр қуатының жаңа

энергетикалық нарығы енгізілді: электр энергиясының бұрынғы бірыңғай нарығы екі сегментке – электр энергиясы және электр қуатына бөлінді.

Электр энергиясын өткізу механизмі бұрынғыша қалды. Өндіріс компаниялары электр энергиясын не екі жақты шарттар негізінде, не «ЭҚНҚО» АҚ биржасында орталықтандырылған сауда арқылы өткізеді.

Бұл ретте қуат нарығы құрылып, электр қуатын орталықтандырылған сату мен сатып алу «ЖЭК қолдау жөніндегі есеп-қаржылық орта-

лығы» ЖШС арқылы жүзеге асырылады. Бірегей сатып алушы жыл сайын бекітілетін баланс аясында энергия қуатының болжамды дефицитін жабу үшін электр қуатын сатуға жеті жылдық кезеңге шарт жасайды. Қуат сату кезінде өндіріс компанияларында олардың қондырғыларын қажетті техникалық жағдайда және электр энергиясын өндіруге ұдайы дайындықта ұстап тұру міндеттері пайда болады.

Өзгерістер электр энергетикасы саласын рентабельді емес етіп, оның инвестициялық тартымдылығын төмендетеді.

ӨНДІРІС

Қазақстанның энергетикалық секторы 3 аумаққа – Солтүстік, Оңтүстік және Батыс аумақтарға бөлінеді. ҚР-нда электр энергиясын өндіру және тұтыну бойынша Солтүстік аумақ лидер саналады. 2019 жыл қорытындысы бойынша электр энергиясының 77%-ы осы аумақта өндіріліп, 67%-ы тұтынылған. Аумақта басқа өңірлерге жіберу үшін артық энергия қалыптасады.

KEGOC жүйелік операторының мәліметінше 2019 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру көлемі 106 млрд кВт-с-ты құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 0,7% немесе 767,3 млн кВт-с-қа төмендеген. 1,2% немесе 1 млрд кВт-с-қа төмендеу Солтүстік аумақта байқалса, Оңтүстік өңір (1,7% немесе 186,9 млн кВт-с-қа) мен Батыс өңірде (0,5% немесе 63,6 млн кВт-с-қа) өндіріс өскен.

ГЭС-терде электр энергиясы өндірісі айтарлықтай (2018 жылмен салыстырғанда 358,1 млн кВт-с не 3,5%-ға) төмендесе, ЖЭС-те төмендеу 840,1 млн кВт-с (1,0%), МЖЭС-те 143,7 млн кВт-с (1,6%) болды. КЭС, ЖелЭС және БГҚ өндірісі 574,6 млн кВт-с-қа артты (екі еседен астам). Нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерін қолданатын станциялар өндірісі жалпы өндіріс құрылымының 1%-ына жетті.

Қазақстандағы ірі энергетикалық компания «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады. Оның 2019 жылғы электр энергия өндірісіндегі үлесі 28,5% болса, кейінгі орында 17,5% үлеспен ERG тобы тұр. ОАЭК компаниялар тобының үлесі өткен жыл қорытындысы бойынша 6,6%-ды құрап, 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.


ҚР электр энергия өндірісі және кері ағын сальдосы, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC, «Самұрық-Энерго» АҚ




2019 жылы аумақтар бойынша электр энергиясын өндіру, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC



Елдің ірі энергия өндіруші кәсіпорындарында электр энергиясын өндіру, млрд кВт-с

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ



Өндіріс типтері бойынша электр энергия өндірісі, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC

Өндіріс типі	2017	2018	2019	Өзгеріс	2019 жылғы үлесі
ЖЭС	82,42	86,80	85,96	-1 %	81 %
МЖЭС	8,37	10,30	9,98	-3 %	9 %
ГЭС	11,16	9,10	8,98	-1 %	8 %
СЭС, ЖелЭС және БГҚ	0,34	0,50	1,11	122 %	1 %

ТҰТЫНУ


ҚР-да электр энергиясын тұтыну 2019 жылы 1,96 млрд кВт-сқа артып, 105,19 млрд кВт-с болды. Электр энергиясын тұтыну бойынша ең негізгі өсім солтүстік аумақта байқалды – 1,197 млрд кВт-с (1,8%). Оңтүстік аумақта өсім 0,74 млрд кВт-с (3,4%) болса, Батыс аумақта – 0,027 млрд кВт-с (0,2%).

Электр энергиясын тұтыну өсімі барлық дерлік ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда байқалды. Мәселен, «УКТМК» АҚ тұтынуды 192,2 млн кВт-сқа (28,3%-ға), «Kazakhmys Smelting» ЖШС 153,7 млн кВт-сқа (15,0%-ға), «Қазцинк» ЖШС 143,8 млн кВт-сқа (5,3%-ға) арттырды.


Электр энергиясын тұтыну өсімінің жоғарғы шегі Қарағанды (671,8 млн кВт-с не 3,9%-ға) және Алматы (364,2 млн кВт-с не 3,3%-ға) облыстарында байқалды.

2019 жылы электр энергиясы өндірісі тұтынадан 836,7 млн кВт-сқа артық болды.

ҚР-да электр энергиясын тұтыну, млрд кВт-с
Дереккөз: KEGOC



Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВт-с
Дереккөз: KEGOC



САЛЬДО-КЕРІ АҒЫН

2019 жылы Ресей Федерациясынан электр энергиясының сальдо-кері ағыны 133,5 млн кВт-с құрады. Орталық Азияға сальдо-кері ағын – 908 млн кВт-с. Қорытындысында таза экспорт 774,6 млн кВт-сқа жетті (2018 жылы 3 568,8 млн кВт-с).

ҚУАТТАР

Қазақстанда электр энергиясын 155 электр станциясы өндіреді. Олардың 2020 жылғы 1 қаңтардағы орнатылған қуаты 22 936,0 МВт болды. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 1 034,0 МВт-қа артық. ЖЭС қуаттарының өсімі 453,0

МВт болды. Күн электр станцияларының қуаты 450,2 МВт-қа артса, жел станцияларының 100,4 МВт-қа, гидроэлектр станцияларының 29,0 МВт-қа артты.

2019 жылы иеліктегі қуат 434,0 МВт-тан 19 329,0 МВт-қа өсті. Жылдық қысымның жоғарғы шегі 15 182,0 МВт-ты құрады. 2018 жылмен салыстырғанда жылдық максимум 359,0 МВт немесе 2,4%-ға өсті.

ТАРИФТІК РЕТТЕУ

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап «шекті тарифтер» саясаты салаға инвестиция тартуға ықпал етуі

тиіс Электр қуаты нарығы механизмімен алмастырылды.

Қолданыстағы электр энергиясы тарифі екі бөлікке бөлінген:

- электр энергиясы тарифі – электр энергиясын өндіру шығынын өтейтін ауыспалы бөлік;
- қуат тарифі – қолданыстағы электр қуаттарын жаңарту, жаңғырту, қайта құру, кеңейтуге және жаңаларын салуға салынған инвестицияның қайтарылымдылығын қамтамасыз ететін тұрақты бөлік.

Қазақстан электр станцияларының орнатылған және иеліктегі қуаты, МВт (2019/2020 жж 01 қаңтардағы жағдай)

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ

Электр станциялары	Орнатылған қуат			Иеліктегі қуат		
	2019	2020	Өсім	2019	2020	Өсім
Барлығы	21 902,0	22 936,0	1034,0	18 895,0	19 329,0	434,0
ЖЭС	17 134,0	17 389,0	255,0	15 513,0	15 594,0	81,0
МЖЭС	1 802,0	1 999,0	197,0	1 520,0	1 662,0	142,0
СЭС	146,8	597,0	450,2	125,4	364,0	238,6
ЖелЭС	181,6	282,0	100,4	114,5	149,0	34,5
ГЭС	2 636,7	2 666,0	29,3	1 622,1	1 558,0	-64,1
Биогазды құрылғы (БГҚ)	1,1	1,06	0,04	0,6	0,5	-0,1

Қолданыстағы барлық станцияларға электр қуаттарының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметке бір шекті тариф бекітіледі, сондай-ақ, барлық қуатқа не оның белгілі бір бөлігіне жеке инвестициялық келісім жасауға және жеке тариф алуға мүмкіндік беріледі.

Тұтынушыға ғана бағытталған тарифтік саясат көп жыл бойы электр энергетикасы саласының тауарлары мен қызметтері құнын әлеуметтік маңызды деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік берді. Соңғы жылдардағы жаңаша реттеу электр энергетикалық компаниялардың жалпы рентабельділігі 2019 жылдан бастап 0%-ға дейін төмендеуіне әкелді.


Тұтынушылар мүддесі мен энергетика саласының қажеттіліктері арасындағы теңгерімнің бұзылуы асқан алаңдаушылық туғызып, электр энергетикасы саласы жағдайының нашарлауын күтуге мәжбүрлейді.

2018 жылғы қарашада ҚР Энергетика министрлігі барлық өңірде

және барлық энергокомпанияларда электр энергиясы тарифін жаппай төмендету туралы күмәнді шешім қабылдады. Кей жағдайларда мұндай төмендеу 25%-ға жетті.

Сондай-ақ, негізсіз және түсіндірмесіз қабылданған ҚР Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен тариф есебінен энергия өндіруші рентабельділігінің 12%-дық нормасы алынып тасталды. Бұл 2019 жыл басынан электр өндірісінің нөлдік рентабельділігіне әкелді. Сөйтіп, инвесторлардың жаппай кетуіне мәжбүр етіп, өтімділік дефицитін орнатты.

Аталған норма электр энергиясы тарифінің келесі негізгі құрамдас бөліктері бағасының қымбаттауы фондына енгізілді: отын, теміржол тасымалы, теміржол қозғалмалы құрамының құны, «KEGOC» АҚ желісі бойынша электр энергиясының транзиті, жаңартылатын энергия көздерін қолдау шығындары. Бұдан бөлек, компаниялар жұмысшыларының еңбекақысына индексация жасауға мәжбүр болды.



2018 жылғы қарашада ҚР Энергетика министрлігі барлық өңірде және барлық энергокомпанияларда электр энергиясы тарифін жаппай төмендету туралы күмәнді шешім қабылдады. Кей жағдайларда мұндай төмендеу 25%-ға жетті.

Ағымдағы тарифте қамтылмаған барлық шығындарды энергия өндірушілер барлық кезең бойында банктен қаржыландыру алу арқылы және жеке акционерлер қаражаты есебінен өтеді.

Атап өту керек, өтімділік дефициті нәтижесінде инвестициялық бағдарламалардың қысқаруы не орындалмауы қондырғылардың тым тозуына, энергия өндірісі көлемінің азаюына, нысандардағы апаттардың артуына, сондай-ақ, олардың жойылу мерзімінің артуына әкеледі. Энергетикалық компаниялардың көпшілігі энергия өндіру мен ағымдағы тарифтік саясатқа қажет шығындар дисбалансын өтеу үшін банктен кредит тарту бойынша өз мүмкіндіктерін тауысқан.

Мемлекет тарапынан қаржылық қолдау болмаса, энергетикалық кәсіпорындардың банкрот болуы және олардың халықаралық және ресейлік банктен берілуі әбден мүмкін. Ал бұл Қазақстан үшін энергияны өндіру, тасымалдау және өткізу бойынша стратегиялық тәуекелдер тудырады.

Одан бөлек, өндірістік активтердің моральды және техникалық тозу көрсеткіштері қазірдің өзінде шұғыл шараларды қабылдау қажеттілігін тудырады.

Энергиямен қамсыздандыру саласы өндіріс, беру, тұтыну процестерінің бірлігі спецификасына ие және оны сақтау мүмкіндігінің жоқтығымен ерекшеленеді. Тиісінше, қондырғының істен шығуы жақын маңдағы елдерден қымбат энергияны импорттау қажеттілігін туындатады. Бұл елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қауіп төндіреді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14 облыс пен 3 республикалық маңыза ие қалада 26 ТЭК қызмет етеді. Олардың балансында 0,4–220 кВ желілері мен 150-ге жуық шағын энергия беруші ұйымдар бар.

Бұл компаниялардың меншік формасы әртүрлі. ҚР электр желілерінің физикалық тозуы 70%, ал электр желілеріндегі шығындары 18%-ға жетеді.

220–500 кВ жүйеқұраушы желілерінің ролін Қазақстан ұлттық электр желісі орындайды. Ол мемлекетаралық және өңіраралық электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді және негізгі электр станциялары мен қысым түйіндерін біріктіреді, Қазақстан БЭЖ-нің көршілес елдермен параллель жұмысын қамтамасыз етеді. Қазақстан ҰЭЖ электр желілері «KEGOC» АҚ басқаруында болса, ол қосымша жүйелік оператор функциясына ие.

Бірқатар 220 кВ магистральдық ЭБЖ-нің ірі өнеркәсіптік топтар мен ЭТК құрамында болуы жүйеаралық ЭБЖ толық мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік бермейді және шығынды төмендету үшін БЭЖ жұмысы режимдерін оңтайландырумен байланысты мәселелерді шешуде қиындық тудырады.

ЭТК желілеріндегі басты мәселелер:

- негізгі қорлардың жоғары тозу деңгейі;
- өңірді дамыту жоспарларының және олармен байланысты өңірлік электр желілерін дамыту жоспарларының болмауы (бірыңғай техникалық саясаттың болмауы);
- Шаруашылықтық емес желілер және мемлекеттік немесе жеке қаржыландыру аясында салынған желілер;
- ЭТК желілеріндегі электр энергиясы шығындарының жоғары мөлшері (18%-ға дейін), республика бойынша шығындардың орташа деңгейі 14%;
- Электрмен жабдықтаудың төмен сенімділігі және электр энергиясы сапасын қамтамасыз ету;
- ЭТК жылжымайтын мүлкін, негізгі қорларын тіркеу;
- Жаңа тұтынушыларды қосу бойынша ҰЭМ АҰП мен ҚР ЭМ арасында келіспеушіліктердің болуы;

- Электр энергиясын автоматтандырылған есептеу құралдарына ҚР бірыңғай стандартының талаптарының болмауы;
- Бір облыс шегінде бірнеше ЭТК және көптеген энергия беруші ұйымдардың (Қарағанды облысында 40-қа жуық) болуы;
- Инвестициялық тартымдылықтың болмауына байланысты ЭТК меншік иелерінде негізгі қорларды жаңартуға, ЭКЕАЖ (коммерциялық шығындар) енгізуге мүдделіліктің болмауы;
- Электр энергетикасы нысандары құрылысын жергілікті атқарушы органдар арқылы жүзеге асыруда қаржыландыруға байланысты негізсіз техникалық шешімдер (жүктемесі толық емес ШС салу (ШС 110 кВ, Шымбұлақ), 20 кВ қысымды енгізу (Нұр-Сұлтан қаласы) және тағы басқа);
- МЖӘ аясында қаржыландыру қосымша беруші желілік компаниялардың артуына әкеледі (Қорғас).

Бұл жағдайда ЭТК-лерді ірілендіру, оның ішінде «Астана-ЭТК» АҚ мен «АЭУК» АҚ-н біріктіру тиімді шешім болуы мүмкін. ЭТК тариф қалыптастыру жүйесін енгізу электр желілерін дамыту бойынша шараларды жүзеге асыруға және тозуды төмендету бойынша мәселелерді шешуге негіз болар еді.

Желілерге қосылу үшін төлем енгізу туралы мәселені (бұған дейін қосылатын қуат үшін төлем алынып тасалған болатын) қарау, сондай-ақ, ЭТК балансына соңғы тұтынушының есеп құралына дейінгі барлық аралық тарату желілерін (иесіз, бюджеттік, ведомстволық және т.б.) беру қажет.

Барлық тұтынушыларды ЭКЕАЖ-бен қамту қажеттілігі бар. Сектордағы жағдайдың жақсаруына «KEGOC» АҚ құрамынан жүйелік оператор функциясын (электр энергиясының сенімділігін, сапасын қамтамасыз ету, жалпы жүйелік шығындарды төмендету) бөліп алып, құрылымдық өзгеріс жасау оң ықпал етер еді. Мұндай балама тәжірибе Ресей БЭЖ-нде бар.

ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТУ СЕКТОРЫ

Қазақстан электр энергиясы нарығының электрмен қамту секторы энергия өндіруші ұйымдардан не орталықтандырылған саудада электр энергиясын сатып алып, оны соңғы тұтынушыға бөлшек сатуды жүзеге асыратын энергиямен қамтушы ұйымдардан (ЭҚҰ) тұрады.

Энергия өткізуші ұйымдардың жылумен қамту бойынша негізгі проблемалық мәселесі – қолданыстағы заңнамалық актілер өткізуші ұйымдардың тарифінің шекті деңгейін ондағы өзгерісті, оның ішінде жеке және өзге тұтынушылар көлемінің бөлшек салмағы өзгерісін есепке ала отырып реттеуге (өйткені, бұл тұтынушылар тобы бойынша шекті тарифтердің артуына әкеледі) мүмкіндік бермейді.

2019 жылғы 19 қарашадағы №90 «Тарифтерді қалыптастыру

ережелерінде» тұтынушы топтары бойынша тұтынушылар дифференциалды тарифтерді қолданған кезде жеке және заңды тұлғалардың жалпы тұтыну көлемінің бөлшек салмағының өзгеруіне байланысты шығындарды өтеу қарастырылмаған.

Бұдан бөлек, аталған шығындармен байланысты ақша қаражаттарын толық алмау шарттардың электр және жылу энергиясына уақытылы төлем жасамау бойынша міндеттемелерінің орындалмауына және тиісті тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер алдында кредиторлық қарыздың қалыптасуына әкеледі.

Қолданыстағы НҚА-ге төтенше реттеуші шараға балама бойынша тарифтің шекті деңгейі әрекет ететін кезеңде көлемнің бөлшек салмағы өзгерісінен болатын шығынды есептеу мүмкіндігі тұрғысынан өзгерістер енгізу қажет.

САЛАНЫҢ ДАМУ БОЛЖАМЫ

ҚР Энергетика министрлігінің болжамы бойынша 2020 жылы энергияны тұтыну 3%-ға (108,8 млрд кВт·с-қа дейін) және өндіріс 7%-ға (113,8 млрд кВт·с-қа) өседі. Соған орай, профицит 5 млрд кВт·с деңгейінде күтіледі.

Сонымен бірге COVID-19-бен күрес шараларының әсерінен экономикалық жағдайдың нашарлауы, сондай-ақ, қазақстандық негізгі экспорттерлер үшін сыртқы нарықтағы қолайсыз конъюнктура 2020 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейіне негативті әсер етеді. Бұл ретте саланы тиімсіз басқару электр энергетикасы саласындағы қуаттарды жаңғырту және өсіру потенциалын төмендетуі мүмкін.

ҚР БЭЖ электр энергиясының болжамды теңгерімі, млрд кВт·с
Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026
Электр энергиясын тұтыну	108,8	110,7	112,7	114,5	118,0	120,8	124,1
Электр энергиясын өндіру	113,8	113,5	116,1	120,9	123,5	128,1	128,5
Қолданыстағы станциялар	103,9	101,5	100,5	100,0	100,2	98,9	98,9
Жоспардағы станциялар	9,9	12,0	15,6	20,8	23,3	29,2	29,6
Оның ішінде ЖЭК	3,6	5,0	5,5	5,6	5,6	5,6	5,6
Артығы:	5,0	2,8	3,4	6,3	5,5	7,3	4,4

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

және даму перспективасы




«ОАЭК» АҚ стратегиялық міндеттерінің негізгілерінің бірі өндірістің техникалық деңгейін арттыру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңарту арқылы өндірістік тиімділікті арттыру болып табылады. Есептік жылда өндірістік активтерді жаңғырту мақсатында инвестициялық бағдарлама шараларына 16,8 млрд теңге жұмсалды.

ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

2019 жылы инвестициялық бағдарлама аясында өндірісті арттыруға, беру кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын төмендетуге және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар ірі шаралар жалғасын тапты.

2019 жылы 12 айда Корпорация бөлімшелері бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 7 032,7 млн кВт·с болды. Бұл көрсеткіш 2018 жылдың 12 айымен (7 025,7 млн кВт·с) салыстырғанда 0,1% -ға өскен.

2019 жылы 12 айда жылу энергиясын өндіру 6 371,4 мың Гкалды құрап, 2018 жылғы 12 аймен салыстырғанда «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ («Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қоса алғанда) мен «СЕВКАЗ-ЭНЕРГО» АҚ-нда жылу энергиясын тұтыну көлемінің сәйкесінше 8,9% және 3,2% -ға кемуіне байланысты 7,3% -ға төмендеген (есептік жылдың 12 айында сыртқы ауа температурасы +4,0 °С болса, 2018 жылғы көрсеткіш: +2,0 °С).



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

Павлодар 3-ЖЭО-нда жалпыстанциялық координатор мен ПРА-НА мониторинг жүйесін орнату бойынша жоба жүзеге асырылуда. Бірінші жүйе қуат нарығының әрекет ету жағдайында электр қысымын алып жүруді оңтайландыру үшін, ал екінші жүйе №6 турбоагрегаттың бірегей іргетасының жағдайын бақылау үшін енгізілді.

Күл үйіндісінің 3-кезек құрылысы бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл – күл-қож қалдықтарын 10,5 жылға дейін қоймалауға мүмкіндік беретін, станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралардың бірі.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 2-ЖЭО

Су-химиялық режим ақауын жою және номиналды электр қысымын алып жүру үшін №2 турбоагрегаттың конденсаторын қайта құру бойынша шаралар атқарылды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕКІБАСТҮЗ ЖЭО

Тұз көлінің табанында Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезегін салу жұмыстары жалғасуда. Екібастұз ЖЭО ғимараттары мен құрылыстарын қайта құру жұмыстары жүріп жатыр.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО


№6 автотрансформаторды ауыстыру жұмыстары жүзеге асырылды.

№2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл – күл-қож қалдықтарын 7 жылға дейін қоймалауға мүмкіндік беретін, станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралардың бірі.

Петропавл 2-ЖЭО жылу қуатын беру сызбасын қайта құру бойынша шараларды жүзеге асыру жалғасуда.

ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА НЕГАТИВТІ ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ

Күл, азот қышқылы және күкірт шығарылымдары концентрациясы, мг/нм³



ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ ТИТАН ЭМУЛЬГАТОРЛАРЫН ОРНАТУ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ станциялары және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ндағы барлық қазандық агрегаттарда екінші деңгейлі титан эмульгаторлар орнатылып, бұл түтін газдарын тазалау деңгейін арттырып, кәсіпорындардың экологиялық төлем шығындарын азайтуға мүмкіндік берді.

КҮЛ ҮЙІНДІЛЕРІН САЛУ

Күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау мақсатында полисинтетикалық геомембрананы қолдана отырып, күл үйінділерін салу жұмыстары атқарылуда. Бұл зиянды заттардың жерге сіңуін болдырмайды.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

2019 жылы электр энергиясын тасымалдау және беру кезіндегі шығындарды төмендетуге, сондай-ақ, тұтынушыларды қамту сапасын көтеруге арналған жобалар жүзеге асырылды.

0,4-10 КВ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН САЛУ, ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАЙТА ЖАРАҚТАНДЫРУ

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 6,0 км
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 40,7 км, оның ішінде 29,5 км оқшауланған өткізгіш
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 59,593 км, оның ішінде 58,438 км оқшауланған өткізгіш

106,293 км

35-110 КВ ӘУЕ ЖЕЛІЛЕРІН САЛУ, ҚАЙТА ҚҰРУ

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 21,7 км
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 7,191 км
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 22,0 км

50,891 км

10-220 КВ ШАҒЫН СТАНЦИЯЛАРЫН ҚАЙТА ҚҰРУ

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 1 шағын станция
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 6 шағын станция
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 2 шағын станция

9 шағын станция

ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 8,57%
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 7,83%
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 4,84%

6,9 %

ЭКЕАЖ ЕСЕПТЕГІШТЕРІН ОРНАТУ

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 1 554 дана
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 947 дана
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 4 009 дана



2019 жылғы 12 айда электр энергиясын тасымалдау және тарату көлемі 5 841,7 млн кВт·с құрап, 2018 жылғы 12 аймен салыстырғанда «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ («Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қоса алғанда) бойынша көлемнің 6,1%-ға, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша 1,7%-ға кемуі есебінен 3,0%-ға төмендеді.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ


2019 жылы жылу беруші кәсіпорындардағы негізгі шаралар қызмет ету өңірлерінде орталықтан-дырылған жылумен қамту желілерін қалпына келтіру мен жаңғыртуға бағытталды. Оның ішінде жылу желілері ППУ-қаптамасын қолдану арқылы қайта құрылып, бұл технологиялық ақаулар мен жылу шығындарының санын азайтуға мүмкіндік береді.

2018 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ 2019 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛУ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ

- Павлодар – 1,1%-ға (33 мың Гкалға);
- Екібастұз – 1,6%-ға (54 мың Гкалға);
- Петропавл – 1,3%-ға (40 мың Гкалға).

АЛДЫН АЛА ОҚШАУЛАНҒАН ҚҰБЫРЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП, САЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

- Павлодар – 1,706 км;
- Петропавл – 1,584 км.



2019 жылғы 12 айда жылу энергиясын тасымалдау және тарату көлемі 4 573,8 мың Гкал құрап, 2018 жылмен салыстырғанда «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ («Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қоса алғанда) мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда көлемнің сәйкесінше 4,3% және 1,2%,-ға кемуі есебінен 3,4%-ға төмендеді.

Корпорацияның жылу беруші кәсіпорындарында жылу шығынын автоматты реттегіштер, өнеркәсіптік контроллерлер және механизмдер мен бақылаушы-өлшеуші құралдардың диспетчерлік қызметпен байланысына арналған модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай жүйеге ендірілуде, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті түрде бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Корпорация жылу энергиясы шығындары көздерін анықтау үшін келесі жетекші технологияларды қолданады: магистральді құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалауға арналған тепловизиялық зерттеу құралдары мен ультрадыбыстық дефектоскоптар.

3,29 км

ҚҰБЫР ӨТКІЗГІШТЕРІНДЕ ППУ ҚАПТАМАСЫН ҚОЛДАНЫП, ЖЫЛУ ОҚШАУЛАҒЫШЫН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

- Петропавл – 1,245 км.

5,3%

«ОАЭК» АҚ жылу беруші кәсіпорындарында жобаларды жүзеге асыру желілердегі жылу шығындарын 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылдың аяғына қарай 5,3%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

«ОАЭК» АҚ ПАВЛОДАР, ЕКІБАСТҰЗ ЖӘНЕ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІ

2016-2020 ж.ж.

ЖОБА ҚҰНЫ

- ЕҚДБ қарызы – 9,3 млрд теңге;
- «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша бюджеттік субсидия –9,3 млрд теңге;
- Өзіндік қаражат –7,35 млрд теңге.

МІНДЕТТЕР

- Жылумен қамту сенімділігін, энергияны пайдалану тиімділігін арттыру.
- CO₂ шығарылымдарын төмендету есебінен Павлодар, Екібастұз және Петропавлда шығындарды төмендету және экологиялық стандарттарды жақсарту.

МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

- Жоба аясында келесі көрсеткіштерге қол жеткізу көзделеді:
- Отын үнемдеу – жылына 109 мың тонна;
- CO₂ шығарылымдарын төмендету – жылына 168 мың тонна.

ЕРЕКШЕЛІКТЕР

- Жұмысты атқару кезінде алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіші қолданылады. Ол келесілерге кепілдік береді:
- Жоғары жылу оқшаулау көрсеткіштері;
- Қондырғының жоғары сенімділік ресурсы;
- Пайдалану мерзімін нормативті 25 жылға дейін жеткізу.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

2020 жылы Корпорация тұтынушылардың жылу энергиясын тұтыну көлеміне орай, электр энергиясын өндіруді 2019 жылғы 7 371 млн кВт-с-тан 4,8%-ға арттыруды және жылу энергиясын босатуды 2019 жылғы 6 205 мың Гкал-дан 8,2%-ға азайтуды жоспарлап отыр.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-нда су-химиялық режим ақауын жою және номиналды электр қысымын алып жүруі мақсатында №5 турбоагрегаттың конденсаторын қайта құру шараларын орындау жоспарланып отыр.

2020 жылы Павлодар 3-ЖЭО-нда күл үйіндісінің үшінші кезегінің құрылысы жалғасып, ол 2023 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Павлодар 2-ЖЭО-нда күл үйіндісінің 2-кезегін биіктету жоспарланып отыр. Бұл 2-ЖЭО күл-қождарын 5 жыл ішінде қоймалауды қамтамасыз етеді.

Екібастұз ЖЭО-нда күл үйіндісін салу жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ, қосымша ауыз су бағын техникалық суға жібере отырып, ауыз сумен қамтамасыз ету схемасын қайта құру жоспарланып отыр. Бұл станция жұмысының сенімділігін арттырып, ауыз су шығындарын азайтады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2019 жылы №2 күл үйіндісінің №3 карта бөгетін биіктету жұмыстары жалғасын табады. 2019 жылы БАТ

автотрансформаторын орнату жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жылу қуатын беру схемасын қайта құру бойынша жұмыстар жалғасады.

2020 жылы ұзындығы 6,21 км алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін қолданып, жылу құбыр өткізгіштерін салу және қайта құру жоспарлануда, оның ішінде Павлодар қаласы бойынша – 2,428 км, Петропавл қаласы бойынша – 3,782 км. Сондай-ақ, Екібастұз қаласында ұзындығы 1,496 км құбыр өткізгішінде ППУ қаптамасын қолданып, оқшаулағышты қалпына келтіру жоспарлануда.

2020 жылы инвестициялық бағдарлама аясында келесі шаралар жоспарланып отыр:

- 164,18 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 25,0 км, «АЭУК» АҚ бойынша – 37,18 км, «ПЭТК» АҚ бойынша – 102,0 км;
- 22,182 км 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, оның ішінде «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 22,0 км, «АЭУК» АҚ бойынша 0,182 км;
- 35 кВ және одан жоғары 5 шағын станцияны қайта құру, оның ішінде «ПЭТК» АҚ бойынша – 3, «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 1, «АЭУК» АҚ бойынша 1 шағын станция.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

2019 жылы «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-нда өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты. Жобалар «ОАЭК» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған.

ELLIPSE

ABB Ellipse (АСУПФИА Ellipse) жүйесінің базасындағы өндірістік қорлар мен активтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін дамыту келесі міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- мердігер ұйымдардың жұмысын жоспарлау және орындау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-мен мердігерлік шарттар бойынша жұмыс жүргізу кезінде материалдар қозғалысы (сатып алу, орын ауыстыру, есептен шығару) мен еңбек шығындарының ашықтығын қамтамасыз ету;
- Мердігер ұйымдар жұмысын орындау кезінде материалдарды қолдану және еңбек шығындарын есептен шығаруды ішкі бақылау құралдарын құру.

MOBILITY

2019 жылда АСУПФИА Ellipse жүйесімен толықтай біріктірілген Mobility қосымшасын «Павлодар ЭТК» АҚ-нда тарату аяқталды. Mobility мобильді қосымшасын әзірлеу және енгізу жұмыс тапсырмаларын қашықтықтан беруге, жабдықтарға инвентаризация және мониторинг жасауға, тарихи, нормативті мәліметтер мен жұмыс тапсырмаларына оперативті қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Mobility жобасы аясында инфрақұрылым нысандарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыру мақсатында нысандар жағдайына мониторинг жасайтын жұмысшыларға арналған мобильді қосымша әзірленді.

ӨТП БАЖ (жылу энергиясы)

Тұтынушыларға қызмет көрсету циклінің толық әрі ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы «Павлодар жылу желілері» ЖШС және «Петропавл жылу желілері» ЖШС және «Екібастұз-жылуэнерго» ЖШС-нде ӨТП БАЖ енгізілді.

ӨТП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарып, жаңа тұтынушыларды инфрақұрылым нысандарына қосу процесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

ЭКЕАЖ

2013 жылы басталған ЭКЕАЖ енгізу шарасы тұтынушыларды қамту аясын кеңейтеді. 2019 жыл аяғына қарай ақылды есептеу құралдарымен 91 мыңнан астам тұтынушы қамтылады. Бұл олардың барлық санының 17,5%-ы:

- «Павлодар ЭТК» АҚ > 26 100
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ > 33 300
- «Ақмола ЭҰК» АҚ > 31 600

2019 жылы электр энергиясын таратуды автоматты түрде бақылау концепциясы қабылданды. Бұл 6-10/0,4 кВ және одан жоғары барлық трансформаторды ЭКЕАЖ-бен қамтуға мүмкіндік береді.



ЖКЕАЖ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үш қала – Павлодар, Петропавл және Екібастұзда 9 200-ден астам тұтынушы жылу есептеу құралдарымен қамтылған. Олардың 3 100-ден астамы ЖКЕАЖ жүйесіне қосылған. Бұл жылу энергиясын есепке алу бойынша мәлімет жинау оперативтілігін арттырып, оны тұтыну және тұтынылған жылу энергиясына төлем жасауды бақылауды арттырды.

Жүйе жылу шығындары мен есепсіз тұтыну деректерін жедел анықтауға мүмкіндік беріп, оларды болдырмау және коммуналдық-тұрмыстық секторда жылу энергиясын үнемдеуге жағдай жасайды.

БИЛЛИНГ

«Астанаэнергосбыт» ЖШС және «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нде жылу және электр энергиясы бойынша заңды және жеке тұлғаларға бірыңғай корпоративтік биллинг жүйесін енгізу 2019 жылы толық көлемде аяқталды.

Келесі жобалар жүзеге асырылды:

- **Электр және жылу энергиясының есеп бөлігі блогы.** Жүйеде есептік айдағы көлемді автоматты түрде анықтау және есеп құралдарының нақты көрсеткіштерін алу кезінде электр және жылу энергиясының көлемін автоматты түрде жүйелеу қарастырылған.
- **Электр энергиясы және ЫСҚ есеп құралдарынан алынған көрсеткіштерді автоматты жүктеу.** Электр энергиясы және ЫСҚ есеп құралдарынан алынған көрсеткіштерді верификациялау шарттары.
- **«Исктер және иск өндірісі» функционалы:** сот шығындарын автоматты есептеу, төлем қабылдау, сот шығындары бойынша субшоттарды автоматты түрде бөлу, исктер бойынша сот шығындарын есепке алу және бақылау.
- **«Астанаэнергосбыт» ЖШС базасында – «Ақылы қызмет» функционалы:** автоматты есеп, төлем қабылдау, дебиторлық қарызбен жұмыс кезінде қосу қызметін есепке алу және бақылау.

- **«Павлодарэнергосбыт» ЖШС базасында – жеке тұлғаларға бірыңғай төлем құжатын (БТҚ) беру функционалы:** БТҚ бойынша сыртқы ұйымдар қызметі үшін төлемдер алу. Заңды тұлғаларға электронды шот-фактуралар беру.
- **Талдамалы есеп формалар блогы және басқалар.**
- **«Павлодар ЭТК» АҚ және «Павлодар жылу желілері» ЖШС-нде энергия беруші компаниялардың мәліметтерін енгізу (есеп құралдарын (ЕҚ) орнату/ажырату, ЕҚ көрсеткіштерін енгізу, ЕҚ-сыз есептеу, бұзушылық актітерін есептеу, жылу камераларын ажырату/қосу және басқалар) және тұтынушылар санына шаққандағы энерготұтыну көлемін анықтау функционалдары жүзеге асырылды.**

«ОАЭК» АҚ энергия беруші және энергиямен қамтамасыз етуші компанияларына арналған Бірыңғай биллинг жүйесі бірегейлендірілген жылу және электр энергиясын есептеу алгоритміне сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыс жүргізу барысында өткізуші компаниялар тұтынушыларына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қызметтердің жұмысы бірегей стандартқа сәйкестендірілді. Жүйе жасалған есептерді бақылауға мүмкіндік беріп, электр және жылу энергиясы көлемін жүйелеуге, жылу және электр энергиясын қолдан есептеуді қолдануға мүмкіндік береді.

«ТЕЗИС» ҚҰЖАТ-ТАРДЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2019 жыл ішінде процестердің негізгі, аса қажетті учаскелері автоматтандырылды. Келесі жұмыстар орындалды:

- ағымдағы қаржылық жылға бекітілген сатып алу және бюджет жоспары аясында тауарлар сатып алу процесі автоматтандырылды;
- қызметкерлер мәліметтері 1С УПП КАДРЫ жүйесімен біріктірілді;
- холдингтің ақпараттық жүйелеріне рұқсат беру құқықтарын түзетуге өтініш беру автоматтандырылды;
- құжат шаблондары бірегейленді;
- қызметкерлер бойынша құжаттар ішінара автоматтандырылды;
- қаржылық процестерді автоматтандыру бойынша жұмыстар басталды.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

2020 жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында өндірістік жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыру жалғасады:

- 35 кВ және одан жоғары 200-ден астам шағын станцияны және 600-ден астам 6–10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станцияны ЭКЕАЖ-бен толықтай қамту жоспарланып отыр;

- кадрлық процестерді автоматтандыру;
- қаржылық процестерді автоматтандыру;
- «канцелярия/іс жүргізу» модулін жетілдіру/жақсарту.

ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

2019 жылы «ОАЭК» АҚ холдингінің энергиямен қамтушы ұйымдарының ашықтық және қолданыстағы заңнамаларды толық сақтаушылық принциптеріне негізделген қызметі жалғасын тапты.

ДЕБИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗДЫ БАҚЫЛАУ

Жыл бойы тұрақты түрде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша төлемдерді есептеу және жинау жүйесі жетілдірілді:

- Әрбір тұтынушы бойынша дебиторлық қарызды бақылау;
- Дебиторлық қарыздың көлеміне, құрылымына, динамикасына ықпал еткен ішкі және сыртқы себептерді айқындау;
- Қабылданған шаралардың жал-

пы қаржылық ахуалға тиімділігін және ықпалын бағалау; бол-жамдарды талдау және қалыптас-тыру;

- Облыстық және қалалық әкімдіктердің басшылығымен бірге кәсіпорындар қызметінің проблемаларын шешу.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

2019 жылы «Астанаэнергосбыт» ЖШС және «АЭҮК» АҚ-ның

Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми аккаунттары ашылды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда аккаунттар бұрыннан қолданыста. Олар тұтынушыларға Компания туралы, көрсетілетін қызметтердің тарифтері, төлем жасау тәсілдері, төлем қабылдау пункттері туралы жедел және қолжетімді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Аккаунттар тұтынушылардың түрлі сұрауларын алуға және оларды шешуге көмек беретін қосымша алаң болып табылады.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Халыққа күндізгі және сырттай қызмет көрсету орталықтарының жұмысын жетілдіру бойынша жұмыс жалғасты. 2019 жылы байланыс орталығының операторлары штаттық режимде 1,5 миллион қоңырауға қызмет көрсетті. Оның ішінде энергиямен қамту мәселелері бойынша халыққа консультациялық қолдау көрсету, тұрмыстық тұтынушылардан есеп құралдарының көрсеткіштерін алу бар. Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында кәсіпорындарда тұтынушылар арасында анкета жүргізілді.

Есептік жылда көрсеткіштерді беру және қабылдаудың қосымша әдістері енгізілді:

- СМС;
- Дыбыстық пошта;
- WhatsApp мобильді қосымшасы арқылы.

«ОАЭК» АҚ өткізуші еншілес ұйымдарында көрсетілетін қызметтер бойынша тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру жүйесін ұйымдастыру мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

«СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

- «Севказэнергосбыт» ЖШС №1 сервис орталығында ведомствоаралық комиссияда енгізілген ұсыныстарды орындау негізінде коммуналдық төлемдерді қабылдау бойынша қосымша терезе ашылды.
- Терминал мен мобильдік қосымшалар арқылы заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтер үшін төлем қабылдау жұмысы жүргізілді.
- 2019 жылы Бірыңғай ақпараттық-есептік орталық (БАЕО) жұмысы аясында жаңа қызмет берушілермен шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ, тұрғындарға коммуналдық және сервистік қызметтер көрсететін ұйымдармен қосымша шарттар спектрі кеңейтілді. БАЕО негізгі функцияларына шоттарды есептеу, қалыптастыру, басып шығару және жеткізу, төлем қабылдау, қарыз бен есептеу бойынша консультация беру жатады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

- 2019 жылы бірыңғай биллинг жүйесіне көшу жүзеге асырылып, бұл жылу және электр энергиясын есепке алуды автоматтандырып және бірыңғайландырып қана қоймай, тұтынылған электр және жылу энергиясының нақты құнын жедел есептеу есебінен тұтынушылармен жұмысты жақсартуға, тұтынушыларға қашықтан қызмет көрсету каналдарын беруге, жеке кабинет арқылы ақпарат алуға мүмкіндік берді.
- 2019 жылы «Жеке кабинет» сервисі биллинг жүйесімен біріктіріліп, Павлодар облысының аудандары мен Ақсу қаласының тұрмыстық тұтынушыларына таратылды.
- Шілдеде карт-ридері бар 4 төлем терминалы қосымша сатып алынды. Осылайша, «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нде тұрмыстық және жеке тұтынушылар үшін 11 төлем терминалы қызмет көрсетсе, олардың 9-ы Павлодарда, 2-уі Екібастұзда.

«АЭҮК-ЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС



- Терминал арқылы заңды тұлғалардан тұтынылған электр энергиясы үшін төлем қабылдау бойынша жұмысты ұйымдастыру жүргізілді.
- 2019 жылы «Астана ЕРЦ» ЖШС-мен Целиноград ауданы Интернациональный қыстағы және Қосшы қыстағы «Лесная поляна» ТМ тұтынушыларына тұтынылған электр энергиясы үшін бірыңғай есеп құжатында ақы есептеу туралы, сондай-ақ, «Қазпошта» АҚ-мен квитанцияларды электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын Ақмола облысының тұтынушыларына квитанция жеткізу бойынша шарттар жасалды.

«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

- 2019 жылғы қарашада сервис орталықтардың қызметкерлеріне ҚР аумағында мекен жай анықтамасының жойылуына байланысты ХҚКО өкілдерімен бірге E-gov электронды үкімет жүйесінде жұмыс істеуге оқыту ұйымдастырылды.
- Smart Astana мобильдік қосымшасында «Астанаэнергосбыт» ЖШС сервис орталықтарында орналасу орны» сервисінің мәліметтерін жаңарту мәселесі бойынша «Астана Innovations» АҚ-мен әріптестік ұйымдастырылды.
- Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі баспасөз қызметімен, Нұр-Сұлтандағы iKomet 109 мониторинг және жедел әрекет ету қалалық орталығымен «Астанаэнергосбыт» ЖШС-не түскен арыз-шағымдарды өңдеу бойынша өзара қызмет жүзеге асырылды.

Тұтынушылар саны

■ Электр энергиясы ■ Жылу энергиясы



«ОАЭК» АҚ компаниялар тобындағы өткізуші компаниялардың 2019 жылы электр энергиясын өткізу көлемі 4 894, 98 млн кВт·с болды. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 9%-ға жоғары. 2019 жылы жылу энергиясын өткізу көлемі – 11 016 мың Гкал. Өткен жылмен салыстырғанда жылу энергиясын тұтыну 3,6%-ға төмендеген.

САПАНЫ ЖАҚСARTY

2019 жылы ISO 9001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі аясында келесі жұмыстар жалғасты:

- «Севказэнергосбыт» ЖШС ISO 9001:2015 сапа менеджменті жүйесінің бірінші қадағалаушы аудитінен сәтті өтті.
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкестікке сапа менеджменті жүйесінің бірінші қадағалаушы аудитінен сәтті өтті. Бұл көрсетілетін қызмет сапасының қажетті деңгейде сақталуын дәлелдейді.

ӨTKІЗУШІ КӘCІПOPЫНДAPDA TҮTYНУШЫ- ЛAP ҚAУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚOPҒAУДЫ ҚAMTAMACЫЗ ETY

Тұтынушылар қауіпсіздігі және денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «ОАЭК» АҚ ЕҮ энергия өткізуші кәсіпорындарының сервис орталықтары келесілермен жабдықталған/қамтамасыз етілген:

- тұтынушылардың құлауын болдырмау үшін кіре берістерді тайғанамайтын резина төсеніштер;
- пандустар немесе физикалық мүмкіндігі шектелген клиенттерге

көмек көрсету үшін қызметкерді шақыру кнопкасы;

- бейнебақылау жүйесі;
- қажетті медикаменттері бар медициналық қобдиша;
- ауа кондиционерлеу жүйесі;
- өрт-күзет дабыл жүйесі және алғашқы өрт сөндіру құралдары, эвакуация жоспары және эвакуациялық қауіпсіз шығу есіктері.



2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

- «Севказэнергосбыт» ЖШС №1 сервис орталығында E-gov порталында мәліметтерді онлайн қалыптастыру, түрлі өтініштерді электронды форматта қабылдау мүмкіндігі бар интреактивті қызмет көрсетуді енгізу;
- Бірыңғай есеп орталығы (БЕО) сайтында қызмет берушілер үшін «Жеке кабинетті» ұйымдастыру және енгізу;
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС және «Севказэнергосбыт» ЖШС базасында БЕО одан әрі кеңейту, шоғырландырылған төлем жүйесі аясында коммуналдық кәсіпорындар, кондоминиум нысандарын басқару органдары және тұтынушыларға сервистік қызмет көрсететін ұйымдар тарту.
- Павлодарда тұрғындарға қызмет көрсету бойынша қосымша сервистік орталықтар ашу;
- Павлодар облысының барлық қалаларында енгізілетін бағдарламалық қамсыздандыруында «Жеке кабинет» сервисінің қызметін кеңейту; энергияны тұрмыстық емес мақсатта қолданатын тұтынушыларға қосымша «Жеке кабинет» құру;
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС өткізу учаскелерінде жылу энергиясы бойынша «1С Биллинг» ақпараттық жүйесін тарату бойынша жұмысты орындау;
- «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС-нде жаңа «1С Биллинг» БҚ өнеркәсіптік пайдалануға енгізу, бұл электр энергиясын есепке алуды бірыңғайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді;
- WhatsApp мессенджері және өзге қосымшалар арқылы есеп құралдарының көрсеткіштерін беру және алу функциясын толық көлемде жүзеге асыру, бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасына оң әсер етеді.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚAMTY


Тауар, жұмыс, қызмет бойынша қажеттіліктерді уақытылы және толық қанағаттандыру, сондай-ақ, қаржы ресурстарды барынша тиімді шығындау «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының сатып алу қызметі саласындағы негізгі приоритеті болып табылады.



2019 жылы холдингте сатып алу қызметінің барлық процестерін жақсартуға, сатып алу департаменті қызметкерлерінің санын оңтайландыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, «Табиғи монополиялар субъекттерінің қызметін жүзеге асыру ережелері» жобасына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Бұл базалық нормативтік құжат 2019 жылы тамызда (Ұлттық экономика министрінің №73 бұйрығы) қабылданған соң жаңа заңнамалық талаптарды сатып алу тәртібіне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Есептік жыл қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- сатып алудың жылдық жоспары орындалды;
- жеткізу және төлеу бойынша есептіліктер формасы енгізілді;
- сатып алу қызметі бойынша жаңаланған ұйымдық құрылым бекітілді.



Есептік жылда 58 млрд теңгеден астам қаражатқа 2 842 келісімшарт жасалды. Резиденттермен жасалған шарттардың үлесі 92 %.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

- сатып алу жүргізудің электронды формасына көшу;
- сатып алу бойынша процестер мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ, сатып алу қызметі бойынша типтік формаларды жаңалау;
- бюджет қаражаты шығынының коммерциялық тиімділігін арттыру.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Корпорацияның 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді және еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі қаржылық есептіліктерінен тұрады. Есеп саясатының принциптері Корпорация кәсіпорындарының бәріне бірегей. Корпорацияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Корпорацияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

2017-2019 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	2017	2018	2019
Негізгі қызмет табыстары	131 652	143 880	137 195
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(100 295)	(114 310)	(116 318)
Жалпы пайда	31 357	29 571	20 878
Кезең шығындары	(11 178)	(12 667)	(11 085)
Операциялық қызметтен түскен пайда	20 178	16 903	9 793
Бір жылғы жалпы EBITDA*	31 865	29 405	20 004
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	24,2 %	20,44 %	14,58 %
Гудвилл құнсыздануынан болған шығындар	(737)	—	(282)
Курс айырмасынан болған пайда/шығын	181	(5 479)	(10)
Табыс салығы бойынша шығындар	(3 613)	(2 232)	(1 829)
Бір жылғы таза пайда	10 639	1 600	(5 044)
Активтер	10 639	1 584	(5 078)
Капитал	310 023	314 089	319 211
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	149 785	144 665	136 342
Негізгі қызмет табыстары	22 685	21 118	16 832

* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2019 жыл қорытындысы бойынша, Корпорация жалпы сомасы 137 195 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2018 жылғы сәйкес көрсеткіштен 6 685 млн теңгеге немесе 4,6%-ға төмен. Оның ішінде: электр энергиясын беру және өткізуден түсетін табыс 3 979 млн теңге немесе 3,9%-ға төмендеді, жылу энергиясын беру және өткізуден түсетін табыс 3 208

млн теңге не 7,7%-ға төмендеді, өзге қызмет табысы 502 млн теңгеге артты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2019 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- электр энергиясын тауарлы босату көлемінің 261 млн кВт-с-қа төмендеуі, оның ішінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша 230 млн кВт-с-қа азаюы (ірі тұтынушылардың тұтыну көлемінің азаюы), сондай-ақ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС бойынша тауарлы босату көлемінің 97 млн кВт-с немесе 4,7

%-ға төмендеуі есебінен электр энергиясын өткізу 2018 жылмен салыстырғанда 3 314 млн теңге немесе 4,7%-ға азайды.

- электр энергиясын беру табысы «ПЭТК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру көлемінің 144 млн кВт-с не 6,1%-ға, «СҚ ЭТК» АҚ бойынша 22 млн кВт-с не 1,7%-ға, «АЭҮК» АҚ бойынша 16 млн кВт-с не 1,0%-ға төмендеуі есебінен 664 млн теңге не 3,1%-ға төмендеді;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ беру көлемінің 144 мың Гкал не 4,3%-ға, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ беру көлемінің 16 мың Гкал не 1,2%-ға төмендеуі себепті жылу энергия-

▷ сын беру табыстары 420 млн теңге не 4,5%-ға азайды;

- жылу энергиясын өткізу табыстары жылу энергиясын тауарлы босату көлемін «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша 379 мың Гкал не 7,9%-ға, «Астанаэнергосбыт» ЖШС бойынша 279 мың Гкал не 4,3%-ға, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша 15 мың Гкал не 1,1%-ға байланысты 2 789 млн теңге не 8,6%-ға артты.

ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2019 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 116 318 млн теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда өсім 2 008 млн теңге немесе 1,8% болды. Ол:

- «Отын» (6,2%),
- «Еңбекті төлеу» (4,9%),
- «Материалдар» (33,6%),
- «Жөндеулер» (21,5%),
- «Электр энергиясын өткізу бойынша қызметтер» (25,7%),
- «Амортизация» (10,4%) баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды.

Корпорацияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (45,5%) одан арғы тұтынушыларға өткізумен байланысты қызметті есепке алғанда, сатып алынатын энергия (жылу және электр) шығындары ие. 2019 жылы аталған шығындар сатып алынатын энергия көлемінің азаюы есебінен 1 522 млн теңге не 3%-ға артты.


Жылу энергиясын өндіру көлемінің 1 764 мың Гкал не 16,24%-ға өсуі «Отын» бабы бойынша табиғи көмір шығындарының 1 887 млн теңге не т/ж жеткізілімін есепке алғанда көмірдің орташа бағасының 9%-ға өсімі есебінен 10,1%-ға

артуына әсер етті. Бұдан бөлек, бензин, дизель отыны, май және өзге жанар-жағармай бағасы да артты. «Жөндеулер» бабы бойынша шығындардың 962,5 млн теңгеге өсуі жылға бекітілген тарифтік сметаларға сәйкес жөндеулер көлемінің артуымен байланысты орын алды. Жыл сайынғы индексация және қызметкерлер санының артуы есебінен еңбекті төлеу бойынша шығындар 1 289 млн теңге не 12%-ға артады. Амортизациялық аударымдар 2018 жылы 21 118 млн теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 412 млн теңге не 4%-ға жоғарылады. «Электр энергиясын өткізу бойынша шығындар» бабы бойынша шығындардың артуы Қазақстан Республикасында 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап электр энергиясының қуаттылықтар нарығын енгізумен байланысты болды. Т/ж жеткізуді есепке алғандағы көмірдің орташа құнының өсімі 3,5%, мазуттікі 37,8% болып, бұл «Отын» бабы бойынша шығындардың 1 268,2 млн теңге, илии 6,2%-ға артуына әкелді. Бұдан бөлек, бензин, дизель отыны, май және өзге жанар-жағармай, сондай-ақ, негізгі өндірістік қондырғыларды пайдалануға беруге қажетті материалдар бағасы орта есеппен 33,6%-ға артты. «Жөндеулер» бабы бойынша шығындардың 1 362,5 млн теңгеге өсуі жөндеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарына қажетті материалдар бағасының өсуі және сондай-ақ, жылға бекітілген тарифтік сметаларға сәйкес жөндеу жұмыстарының қажетті көлемін орындаумен байланысты орын алды.

ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ

2019 жылғы EBITDA көрсеткіші, курстық айырмашылық шығынын есепке алмағанда, 20 004 млн теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда өсім 9 401 млн теңге немесе 32% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші төмендеуінің негізгі факторы – жалпы пайданың 8 963 млн теңгеге немесе 29,4%-ға төмендеуі болып табылады.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн тг



* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

Корпорация өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Корпорацияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды. Корпорацияның 2019 жылғы операциялық EBITDA 19 994 млн теңге құрап, 2018 жылмен салыстырғанда төмендеу 3 931 млн теңге немесе 16% құрады.

- Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (15 946 млн теңге) болып табылады, мұнда 2018 жылмен салыстырғанда аталған қызмет түрі бойынша өзіндік құнның артуы есебінен 3 992 млн теңге немесе 20%-ға төмендеу байқалды.
- «Электр энергиясын беру және тарату» сегменті бойынша курстық айырма шығынының азаюына байланысты 1 428 млн теңгеге (немесе 28%) төмендеу орын алды.
- «Жылу энергиясын беру және тарату» сегменті бойынша EBITDA көрсеткіші өзіндік құнының төмендеуіне байланысты 1 525 млн теңгеге төмендеді.
- «Электр және жылу энергиясын өткізу» сегменті бойынша EBITDA көрсеткіші негізінен жалпы пайданың төмендеуі себепті 4 178 млн теңгеге төмендеді.

Қызмет сегменттері бойынша EBITDA, млн теңге



ТАЗА ТАБЫС/ ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ


2019 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 9 793 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 7,1%) құраса, операциялық қызметтен түскен табыстың 7110 млн теңге не 42 %-ға төмендеуі келесі факторларға байланысты болды:

- Негізгі қызметтен түскен табыс 6 685 млн теңгеге азайды;
- Негізгі қызмет бойынша шығындар 425 млн теңгеге артты.
- Аудит қорытындысы бойынша 2019 жылы жиынтық шығын 5 077 млн теңге болды, ол келесілердің есебінен 2018 жылғы көрсеткіштен 6 662 млн теңгеге артық;
- Қаржылық шығындар (нетто) 1251 млн теңге не 18,3 %-ға артты;
- Негізгі емес қызмет бойынша шығындар (аудит түзетуін есепке алғанда) 1 315 млн теңгеге азайды;
- Табыс салығы бойынша шығындардың 402 млн теңгеге азаюы;
- Негізгі жабдықтар мен күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелерді бағалаудағы сәйкесінше 16 млн теңге және 34 млн теңгеге өзгеріс.


Сегменттер бойынша 2019 жылғы қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Элиминация
Негізгі қызмет табыстары	63 973	24 455	7 622	98 731	-57 586	137 195
Өзіндік құны	-51 508	-18 724	-6 317	-96 932	57 163	-116 318
Жалпы пайда	12 465	5 731	1 305	1 798	-422	20 878
Кезең шығындары	-3 328	-2 484	-1 332	-3 700	-240	-11 085
Операциялық қызметтен түскен пайда	9 137	3 247	-27	-1 902	-662	9 793
Қаржылық шығындар, нетто	-4 395	-1 373	-924	-435	-976	-8 103
Курстық айырмашылық шығыны	-44	-24	30	36	-8	-10
Өзге табыстар	-1 480	-26	9	-744	-2 353	-4 594
Гудвилл құнсыздануы	-829	-122	1 250	115	-714	-300
Пайда салығының шығындары	-297	-370	-193	-465	-504	-1 829
Бір жылғы пайда	2 092	1 331	145	-3 395	-5 217	-5 044
Негізгі қызмет табыстары	15 946	6 557	2 507	-2 225	-2 792	19 994

Активтер, млрд теңге



Пассивтер, млрд теңге



АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жиынтық активтері 319 211 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылдың сәйкес көрсеткішінен 5 122 млн теңге немесе 2%-ға жоғары. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 263 940 млн теңге немесе барлық активтер құнының 82,7%-ын құрады. 2019 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 16 832 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді.

Басқа қаржылық активтер бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар депозит түрінде берілген. Депозиттер Корпорацияның қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұру үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 46 043 млн теңгені құрады.

Ұзақмерзімді қарыздар негізінен компаниялар тобы активтерін

қайта құру және жаңғырту бойынша ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға арналған Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, «Сбербанк России» ЕБ АҚ қарыздарын қамтиды.

Есептік жылдың соңындағы жалпы қаржылық қарыз 82 375 млн теңгені құрады, бұл ретте Корпорация қаржылық тұрақтылығын сақтап отыр.


АҚША ҚАРАЖАТЫ-НЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2019 жылы операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттары ағынының азаю тенденциясы байқалды. Ол электр және жылу энергиясын өткізу және беру көлемінің азаюымен байланысты болды. Операциялық қызметтен түскен таза ағын 2019 жылы 16 775 млн теңге болды. Ол 2018 жылғы көрсеткіштен 4 751 млн теңге не 22%-ға аз.

24 538 млн теңге көлеміндегі инвестициялық қызмет бойынша ақшаның ең қомақты кері ағыны инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырумен және 2019 жылғы несие қарыздарын төлеумен байланысты. Қаржылық қызмет бойынша қомақты кері ағындар банктік қарыздарды өтеумен байланысты болды, қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттарының өзгерісі – 7 439 млн теңге. 201 жыл соңындағы ақшалай қаражаттың қорытынды неттосы 895 млн теңгені құрады.



КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Корпорация стратегиясы бизнес дамуының негізгі бағыттарын, басқарушылық жобаларды және технологияларды айқындайды. «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – электр және жылу энергиясымен қамту саласында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы негізінде халықты үздіксіз әрі сенімді қызметпен қамтамасыз ететін тиімді жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

«ОАЭК» АҚ өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құруға бағыттаған капитал салымдарының көлемі бойынша Қазақстан электр энергетикасы саласында 3-орынды иеленеді.

БАСЫМ ЖАҚТАРЫ

- Жылу энергиясын өндіру және тарату және электр энергиясын тарату нарығында Холдингің өзі қызмет ететін өңірлердегі монополиялық жағдайы.
- Тұтынушылардың дифференциалдық портфелі және түрлі тұтынушы типтері арасында тұрақты сұраныстың болуы.
- Вертикалды біріккен компания – өндірістен бастап соңғы тұтынушыға жеткізуге дейінгі жылу және электр энергиясын жеткізудің толық циклі.
- Капиталға халықаралық және ішкі акционерлердің қатысуынан жиналған тәжірибе.
- Жетекші технологиялық шешімдер мен Корпорацияның прогрессивті даму саясатын енгізуге бағыт алуы;
- 216,1 млрд теңге көлеміндегі ірі ауқымды инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру. Бұл көрсеткіш бойынша электр энергетикалық компаниялар арасында 3-орын алады.
- Корпорацияның серіктестермен және бөлімдермен сенімді байланыстары.


2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР:

- Кепілді өткізуге ие және төмен тәуекелді нарықты мақсатты түрде кеңейту;
- Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңалау есебінен өндірістік тиімділікті арттыру;
- Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту есебінен перспективалық жобаларды енгізу, «жасыл» технологиялардың дамуына ықпал ету;
- Кадр құрамын өндірістік сектор мен кәсіпорындарды басқаруда жаңа тиімді технологияларға оқыту есебінен басқарудың ең үздік – Корпорация кәсіпорындары қызметінің геостандарттарын енгізу.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА СӘЙКЕС МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2009 ЖЫЛДАН БЕРГІ МАҚСАТТЫ МІНДЕТТЕР	2019 ЖЫЛҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСУ СТАТУСЫ
Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде 2020 жылға қарай өндіріс станциялары қондырғыларының тозуы 80%-дан 56%-ға қысқарады;	Станциялардың өндірістік қондырғыларының тозуы 51,3%-ға дейін қысқарды;
толықтай жаңартылған өндірістік активтердің үлесі 65%-ды құрайды;	жаңаланған өндірістік активтердің үлесі 64,5%-ды құрады;
зиянды шығарылымдардың саны 24%-ға төмендейді;	зиянды шығарылымдар көлемі 26,3 мың тонна болып, 25,2%-ға қысқарды;
орнатылған электр қуаты бойынша - 288 МВт немесе 30%;	орнатылған электр қуаты 1218 МВт (өсім 30%);
орнатылған жылу қуаты бойынша - 210 Гкал/с немесе 7,6%;	орнатылған жылу қуаты 2981 Гкал/с (өсім 7,6%);
электр энергиясын өндіру бойынша - 2000 млн кВт-с-тан астам немесе 38,7%;	электр энергия өндірісі бойынша – 1634 млн кВт-с (өсім 30,3%); 2019 жылы 7033 млн кВт-с құрады;
жылу энергиясын босату бойынша - 200 мың Гкал-дан астам немесе 3,4%.	Жылу энергиясын босату бойынша – 368 мың Гкал (өсім 6,1%). 2019 жылы 6371 мың Гкал құрады.
2009-2020 жылдар кезеңінде желілерде келе-сідей шығындардың төмендеуіне қол жеткізу жоспарланып отыр: • электр энергиясы бойынша 4,4% • жылу энергиясы бойынша 5,7%.	Нормативтен тыс шығындар 2014 жылы толықтай жойылды. Шығындардың төмендеуі: • электр энергиясы бойынша 4,9%-ға; • жылу энергиясы бойынша 3,5%-ға.
«Жасыл» технологияның дамуына үлес қосу.	Корпорация жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласында жобалар жүзеге асыратын «ОАЭК Green Energy» компаниясын сатып алуды жоспарлап отыр.
Бірыңғай биллинг жүйесіне көшу.	«Астанаэнергосбыт» ЖШС және «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нде жылу және электр энергиясы бойынша заңды және жеке тұлғаларға арналған бірыңғай корпоративтік биллинг жүйесін енгізу 2019 жылы толықтай аяқталды.
Экология, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкестіктің сертификатын сақтау.	«Павлодар ЭТК» АҚ және «Павлодар жылу желілері» ЖШС-нде мәліметтерді енгізу үшін энергия беруші компаниялардың функционалы жүзеге асырылды. Холдинг ЕҰ экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001 сериясы стандарттарына сәйкестікке сертификатталған. Корпорацияда Сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі (OHSAS 18001) және Энергетикалық менеджмент жүйесі (ISO/CD 50001) әрекет етеді. 2019 жылы TÜV Rheinland Kazakhstan «ОАЭК» АҚ ЕҰ-на бақылау және сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің интеграцияланған жүйесі сертификаты алынып, оның жұмыс қабілеті, нәтижелілігі және жақсаруға бағыт алғаны расталды.
Өндірістік жарақаттануды төмендету мақсатындағы шараларды өткізу.	Есептік жылда «ОАЭК» АҚ 2018-2019 жылғы ҚЖЕҚ шаралар жоспары аясында 9 бағыт бойынша шаралар жүзеге асырылса, олардың қатарына «АЭҮК» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда 2 өзара аудит болды.
Кәсіпорындарды жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету;	2019 жылы кәсіпорын профилі бойынша сырттай оқу формасында 62 жұмысшы жоғары білім, 42 жұмысшы техникалық/кәсіби білім алды.
Жұмысшылардың басқарушылық және кәсіби компетенцияларын дамыту;	4 жылда «ОАЭК» АҚ ЕҰ жоғары білікті жұмысшылары, оның ішінде зейнет және зейнет алды жастағы жұмысшылары арасынан тәлімгерлер пулы жасақталып, тәлімгерлер оқудан өтті. Жыл сайын тәлімгер болып 300-ге дейін жұмысшы тағайындалады.
Тәжірибемен бөлісу және жаңа қызметкерлерді тез бейімдеу үшін тәлімгерлік институтын дамыту;	
Ішкі және сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру.	2019 жылы кадрлық резервтегі 956 жұмысшы ішінен басшылық лауазымдарға 166 жұмысшы ауыстырылды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Тиімді және жауапты корпоративтік басқарудың маңызын сезіне отырып, «ОАЭК» АҚ халықаралық принциптер мен жетекші әлемдік тәжірибелерге негізделген жоғары стандарттарды ұстанады. Корпорация корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады және өз қызметінде барлық тараптың, негізінен инвесторлар, акционерлер және жұмысшылардың мүдделерін ескереді.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ



Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастамасымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.

Корпорация акционерлерінің құқықтары:

- Жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізу;
- Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсыну;
- Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру;
- Қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге құқықтар.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылы акционерлердің 1 жылдық және 2 кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді. Жиналыстарда келесі мәселелер қаралды:

- «ОАЭК» АҚ ЕҰ қаржылық есептіліктерін бекіту;
- ЕҰ таза табысын бөлу тәртібін анықтау;
- «ОАЭК» АҚ ЕҰ қызметіне қатысты акционерлердің үндеулері туралы мәселелерді қарау;
- «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ қаржылық есептіліктеріне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;
- «ОАЭК» АҚ және кей еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау;
- өзге мәселелер.




2019 жылы корпоративтік басқару тәжірибесі Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның жарғылық капиталы **46,043** млрд теңге



«ОАЭК» АҚ акционерлері: «ОАОЭК» АҚ (92,75%) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қатысуымен құрылған жалпы үлесі 7,25% болатын қорлар: KIF ENERGY S.a.r.l. – 4,35%, Baiterek Venture Fund АҚ – 1,45%; CKIF ENERGY S.a.r.l. – 1,45%.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды.

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне үш тәуелсіз директор кіреді, олар Корпорацияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды.

Корпорация Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес анықталады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері келесі критерийлерге сәйкес келеді:

- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда үлестес болмаған.
- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлғаларға қатысты үлестес тұлға емес;
- «ОАЭК» АҚ лауазымды тұлғалары немесе «ОАЭК» АҚ үлестес тұлғаларының ұйымдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда бағынышты болмаған.
- Мемлекеттік қызметкер емес;

комитеттерінен түскен ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі отырыстарын шақырып, күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі өз қызметінде алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі аталған принциптерге сүйенеді:

- Корпорация қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Корпорация акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.



«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесіндегі жұмыс өтілі:

9-11 жыл | **3** адам
2-3 жыл | **4** адам
жылдан аз | **2** адам

«ОАЭК» АҚ органдарының отырыстарына акционерлердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да болмаған;

«ОАЭК» АҚ аудитінде аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да қатыспаған.

Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелері мен Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі және атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2019 жылы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 100 млн теңгені құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2019 жылы Директорлар кеңесінің 13 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесі назар аударған мәселелер қатарында ай сайынғы және квартал сайынғы басқарушылық есептер, «ОАЭК» АҚ 2018 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарының орындалуын қарау, «ОАЭК» АҚ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарын бекіту, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін және «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2018 жылғы қаржылық есептілігін бекіту, бұл компаниялардың 2018 жылғы таза табысын бөлу тәртібін анықтау, сондай-ақ, 2019 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау, «ОАЭК» АҚ 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, «ОАЭК» АҚ аяқталған 2018 қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына шаққан-

дағы дивиденд мөлшерін айқындау, «ОАЭК» АҚ 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау, «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің мен Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметі туралы есептерді қарау, бірқатар ішкі нормативтік құжаттарды бекіту және өзгелер болды. 2019 жылы ірі мәмілелер жасалып, олар туралы ақпарат Қаржылық есептілік депозитарий мен Қазақстандық қор биржасының сайттарында жарияланды.

ДК жұмысы	2017	2018	2019
Күндізгі отырыстар	5	8	6
Сырттай отырыстар	3	–	7

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорация акционерлерінің жалпы жиынының шешімімен сайланады. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Жарғы ережелеріне сәйкес, кем дегенде алты адамнан құралуы қажет. Олардың кем дегенде үштен бірі – тәуелсіз директорлар болуы тиіс. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері боп тек жеке тұлғалар бола алады және олар келесі топтардан сайлана алады:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ Бас директоры да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары мыналар болып табылады:


- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету;

Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсауға ниетті. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамау ұсынысын білдіруге міндетті.

2019 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2018 қаржылық жыл үшін 800,05 млн теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Корпорацияның жеке атқарушы органы – Бас директор болып табылады, ол Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Бас директор қызметінің негізгі принциптеріне Акционерлер көзқарасын мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.



**СЕРГЕЙ
ВЛАДИМИРОВИЧ
КАН**

«ОАЭК» Бас директоры

ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

1998 жылы Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университетін тәмамдаған. 20 жылдан бері Қазақстан Республикасы аумағында түрлі қызмет түріндегі шетелдік қатысумен қазақстандық және біріккен кәсіпорындарды дамытумен, ілгерілетумен және басқарумен айналысып келеді.

2007 жылдан бері Кан мырза «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры, 2010 жылдан бері «Circle Maritime Invest» АҚ кеме қожалығы компаниясының Президенті лауазымдарын атқарады.

2004 жылдан қазірге дейін «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2017 жылдан қазірге дейін «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Кан Сергей Владимирович елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан айтарлықтай үлесі үшін «Парасат» мемлекеттік орденімен марапатталған.

СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Бас директор сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- Сыйақының ауыспалы бөлігі Бас директор қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен,

белгілі кезеңде Қоғам қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесімен байланысты және Бас директордың жоғары сапалы қызметіне стимул беруге бағытталған;

- Бас директорға әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамаға, Қоғамның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ (10 НАУРЫЗ 2020 ЖЫЛ)

Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 2 жыл
(2022 жылғы 10 наурызға дейін)

КЛЕБАНОВ АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ (1963 ж.т.)

Директорлар кеңесінің төрағасы

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі және акционері болып табылады.

20.08.2007 – «ОАОЭК» АҚ ДК Төрағасы;

16.03.2009 – ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2008 жылдан бері ДК құрамында).

КАН СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ (1968 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, акционері болып табылады.

01.08.2004 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;

12.11.2007 – «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры;

01.02.2010 – «Circle Maritime Invest» АҚ Президенті;

31.05.2012 – «Circle Maritime Invest» АҚ ДК Төрағасы;

15.10.2015 – «Қазақ Мұнай және Газ институты» АҚ ДК Төрағасы;

28.09.2017 – «ОАЭК» АҚ Президенті (2019 жылдан бастап лауазым атауы «Бас директор» болып өзгерді);

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

ҚҰТБАЙ ЖАНДАР БЕРІКҰЛЫ(1985 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

01.12.2015 – 01.09.2019 - «Almex-Baiterek Fund» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары;

01.09.2017 – 01.08.2019 – «Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

01.08.2018 – «Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма Төрағасы;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2018 жылдан бері ДК құрамында).

КАРЯГИН АНДРЕЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ (1967 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

01.01.2014 – 01.01.2016 – «Астана Инвест» Инвестициялық үйі» АҚ Басқарма Төрағасы;

01.01.2016 – 01.09.2017 – Astana Investment Corporation Президенті;

25.12.2017 – «Астана Инвест» Инвестициялық үйі» АҚ ДК Төрағасы;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

ТЕН ВЯЧЕСЛАВ ВИКТОРОВИЧ (1983 ж. т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

01.09.2009 – 01.06.2013 – Baker Tilly Kazakhstan жобалар жетекшісі (бизнесі бағалау);

01.06.2013 – 01.04.2018 – American Appraisal a Division of Duff & Phelps Бизнесі бағалау департаментінің директоры;

01.11.2017 – Sigma Advisors бірігу және жұтылу департаментінің инвестициялық директоры;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып сайланды.

КАЙЗЕР ФРАНЦ-ЙОЗЕФ (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

17.11.1975–30.06.2009 – Прайс УотерХаусКуперс (PwC) серіктесі;

2005–30.06.2009 – «ЕЭС России» РАҚ, PwC жобасы бойынша серіктесі;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2009 жылдан бері ДК құрамында).

КЕРР МАНФРЕД-ЙОЗЕФ (1947 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

2003–2009 – RWE Power International Ессен Вице-президенті;

2008–2010 – RWE Power International Ессен Басқарушы директоры, Аға кеңесшісі;

25.02.2011 – Rhein Ruhr Power ДК төрағасы;

25.10.2011 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2011 жылдан бері ДК құрамында).

ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ (1968 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

04.01.2013 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

01.01.2014 – 13.06.2017 – «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

09.09.2015-16.11.2016 – «Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

13.10.2016 – «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

29.09.2017 – «City Vox» ЖШС Директоры;

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

15.01.2018 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

НАЙЗАБЕКОВ ТИМУР ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ (1983 ж. т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

10.2012 - 10.2014 – «Ұлттық инвестициялық корпорация» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі;

09.2014 -09.2015 – Union Bancaire Privee қаржы сарапшысы;

04.2016 -09.2017 – «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;

04.2016 -09.2017 – «Estate Management Company» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы;

04.2018 – «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;

10.03.2020 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып сайланды.

2019 жылы Директорлар кеңесі қызметін бағалау жасалған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖА- НЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗ- МЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДА ТӨРТ КОМИТЕТ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОМИТЕТ

Комитеттің негізгі функциялары:

- «ОАЭК» АҚ қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегиясын қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ концепциялары, саясаттары, бағдарламалары, даму жоспарларын және олардың жүзеге асу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ бюджетін және оның орындалу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына Комитеттің ойынша ДК тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу;
- Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесу.

Керр М. Төраға

Кан С.В.

Тұрғанов Д.Н.

Карягин А.В.

Перфилов О.В.

2019 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесті.

2 АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің негізгі функциялары:

- Директорлар кеңесіне қаржылық есептілік және ішкі бақылауды қадағалау, сондай-ақ, қоғамда адекватты тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі барын қадағалау тұрғысынан өзінің реттеуші және қадағалаушы функциясын тиімді жүзеге асыруына көмектесу;
- Ішкі аудит, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және нығайту;
- Директорлар кеңесінің назарына оның тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу.

Кайзер Ф. Төраға

Керр М.

Карягин А.В.

2019 жылы Комитет Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізу, ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу бойынша көмектесті. Комитетте ішкі аудит және тәуекел-менеджмент департаменттерінің жұмысына қатысты мәселелер, оның ішінде департаменттердің жұмысы туралы тиісті есептер қаралып, бюджет, жұмыс жоспарын бекіту, «ОАЭК» АҚ және ЕҰ қаржылық аудиттелген есептіліктерін алдын ала қарау жүргізілді.

3 КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КОМИТЕТІ

Комитеттің негізгі функциялары:

- Жұмысшыларға қосымша сыйақылар, өтемақылар және әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-на бірегей кадрлық саясат әзірлеу және енгізу;
- корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның принциптерін жүзеге асыру.

Табанов Э.Р. Төраға

Тұрғанов Д.Н.

Карягин А.В.

Нигаи А.Д.

Константинова Н.В.

2019 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға көмектесті.

4 ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИТЕТ

Комитеттің негізгі функциялары:

- корпоративтік басқару тиімділігін арттыру, жобаларды жүзеге асыру және «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-ның техникалық дамуы тұрғысынан стратегияның орындалуын бақылау;
- Директорлар кеңесіне техникалық қайта жаратандыру және өндірістік кешенді жаңғырту мәселелері бойынша қабылданып шешімдерді, сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-ның инвестициялық дамуын бақылау, «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-ның инвестициялық жобаларын қаржыландыру тиімділігін бақылау тұрғысынан өзінің реттеуші және қадағалаушы функциясын тиімді жүзеге асыруына көмектесу.

Керр М. Төраға

Тұрғанов Д.Н.

Перфилов О.В.

Татаров И.В.

2019 жылы Комитет өз мүшелерінің Корпорацияда инвестициялық жобалардың орындалуын уақытылы және тиімді бақылауын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз етті.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпорацияның корпоративтік басқару саясаты 2019 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексiнiң ережелерiне сәйкес болды, кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөнiндегi нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Принциптердi ұстану Корпорация қызметiнiң күн сайынғы тәжірибесiне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесiн қалыптастыруға әсер ететiн корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерiн қалыптасты-

руға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

Корпоративтік басқару кодексiнiң негiзгi принциптерi:

- Әiлеттiлiк
- Есеп берушiлiк
- Жауапкершiлiк
- Ашықтық
- Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершiлiк
- Тиiмдiлiк
- Бақылауға алушылық



2019 жылы корпоративтік басқару кодексiнiң барлық негiзгi принциптерi сақталды.

КӨЗҚАРАСТАР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Көзқарастар қайшылығы Әдеп кодексiнiң 5.6 тармағымен реттеледi. Бұл құжатта қызметкерлердiң жауапкершiлiгi, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердiң компания iшiнде және одан тыс аумақтағы қызметi туралы жазылған.

«Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негiзгi принциптердiң қатарында «Көзқарастар қайшылығын төмендету» принципі көрсетiлген. Бұл принципке сәй-

кес, Корпорация ашық Ұйымдық құрылым түзу арқылы өкiлеттік пен жауапкершiлiктердi тиiмдi бөлу негiзiнде көзқарастар қайшылығын төмендетедi.

Директорлар кеңесi мүшелерiнiң қызметi тиiстi Ережемен реттеледi. Директорлар кеңесi мүшелерi арасында көзқарастар қайшылығын жою туралы Директорлар кеңесi мүшелерiнiң құқықтары мен мiндеттерi туралы тармақта баяндалған.

СЫРТҚЫ АУДИТ

«ОАЭК» АҚ тобының қаржылық есептiлiктерiне сыртқы аудит жүргiзетiн компания «PWC Қазақстан» ЖШС болып табылады. Аудиторлық қызмет көрсету бойынша шарт компаниямен 2021 жылға дейiн жасалды.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Корпорацияда әрекет ететiн iскери әдеп кодексi 2010 жылы Директорлар кеңесiмен бекiтiлген.

Құжат келесi төрт бағыттағы iскери өзара қарым-қатынасты реттеудiң халықаралық тәжірибе стандарттарын бiрiктiредi:

- бизнес және кәсiби әдеп;
- ұйымдық әдеп;
- корпоративтік басқару;
- компанияның әлеуметтік жауапкершiлiгi.

Корпорацияның барлық қызметкерлерiне ортақ iскери этика стандарттары мен нормалары қызметте келесi маңызды нәтижелерге қол жеткізуге негiз болады:

Шешiм қабылдауда келiсiмге келу санын төмендетiп, талқылауда пiкiр еркiндiгiн қамтамасыз етедi	Корпоративтік мәдениеттi және жалпы Корпорацияның қоғамдағы репутациясын/имиджiн жақсартады	Корпоративтік басқару, тәуекелдердi басқару және кризистiк басқару процесiнiң тиiмдiлiгiн арттырады	Мүдделi тұлғалардың тиiмдi өзара әрекетiне көмектеседi	Сот қарауларынан қашуға мүмкiндiк бередi
--	---	---	--	--



Мүдделi тараптар үшін Кодекс компаниямен адал, әдiл әрiптестiк жасау ережелерiн қамтиды. «ОАЭК» АҚ қызметi кодекске сай өз клиенттерiне (тұтынушыларына), қоғамға, Корпорацияға және әрбiр қызметкерге жеке пайда тигiзуге бағытталған.

Компаниялар тобында iскери әдептiң сақталуы реттелген әдеп принциптерi мен талаптарына сәйкес қызметтi ұйымастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады.

Кодекстiң бекiтiлген стандарттары мен талаптары Корпорацияның барлық жұмысшылары арасында бөлінедi.

Кодекс Корпорация қызметiне оның адалдығына, ашықтығына және кәсiбилiгiне сенiмдi қамтамасыз ету үшін этикалық нормаларды бекiтедi. Құжатта Корпорация iшiндегi, сондай-ақ, сыртқы ортамен қарым-қатынас нормасы жазылған.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

және ішкі аудит

Корпорацияда қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит процестері – «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы ұйымдары қызметіне интеграцияланған өзара байланысты үздіксіз процестер.

Корпорация және оның ЕҰ-нда тәуекелдерді басқару барлық деңгейде жүзеге асырылады: басқарушы және атқарушы органдар, өндірістік кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері. Тәуекелдерді басқару процесі Корпорацияны басқарудың жалпы жүйесінің құрамындағы үздіксіз және циклді процесс болып табылады. Бұл оны барлық ұйымдық процестердің ажырамас құрамдас бөлігі және шешім қабылдау процесінің міндетті бөлігі етеді.

Корпорацияның еншілес ұйымдарындағы тәуекел-менеджмент және ішкі аудит қызметі бірегейлендірілген және Корпорацияда қабылданған әдістеме мен тәжірибеге сәйкес келеді.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Қазіргі таңда Корпорация бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

2019 жылы ІАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Еншілес ұйымдарда келесі бизнес процестердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жүргізілді:

- Инвестициялық қызметті басқару;
- Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару;

- Тұтынушыларға қызмет көрсету процесін басқару;

- Қызметкерлерді басқару;

- Сатып алу, шарттар және кредиторлармен есеп айырысуды басқару.

ІАД ұсыныстарын орындауға мониторинг, негізгі жабдықтар мен тауарлы-материалдық қорларға бөлшек түгендеу жүргізілді.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ,

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексінә сәйкес жүргізіледі.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады:

- адалдық;
- нақтылық;
- конфиденциалдық;
- кәсіби компетенттік.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

2020 жылы ІАД өз қызметін Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Жоспарға сәйкес, ЕҰ-да бизнес-процестерді ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізіледі:

- инвестициялық қызметті басқару;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару;
- табыстарды есепке алу және дебиторлармен есеп айырысу;

- қызметкерлерді басқару;

- сатып алу, шарттар және кредиторлармен есеп айырысуды басқару.

2020 жылы Аудит жөніндегі комитет, сыртқы аудитормен өзара қызмет, консультациялық және методологиялық жұмыс, ІАД ұсыныстарын орындау мониторингі, негізгі қорлар мен тауар-материалдық запастарға жекелеген инвентаризация жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі қызметті жүзеге асыруға қауіп төндіретін барлық тәуекелдерді бірегейлеуге, бағалауға, тиімді басқаруға және мониторинг жасауға бағытталған.

«ОАЭК» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Корпорация қызметіне қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

Тәуекел-менеджмент департаменті 2019 жылы Директорлар кеңесі бекіткен бір жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізді:

- Корпорация тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру;
- Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу.
- «Инвестициялық қызмет», «Қойма шаруашылығын басқару», «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару» бизнес-процестерінде ІБС ұйымдастыру тиімділігін талдау және тестілеу, тәуекелдерді анықтау және бағалау;
- Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.

Корпорацияда тәуекелдерді басқару деңгейін арттыру мақсатында тұрақты түрде бөлімшелердің негізгі қызметкерлері мен басшылары оқытылады. Оқу процесінде басқарушылық және операциялық шешімдер қабылдау кезінде



тәуекел ориентациялы шешімді қолдану мақсатында тәуекелдерді басқарудың базалық принциптерін түсіндіруге назар аударылады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«ОАЭК» АҚ-нда Корпорацияның тәуекелдерге қатысын айқындап, ТБЖ құру және қызмет етуінің базалық принциптерін, оның мақсаты мен міндеттерін, Корпорацияда тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылаудың негізгі тәсілдерін бекітетін Тәуекелдерді басқару саясаты бекітілген және жүзеге асырылады. ТБЖ қатысушылары арасындағы жауапкершілікті бөлу және олардың өзара қызметі Корпорацияның нормативті құжаттарында регламенттелген. 2019 жылы тәуекелдерді бірегейлеу, бағалау және бақылау жұмыстары жүргізілді.

ТӘУЕКЕЛ ТОПТАРЫ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Реттеу тәуекелдері
- Инвестициялық тәуекелдер
- Жобалық тәуекелдер
- Репутациялық тәуекелдер
- Нарықтық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Технологиялық тәуекелдер
- Сатып алулар және қамту
- Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік
- Төтенше жағдайлар
- Кадрлық тәуекелдер
- Экологиялық тәуекелдер
- Контрагенттермен өзара қызмет
- Коммерциялық тәуекелдер
- Кәсіби тәуекелдер
- Отын тәуекелдері
- Репутациялық тәуекелдер
- Әлеуметтік тәуекелдер
- Мүліктік тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Заңнаманың бұзылуы
- Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері
- Мүліктік тәуекелдер
- Коллекторлық тәуекелдер
- Реттеу тәуекелдері
- Экологиялық тәуекелдер
- Кадрлық тәуекелдер
- Салықтық тәуекелдер



ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Қаржылық есептілік
- Пайыздық тәуекелдер
- Өтімділік тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер
- Бағалық тәуекелдер
- Валюталық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер

ТӘУЕКЕЛДЕР АНЫҚТАЛАДЫ, БАҒАЛАНАДЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАНАДЫ

01.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ

Тәуекелдерді анықтау процесі және одан әрі бағалау мен басқару үшін Корпорацияның тәуекелдер реестріне енгізу.

02.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Тәуекелдің Корпорацияның өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне қаншалықты ықпал ететінін айқындау процесі

03.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Корпорация қызметіне ықпал ететін оң оқиғаларды арттырып, теріс оқиғаларды азайту жолымен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтаумен, бағалаумен және таңдаумен байланысты процесс.

04.

ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ МОНИТОРИНГ

Тәуекелдерді басқару бойынша Шаралар жоспарына мониторинг жасауға бағытталған процесс (тұрақтылық, уақыттылық және шараны атқару сапасы).

ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

ТӘУЕКЕЛ	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС
<p>Стратегиялық тәуекелдер</p> <p>Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығының енгізілуі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы заңнамасының жетімсіздігі; 2. Нақты тұтынымды белгілейтін толыққанды ЭКЕАЖ жүйесінің болмауы; 3. Тұтынушылардың қысым профилі бойынша статистиканың болмауы; 4. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығында тиімді жұмыс жасау үшін ақпараттық-талдамалы БҚ болмауы. 		
<p>Операциялық тәуекелдер</p> <p>Білікті өндірістік-техникалық қызметкерлердің жетіспеушілігі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Орташа еңбекақының төмен деңгейі. 2. Ішкі және сыртқы миграция. 3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадрларды дайындау деңгейінің төмендігі және басқалар. 		
<p>Білікті/негізгі қызметкерлерді жоғалту</p>		
<p>Жарақаттану/қайғылы оқиға</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмысшылардың жұмыс кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер мен нормаларда көрсетілген технологиялық талаптарды бұзуы. 2. Жекелеген жұмысшылардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша инструкция, талаптарды қанағаттанарлық деңгейде білмеуі. 3. Жұмыстың қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылмауы. 4. Қондырғылардың істен шығуы, өндірістік апаттар. 		

Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Корпорацияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2019 жылы Корпорация қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 79 тәуекел анықталды.

ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
<p>Стратегиялық тәуекелдер</p> <p>2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр қуаты енгізіліп, сонымен бірге электр энергиясының теңгерімді нарығы имитациялық режимде әрекет етуде. Тәуекел ірі тәуекелдер зонасынан ауысса да, маңызды, ұдайы бақылауды қажет ететін тәуекел болып қалды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Энергетика министрлігімен және ҚР Ұлтық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік және тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетімен Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы қызметінің ережелерін реттейтін заңнамалық құжаттарға ұсыныстар мен ескертпелер енгізу бойынша әріптестік; 2. Тәуелділік графиктерді беру бойынша тұтынушылармен жұмыс жүргізу; 3. Нақты тұтынушылардың тұтынымын ЭКЕАЖ жүйесінде бақылау. 4. Көтерме тұтынушылардың ЭКЕАЖ жүйесін дамыту; 5. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығында тиімді жұмыс істеу үшін ақпараттық-талдамалы БҚ енгізу.
<p>Операциялық тәуекелдер</p> <p>Корпорация қызметі көп жағдайда негізгі білікті қызметкерлерге тәуелді. Әсіресе өндірістік-техникалық салада қызметкерлер санының жеткілікті болмауы кадр дефицитімен байланысты тәуекелдің пайда болуына әкеледі. Білікті мамандар санының шектеулілігі мен оларға деген бір уақыттағы сұраныстың артуына байланысты Қазақстан мен жақын шетелдегі бәсекелестік күшейіп келеді. 2019 жылы эксперттік бағалауға сәйкес өндірістік-техникалық қызметкерлер жетіспеушілігі сыни тәуекелдер зонасына орын ауыстырды.</p>	<p>Аталған тәуекелдерді басқару аясында Корпорация кешенді шараларды жүзеге асырды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. еңбекті төлеу қорының резервтерін табу үшін басқарушылық және өндірістік процестерді, штаттық кестені оңтайландыру. Бұл бірінші кезекте аса қат және негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысын арттыру үшін ақша көзін табуға қажет; 2. келесі жылға тарифтерді қорғау кезінде «ОАЭК» АҚ ЕҰ кәсіпорындарының тарифтік сметаларында еңбекті төлеу қорын арттыру; 3. ЕҰ қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік пакетті жақсарту; тұрғын үй жағдайын жақсартуға аса мұқтаж жұмысшыларға, жас мамандар мен аса қат қызметкерлерге баспана беру мүмкіндігін қарастыру; 4. «PROFENERGY» бағдарламасын келесі бағыттар бойынша жүзеге асыруды жалғастыру: <ul style="list-style-type: none"> • жоғары және орта-арнаулы оқу орындары студенттері мен түлектерін тарту есебінен сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру; • қызметкерлердің білім деңгейін арттыру; 6. тәлімгерлік институтын дамыту; 7. Қазақстан Республикасының еңбек ресурсы мол өңірлерінен «ОАЭК» АҚ ЕҰ кәсіпорындарына жұмысшылар тарту мақсатында «ENBEKENERGY» жобасын жүзеге асырудың басталуы; 8. білікті жұмысшыларды материалдық және материалдық емес ынталандыру; 9. қызметкерлерді сапалы дайындау, қайта дайындау, оқыту, біліктілігін арттыру және дамыту, Корпорациядағы білімді жинақтау үшін Корпоративтік оқыту орталығын құру.
<p>2019 жыл қорытындысы бойынша HR-статистика көрсеткіштерін талдау «ОАЭК» АҚ ЕҰ-нда қызметкерлер тұрақсыздығы коэффициенті мәнінің өскенін көрсетті.</p>	<p>Тәуекелді азайту аясында тұрақты негізде өндірістік жарақаттануды төмендетуге бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылады. Оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қондырғылар, ғимараттар, құрылыстар мен автотранспорттың техникалық ахуалына қатаң бақылау; • өндірістің зиянды және қауіпті факторларын азайту; • тәуекелдерді бағалау; • жұмыс кезіндегі техникалық қауіпсіздік жағдайына тұрақты бақылау жүргізу; • жұмысшыларды арнаулы киім мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету; • жұмысшыларды қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту және білімін тексеру; • қайғылы оқиғалардың қайталанбауы үшін оларды зерттеу және терең талдау жасау; • тәртіптік аудиттер өткізу. <p>2019 жылы қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология бойынша мердігер ұйымдармен өзара қызмет бойынша ішкі нормативтік құжат бекітілді. Қондырғыларды бұғаттау және маркілеу процедуралары (lock out/tag out, LOTO) енгізілуде.</p>
<p>2019 жылы жарақаттану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда өсті. Тәуекел Корпорация үшін маңызды тәуекел болып табылады.</p>	



ТӘУЕКЕЛ

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ ӨЗГЕРІС

Қаржылық тәуекелдер

Шетелдік валюта қатынасында ұлттық валюта курсының өзгеруі

1. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі.
2. Шикізат пен энерготасымалдағыштардың бағасының әлемдік төмендеуі;
3. АҚШ долларының өсуі фондында дамушы елдер валюталарының (оның ішінде теңгенің) әлсіреуі.
4. Дамыған елдердің санкциялық саясатының жанама ықпалы.
5. Шетелдік валютада ТМҚ және қызметтерді жеткізуге шарттар жасасу.
6. Шетелдік валютада қарыз шарттарын жасасу/шарттардың болуы.



Өтімділік дефициті

1. Электр генерациясының нәлдік рентабельділігі.
2. Ақша қаражатының уақытылы түспеуі.
3. Кешіктірілген дебиторлық қарыздың артуы.



Кешіктірілген дебиторлық қарыздың өсуі

- Жылу және электр энергиясы тұтынушыларының электрмен қамту қызметін уақытылы және толық төлеу тұрғысындағы шарттардың талаптарын орындамауы. Оның себептері:
- Тұтынушылардың төмен төлем тәртібі.
- Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің төмендеуі.



Тәуекел ықпалы төмендеді



Тәуекел ықпалы өзгерген жоқ



Тәуекел ықпалы артты



Тәуекелдің туындау ықтималдығы артты

ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ

Қаржылық тәуекелдер

2019 жылда ұлттық валюта АҚШ долларымен салыстырғанда аз ғана, 2% -дан сәл астам мөлшерге төмендеді. Жыл ішінде теңге волатильділіктің төмен деңгейін көрсетті. 2019 жылы шетел валютасындағы қарыздарын қайта қаржыландырды (ішінара АҚШ долларынан Ресей рубліне өту арқылы). Корпорация және ЕҰ АҚШ доллары мен Ресей рубліне деноминалданған айтарлықтай міндеттемелерге ие. Соған байланысты 2019 жылы ұлттық валюта курсына айтарлықтай ауытқулардың болмауы қорытынды қаржылық көрсеткіштерге негативті ықпал еткен жоқ. Нәтижесінде тәуекел ірі тәуекелдер зонасына орын ауыстырды және Корпорация үшін маңызды болып табылады.

Корпорация валютаның айырбас курсына, сондай-ақ, валюталық курстың өзгеруіне ықпал ететін өзге көрсеткіштерге (мұнай бағасы, шикізат және өзгелер) мониторинг жүргізеді. Аталған тәуекелді басқару үшін Корпорация АҚШ долларында деноминацияланған депозиттерде еркін қаражатты орналастыру және ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау арқылы табиғи хеджирлеу әдісін қолданады.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Корпорацияның жалпы рентабельділігі тариф есептемесінен 12 пайыздық электр энергиясын өндіру рентабельділігі нормасын алып тастауға байланысты 0% -ға дейін төмендеді (ҚР Энергетика министрінің 2018 жыл 14 желтоқсандағы №508 бұйрығы). Норманы 0-ге төмендету өтімділік дефициті тәуекелін тудырып, ол өз кезегінде «ОАЭК» АҚ ЕҰ-ның инвестициялық бағдарламаларының мәжбүрлі қысқаруына не орындалмауына әкелуі мүмкін. Өтімділік дефициті тәуекелі Корпорация үшін маңызды болып табылады.

Корпорация өтімділік дефициті тәуекелін адекватты резервтерді, банк қарыздарын және қолжетімді несие желілерін қолдау есебінен бақылайды. Менеджмент тұрақты түрде болжамды және нақты ақша ағындарына мониторинг жасайды, ағымдағы төлемдер басымдығын анықтайды, келешек пайыздық төлемдерді есепке алғанда қаржылық міндеттемелерді өтеу графигіне талдау жасайды, жылдық бюджеттеу процедураларын орындайды, сондай-ақ, Корпорация және оның ЕҰ-ның жылдық бюджеттерінің орындалуына бақылау жасайды. ЕҰ тарифтік сметаларының құрамына кірмейтін шығындар оңтайландырылады.

ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте дебиторлық қарызды өтеу бойынша претензиялық-искті жұмыс жүргізіледі.

Корпорация «ОАЭК» АҚ ЕҰ-да электр энергиясын өндіру тарифтерінде рентабельділіктің адекватты нормасын бекіту бойынша өз мүдделерін қорғайды.

Аталған тәуекелді басқару аясында Корпорацияның энергия өткізуші ұйымдары келесі шаралар кешенін жүзеге асырады:

- тұтынушыларға қарызы бары туралы хабарлама жасалады;
- энергиямен қамту үшін уақытылы ақша төленбеген жағдайда энергия беру тоқтатылады;
- қарызды бөліп төлеу графигі жасалады;
- тұтынушылардан көрсетілген қызметке уақытылы төлем жасамағаны үшін қарызды және үстемеақыны өндіру бойынша претензиялық-исктік жұмыс жүргізіледі;
- борышкерлер мүлкіне арест салынады;
- сот орындаушыларымен бірге борышкерлерге рейд жасалып, оның барысында мүлік тізімі жасалып, тартып алынады;
- кәсіпорындарға жұмысшыларының коммуналдық қызмет үшін қарызы бары туралы ақпарат жіберіледі;
- борышкерлердің Қазақстан Республикасы шекарасынан шығуына шектеу қойылады;
- борышкерлердің қаржы көзі арқылы (еңбекақысынан және зейнетақы аударымдарынан ұстап қалу) қарызын өндіру жүргізіледі;
- өндіріп алу тәртібін өзгертіп, соның негізінде борышкерлердің мүлкіне (пәтерлер не автотранспорттар) саудаға шығару үшін бағалау жүргізіледі.

Корпорацияның энергия өткізуші ұйымдарының бухгалтерлік есебінде өндіріп алу ықтималдығы төмен қарыздар бойынша күмәнді қарыздар резерві құрылады.



Тәуекелдің туындау ықтималдығы өзгерген жоқ



Тәуекелдің туындау ықтималдығы төмендеді



Тәуекелдің орташа деңгейі



Тәуекелдің жоғары деңгейі

ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Корпорацияда бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, барлық атқарушы, бақылаушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады.

Басқарудың барлық деңгейіндегі жетекшілік Корпорацияда келесілер арқылы тиімді бақылау ортасын құрады:

- Компаниялар тобы қызметкерлерінде ішкі бақылау процедураларын орындау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау және адалдық пен компетенттік принциптерін көрсету;
- Компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсібилік және компетенттігін арттыру;
- Құрылымдық бөлімшелер және қызметкерлердің өзара қызмет тиімділігін қамтамасыз ету;
- Өкілеттік пен жауапкершілікті тиімді бөлуді қамтамасыз ету;
- Алаяқтықты болдырмау механизмдерін қалыптастыру;
- Ішкі бақылау органдары қызметін ұйымдастыру.

ІБЖ Корпорацияның операциялық және инвестициялық қызметінің тиімділігін, барлық есептіктердің дұрыстығын қамтамасыз етуге, заңнамалық актілер мен ішкі корпоративтік талаптардың сақталуына бағытталған. Корпорация оның барлық қызметі тәуекелдерді төмендету мақсатында адекватты бақылануына ұмтылады. Бақылау процедуралары басқарудың барлық деңгейінде енгізілген.

Корпорацияда Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ

Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.

ҚАРЖЫЛЫҚ

Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.

СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ

Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

«ОАЭК» АҚ және ЕҰ тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру.

Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу.

Келесі бизнес-процестерде тәуекелдерді анықтау және бағалау, ІБЖ ұйымдастыру тиімділігін талдау және тестілеу:

- «Электр энергиясын бөлу, тұтынуды есепке алу және энергобақылау»;
- «Энергияны өткізу және дебиторлық қарызды басқару»;

- «Тұтынушының жылу тұтынушы құрылғыларын жылу желілеріне технологиялық қосу»;
- «Кәсіпорынды транспорттық қамтамасыз ету»;
- «Техникалық қызмет көрсету және жөндеулерді басқару»;
- «Қызметкерлерді басқару».

Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.
Сапа менеджменті стандартын (ISO 9001:2015) енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

КОРРУПЦИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Корпорацияда Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты бар. Ол Корпорацияның бұл саладағы негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Саясат Корпорация басшылығының коррупцияны кез келген формада болмасын қабылдамау бойынша бірыңғай этикалық стандарт қалыптастыруына негіздейді.

Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде көзқарастар қайшылығын азайту жатады.

Бұл бағыттың күшейтудің негізі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Корпорацияда тиісті қалып мәдениеті және алаяқтықтың кезкелген түріне негативті қарым-қатынас қалыптастып келеді.

Саясатта Корпорацияның алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет тәсілдері мен процедуралар баяндалған. Олардың қатарында мұндай деректерді анықтау және бағалау, қызметтік тексерулер жүргізу, барлық заңсыз деректер бойынша жауапкершілікке тарту бар. Корпорацияда кері байланыс каналдары («жедел желі», телефон және пошта сервисі) бар. Оған заңды және жеке тұлғалар (Корпорация қызметкерлері де) хабарласып, дайындалып жатқан не жасалып қойған коррупциялық және алаяқтық әрекеттер туралы хабарлай алады.


Корпорацияда қызмет ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Корпорацияның іскери серіктестерін Коррупцияға және алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатының талаптары мен принциптері туралы хабардар ету мақсатында Корпорацияның тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу туралы шарттарының типтік шаблондарына коррупция деректерін анықтау жағдайына байланысты тиісті бөлімдер қосылған.

Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясатының талаптарын орындау мақсатында 2019 жылы Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес Тәуекел-менеджмент департаменті Компаниялар тобының қолданыстағы бизнес-процестерінің алаяқтық пен коррупцияға бейімдігін бағалау үшін жұмысшылар (сарапшылар) арасында сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға Корпорацияның барлық ЕҰ құрылымдық бөлімшелерінің 50%-дан астамы белсенді қатысты. Оның нәтижесінде Топ жұмысшыларының алаяқтық пен коррупция әрекетін жасау ықтималы жоғары бизнес-процестер тізімі мен алаяқтық пен коррупцияға бейім құрылымдық бөлімшелер тізімі жаңартылды.

Респонденттер алаяқтық пен коррупция әрекетін жасау ықтималы жоғары деп таныған бизнес-процестерге Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша басымдық беріледі. Ішкі бақылауды жетілдіру аясында жұмыс жүргізу айқын және айрықша коррупция және алаяқтық тәуекелдеріне уақытында назар аударып, пайда болған тәуекелдерді қосымша бақылау және алдын алу шараларын енгізу арқылы жоюға мүмкіндік береді.

2019 жылы Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты жаңартылды. Корпорацияның барлық жұмысшылары жаңартылған саясатпен танысты. Корпорацияның ішкі процедураларына сәйкес, жұмысқа жаңадан қабылданған жұмысшылар Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясатымен міндетті түрде танысып, бұл талаптарды сақтау туралы жазбаша түрде растайды.



2019 жылы коррупция не алаяқтық оқиғасы тіркелген жоқ.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ



«ОАЭК» АҚ өзі қызмет ететін өңірлерде экономика, қоғам және экологияға ықпалының маңызын түсіне отырып, қызметті тұрақты жүргізу принциптерін ұстанады. Компаниялар тобы кәсіпорындары қызметті жақсартуға бағытталған шаралар кешенін жүргізеді.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ



Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Корпорация өзінің шешімдері мен қызметіне мүдделі тұлғалардың тобын айқындаған. Бұл оларға жауап ретіндегі өзінің ықпалы мен қандай шаралар қолдану қажеттігін түсінуге көмектеседі. Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеудің негізі – ағымдағы қызметі мен стратегиялық дамуына ықпалын бағалау, сондай-ақ, Корпорацияның мүдделі тараптармен қалыптасқан өзара қызметі болып табылады.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ 2019 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

2013 жылда бері Корпорация тұрақты түрде Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары мен есебін жариялайды. Бұл құжаттар корпоративтік сайтта жарияланған. Есепте сандық және сапалық көрсеткіштер, шаралар, сондай-ақ, ақпарат тарату көздері кеңінен ашылып көрсетіледі. Есептің толық нұсқасымен сайттан танысуға болады:

<http://caepco.kz/ru/investoram/finansovaya-otchetnost/sep.html>

Жолға қойылған өзара қызмет жүйесінің арқасында Корпорация мүдделі тараптардың пікірі, көзқарасы және өтініштерінен әрдайым хабардар. Өз қызметінің жоғары қоғамдық маңызына байланысты «ОАЭК» АҚ тәуекелдерді төмендету мақсатында барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асырады.



«ОАЭК» стратегиялық мақсаты – тұрақты дамудың жалпы қабылданған принциптерін сақтай отыра жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

КОРПОРАЦИЯ СТЕЙКХОЛДЕРІ	СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ КОРПОРАЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ МҮДДЕСІ
Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> Стратегиялық міндеттерді орындау; Экономикалық пайда / нәтижелілік; Корпоративтік басқару рейтингі; Даму қаражаты және дивидендтерді алу; Таза активтер құны; Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру; бизнес-процестердің ашықтығы.
Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> Кадрлық және әлеуметтік саясат; Ұжымдық шарт талаптары; Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау; Жоғары білікті жұмысшыларды ұстап қалуға және тартуға мотивация.
Мемлекеттік билік органдары мен бақылаушы органдар	<ul style="list-style-type: none"> Уақытылы және шынайы ақпарат алу; ҚР электр энергетикасының дамуына үлес қосу; Энергиямен үздіксіз және сенімді қамту; Жергілікті бюджетке салық түсімдерін көбейту; Әлеуметтік жобаларды уақытылы және сапалы жүзеге асыру; жұмыс орындарын арттыру/сақтау; өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау.
Жергілікті қоғамдастықтар (тұтынушылар)	<ul style="list-style-type: none"> Нарықтағы үлесі/ нарықта қатысуы; Электр және жылу энергиясымен үздіксіз және сенімді қамтамасыз ету; Маркетингтік коммуникациялар; Қоршаған ортаға эмиссиялар.
Оқу орындары	<ul style="list-style-type: none"> Салалық ғылым мен білімнің дамуына үлес қосу; Перспективті кадрларды дайындау мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету; Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.

СТЕЙКХОЛДЕР МЕН КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДИАЛОГ ФОРМАСЫ	2019 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР
<ul style="list-style-type: none"> Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері; Директорлар кеңесінің шешімдері; корпоративтік сайт; жылдық есеп; жиналыстар, іскери кездесулер. 	<p>Директорлар кеңесінің 13 отырысы өтті.</p> <p>Корпоративтік басқарудың барлық формаларын жақсарту мақсатындағы кездесулер мен шаралар өткізілді.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Басшылық шешімдері; Бұйрықтар мен өкімдер; Өндірістік, оперативті және өзге жиналыстар; Ағымдағы қызмет туралы есептер; Ауызша кеңесулер; Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша інструктаждар; Ішкі корпоративтік коммуникация каналдары; Сұрау салу және анкета жүргізу; Әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар. 	<p>«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «АЭҮК» АҚ-нда Ұжымдық шарттар талаптары сақталды.</p> <p>Компаниялар тобында қызметкерлерге әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетілді.</p> <p>ЕҰ-да «Кәсіптегі үздіктер» байқауы өткізілді.</p> <p>«PROFENERGY» корпоративтік жобасы аясында шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты.</p> <p>ЕҰ-дың үздік қызметкерлері салалық және корпоративтік наградалармен марапатталып, кәсіби атақтарды иеленді.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептілік беру; Корпорация қызметінің түрлі бағыттары бойынша мемлекеттік органдар сұраулары бойынша ақпарат беру; Қазақстан Республикасы заңдары мен нормативтік актілеріне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; Өңірлердің әлеуметтік сферасын қолдау және дамыту мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен Корпорация арасында әріптестік туралы меморандумдар; Жиналыстар, іскери кездесулер. 	<p>2019 жылы қызмет ету өңірлеріндегі әкімдердің блогтарына күнделікті мониторинг жасалды. Холдинг кәсіпорындары қызметіне қатысты азаматтардың сұрақтарына жауап берілді.</p> <p>Корпоративтік сайттарда тұрақты түрде электр және жылу энергиясын жоспарлы не апаттық беруді тоқтату туралы ақпарат беріліп, жөндеу жұмыстарының, жылу желілері сынақтарының мерзімдері көрсетілді.</p> <p>ЕҰ кәсіпорындары тобының басшылары (не тағайындалған жауапты тұлғалар) мемлекеттік және бақылаушы органдармен бірге тұрғын үй қорын жылу беру маусымына дайындау бойынша штаб отырыстарына қатысты.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Ақпараттандыру және тұтынушылармен кері байланыс жүйесі; Қоғамдық тыңдаулар, кездесулер; Жылдық есеп; Серіктестік және әріптестік туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қою; Әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар. 	<p>2019 жылы ПЭ кәсіпорындар тобы тұтынушылардың 452 522 хабарламасын қабылдап, жауап берді.</p> <p>2019 жылы СКЭ кәсіпорындары тұтынушылардың 377 326 хабарламасын қабылдап, жауап берді.</p> <p>«АЭҮК» АҚ-на тұтынушылардан 93 хабарлама түсті.</p> <p>2019 жылы «Астанаэнергосбыт» ЖШС тұтынушылардың 23 342 хабарламасын қабылдап, жауап берді.</p> <p>Қоңыраулар мен электронды хабарламалар арасында сұрақтар, өтінімдер, ұсыныстар, есеп құралдарының көрсеткіштерін байланыс орталығына жіберулер және өзгелер болды.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Қызмет ету өңірлерінде жоғары оқу орындарымен әріптестік; Емтихан комиссиялары, біліктілік комиссияларының жұмысына, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процесіне қатысу; Шаралар өткізу: ғылыми жұмыстар байқауы. 	<p>2019 жылы ПЭ және СКЭ атаулы корпоративтік стипендияларын алуға ғылыми жұмыстар байқауы қйымдастырылып, өткізілді.</p> <p>2019 жылы ПЭ кәсіпорындар тобы 293 студентке ақы төленетін және ақы төленбейтін өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік берді. ЖОО және ООО студенттері мен оқушылары үшін кәсіпорынның өндірістік нысандарына 8 экскурсия ұйымдастырылды.</p> <p>СКЭ кәсіпорындарында 109 студент тәжірибеден өтсе, олардың 3-уі ақы алды, ал 7 студент жаз уақытына жұмысқа орналастырылды. Есептік кезеңде 26 жас маман (ЖОО және салалық колледж түлектері, олар үшін Компания алғашқы жұмыс орны болып табылады) жұмыспен қамтылды. Компания нысандарына 15 экскурсия ұйымдастырылды.</p> <p>2019 жылы «АЭҮК» АҚ-нда 67 студент тәжірибеден өтсе, олардың 42-сіне ақы төленді. Жазғы каникул уақытында 14 студент, ал оқу орнын аяқтағандар қатарынан 8 адам жұмысқа алынды.</p>

КОРПОРАЦИЯ СТЕЙКХОЛДЕРІ	СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ КОРПОРАЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ МҮДДЕСІ
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	<ul style="list-style-type: none"> Корпорацияның даму перспективалары туралы ақпарат алу; Қоршаған ортаға негативті ықпалды төмендету; Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету; Қоғамдық тыңдаулар.
БАҚ	<ul style="list-style-type: none"> Бизнес-процестердің ашықтығы; Корпорация қызметі туралы келесі тақырыптардағы ақпаратқа оперативті қолжетімділікті қамтамасыз ету: <ul style="list-style-type: none"> – өндіріс қауіпсіздігі; – бірлескен жобаларды жүзеге асыру; – өндірісті жаңғырту; – Корпорация, саланы дамыту перспективалары. – қаржылық көрсеткіштер;
Жеткізушілер, мердігерлер	<ul style="list-style-type: none"> Ашық бәсекеге қабілетті орта құру; Баға қалыптастырудың нарықтық механизмдерін қолдану; Өзара тиімді әріптестік тұрақтылығы мен сенімділігі; Шарттар/контракттар бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі.
Кәсіподақтар	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс берушінің жұмысшыға қатысты бекітілген міндеттемелерді сақтауы; Жұмысшының құқықтары мен мүдделерін қорғау; Лайықты еңбек шарттарын құру; Кәсіби және жеке өсу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; Әлеуметтік кепілдіктер.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Корпорацияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Корпорацияның

қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;

- Корпорация туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- Корпорацияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.



СТЕЙКХОЛДЕР МЕН КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДИАЛОГ ФОРМАСЫ	2019 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР
<ul style="list-style-type: none"> Қоғамдық тыңдаулар өткізу; Ағымдағы қызмет туралы ақпараттандыру; Корпорацияға бағытталған хаттар (үндеулер). 	<p>2019 жылы Компаниялар тобында экология, қызметтер көрсету, тарифтік сметаны, қызмет туралы есептерді бекіту бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді:</p> <p>ПЭ – 18, СКЭ – 13, АЭҮК – 2, Астанаэнергосбыт – 3.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Пресс-турлар, БАҚ-қа арналған брифингтер, баспасөз конференциялары; Баспасөз релиздері; ақпараттық сауалдарға жауаптар; БАҚ мониторингі. 	<p>2019 жылы БАҚ пен әлеуметтік желілерде «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы туралы 7 091 материал жарияланды. Холдингінің PR қызметтері корпоративтік басылымдардың 50 санын шығарды.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Кері байланыс жүйесі, кездесу, келіссөздер өткізу; Стратегиялық әріптестік туралы шарттар, меморандумдар, келісімдерге қол қою; тендерлер; мердігерлер мен клиенттермен кездесулер. 	<p>2019 жылы Компаниялар тобының корпоративтік сайттарында және БАҚ-та тендерлер өткізу және олардың нәтижелері туралы хабарландырулар жарық көрді.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Ұжымдық шартты талқылау және бекіту; Кәсіподақ мүшелерінің менеджментпен жиналыстары мен кездесулері. 	<p>Кәсіподақ қызметін жүзеге асыруға арналған жағдайлар құру бойынша жұмыстар жүргізілді: ҚР заңнамалық актері мен Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес өзара мүдделер, теңдік принциптері негізінде кәсіподақ ұйымдарымен әріптестік. Кәсіподақ қаржысы есебінен қайырымдылық көмек көрсетілді. Компаниялар тобы бойынша кәсіподақтар 100-ден астам шара өткізді.</p>



Жыл ішінде мүдделі тараптарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2019 жылы «ОАЭК» компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Корпорация және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды. Холдингінің PR қызметтері корпоративтік басылымдардың 50 санын жарыққа шығарды.

2019 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының қызметі туралы БАҚ пен әлеуметтік желілерде 7 091 материал жарық көрді (оның ішінде «ОАЭК» АҚ туралы – 720, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – 1 481, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – 1 441, «АЭҮК» АҚ – 389, «Астанаэнергосбыт» ЖШС – 3 060).

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

2019 жылы 13 қоғамдық тыңдау болды:

2-ПЖЭО 2018 жылғы қызметі туралы есеп (02.04.2019);

«СҚ ЭТК» АҚ 2018 жылғы қызметі туралы есеп (03.04.2019);

«ПЖЖ» ЖШС 2018 жылғы қызметі туралы есеп (04.04.2019);

«Севказэнергосбыт» ЖШС 2018 жылғы қызметі туралы есеп (05.04.2019);

2-ПЖЭО 2018 жылғы қызметі туралы есеп (13.05.2019);

«СҚ ЭТК» АҚ 2018 жылғы қызметі туралы есеп (14.05.2019);

«ПЖЖ» ЖШС 2018 жылғы қызметі туралы есеп (15.05.2019);

«Севказэнергосбыт» ЖШС 2018 жылғы қызметі туралы есеп (16.05.2019);

2-ПЖЭО 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы есеп (17.07.2019);

«СҚ ЭТК» АҚ 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы есеп (19.07.2019);

«ПЖЖ» ЖШС 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы есеп (18.07.2019);

«Севказэнергосбыт» ЖШС 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы есеп (20.07.2019).

Электр энергиясын өткізу қызметіне алдағы уақытта бағаны арттыру туралы қоғамдық тыңдаулар (30.12.19).

2019 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО отын беру қондырғысын қайта құру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаға ықпалын бағалау» экологиялық жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

«АЭҮК» АҚ

2019 жылы 3 қоғамдық тыңдау болды:

«АЭҮК» АҚ 2018 жылғы қызметі туралы жыл сайынғы есебі (30.04.2019);

2019 жылғы I жартыжылдықтағы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп;

Тариф жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдау (19.12.19).

«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

2019 жылы 3 қоғамдық тыңдау болды:

2018 жылғы «Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларын жылу энергиясымен қамту» қызметін көрсету бойынша жыл сайынғы есепке «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нен ақпарат (17.04.2019);

Тұтынушылар және өзге мүдделі тұлғалар алдында «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің жылу энергиясымен қамту бойынша 2018 жылғы қызметі туралы есебі (29.04.2019);

«Астанаэнергосбыт» ЖШС электр энергиясын бөлшек өткізу шекті бағасын 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап көтеру туралы қоғамдық тыңдау (18.12.2019).

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

2019 жылы 14 қоғамдық тыңдау болды:

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметін көрсету бойынша 2018 жылғы қызметі туралы Павлодар қаласы тұрғындары алдындағы жыл сайынғы есебі (23.04.2019);

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметін көрсету бойынша 2018 жылғы қызметі туралы Екібастұз қаласы тұрғындары алдындағы жыл сайынғы есебі (22.04.2019);

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметін көрсету бойынша 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы Павлодар қаласы тұрғындары (3-ЖЭО, 2-ЖЭО) алдындағы есебі (30.07.2019);

«Павлодар жылу желілері» ЖШС-ның жылу энергиясын беру және тасымалдау қызметін көрсету бойынша 2018 жылғы қызметі туралы Павлодар қаласының тұтынушылары және өзге мүдделі тұлғалар алдындағы жыл сайынғы есебі (23.04.2019);

«Павлодар жылу желілері» ЖШС, «Екібастұзжылуэнерго» ӨК-нің жылу энергиясын беру және тасымалдау қызметін көрсету бойынша 2018 жылғы 9 айдағы қызметі туралы Екібастұз қаласының тұтынушылары және өзге мүдделі тұлғалар алдындағы жыл сайынғы есебі (22.04.2019);

«Павлодар жылу желілері» ЖШС-ның жылу энергиясын беру және тасымалдау қызметін көрсету бойынша 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы Павлодар қаласының тұтынушылары және өзге мүдделі тұлғалар алдындағы жыл сайынғы есебі (30.07.2019);

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС-ның жылу энергиясымен қамту бойынша қызметтердің реттелетін түрлерін көрсету бойынша 2018 жылғы қызметі туралы Павлодар қаласы тұтынушылары алдындағы жыл сайынғы есебі (23.04.2019);

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС-ның жылу энергиясымен қамту бойынша қызметтердің реттелетін түрлерін көрсету бойынша 2018 жылғы қызметі туралы Екібастұз қаласы тұтынушылары алдындағы жыл сайынғы есебі (22.04.2019);

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС-ның жылу энергиясымен қамту бойынша қызметтердің реттелетін түрлерін көрсету бойынша 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы Павлодар қаласы тұтынушылары алдындағы жартыжылдық есебі (30.07.2019);

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС-ның жылу энергиясымен қамту бойынша қызметтердің реттелетін түрлерін көрсету бойынша 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы Екібастұз қаласы тұтынушылары алдындағы жартыжылдық есебі (29.07.2019);

«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-ның 2019 жылға Екібастұз қаласында жылу энергиясын өндіру, беру және таратуға тарифтік сметалар жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулары (20.03.2019);

«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-ның жылу энергиясын өндіру, беру және тарату қызметтері бойынша 2019 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы Екібастұз қаласы тұтынушылары алдындағы жыл сайынғы есебі (29.07.2019);

«Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның «ПЭТК» АҚ желілері арқылы электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету және 2019 жылғы инвестициялық бағдарламаны орындау бойынша қызметі туралы жыл сайынғы есебі (23.04.2019);

«Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламасын орындау туралы, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы 2019 жылғы I жартыжылдық қорытындысы бойынша есебі (30.07.2019г.).

2019 жылы экологиялық жобалар бойынша төрт қоғамдық тыңдау болды:

«Павлодар қаласының Солтүстік өнеркәсіптік ауданында «Бета» кен орнында топырақ жынысын алуға тау жұмыстары жоспары» жұмыс жобасына ҚОҚБ (қоршаған ортаны қорғау бөлімі) (15.01.2019);

«Бета кен орнынан топырақ алу салдарын жою жоспары» жұмыс жобасына ҚОЫБ (қоршаған ортаға ықпалды бағалау) (05.02.2019);

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-н ст.№7, ст.№8 қазандық агрегаттарын, ст.№7 турбоагрегатын орнатып кеңейту» техникалық-экономикалық негіздемесінің құрамында алдын ала қоршаған ортаға ықпалды бағалау (19.09.2019);

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезегінің бөгетін биіктету» жұмыс жобасы (27.11.2019).

ПЭ кәсіпорындары ұйымдастырған қоғамдық тыңдауларға «Экология әлемі» ҚҚ, «Эком» ҚҚ, «Тұтынушылар құқығын қорғау ұйымы» ҚБ өкілдері, БАҚ және мемлекеттік органдар өкілдері қатысады. Өтетін қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты Компания сыртқы БАҚ-та жариялайды.

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру негізіндегі Корпорацияның стратегиялық даму мақсаттарына сәйкес келеді. Корпорация қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі

деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Корпорация қызметкерлерінің сандық құрамы 2019 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 10 553 адамды құрады. Сандық құрамның 2018 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға кемуі «ОАЭК» АҚ ЕҰ сандық құрамын оңтайландырумен және қызметкерлер тұрақсыздығының артуымен байланысты.

Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



«ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша 2019 жылы сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Жұмысшылар саны
«ОАЭК» АҚ	97
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	4 916
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2 531
«АЭҮК» АҚ	2 417
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	592
Барлығы:	10 553

Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы

Қызметкерлер санаты	Барлығы		Олардың ішінде:			
	адам	%	ерлер		әйелдер	
			адам	%	адам	%
Саны	10 553	100,0	6 619	62,7	3 934	37,3
Басшылар	1 513	14,3	1 137	75,1	376	24,9
Мамандар/қызметкерлер	3 198	30,3	1 121	35,1	2 077	64,9
Жұмысшылар	5 842	55,4	4 361	74,6	1 481	25,4

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 62,7% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс

қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 74,6% пайызын ерлер құрайды.

Жұмысшылардың жас құрамы



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпорация қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 50,8%-ын құрайды. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 1,4%-ға төмен. 2019 жылы 60 жастан жоғары жас санатына жататын қызметкерлердің үлесі 2017 жылмен


салыстырғанда 0,8%-ға артты. Бұл көрсеткіштерді назарға ала отырып, Компания кәсіби білім мен біліктілікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін қызметкерлер құрамын бірте-бірте жасарту бағытындағы шараларды жүргізеді.

Холдинг бойынша орташа жас – 41 жасты құрайды.



Білім беру деңгейінің динамикасы

- Жоғары
- Техникалық/кәсіби
- Жалпы орта



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

2017-2019 жылдар аралығында Корпорацияда жоғары білімді жұмысшылар үлесінің арту тенденциясы байқалды. Бұл қызметкерлерді ынталандырумен, оның ішінде «PROFENERGY» корпоративтік бағдарламасы бойынша шараларды жүзеге асырумен байланысты. Техникалық/кәсіби білімі бар жұмысшылар саны 2018 жыл деңгейінде.

2019 жылы сырттай оқу формасында 82 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 62 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 45 қызметкер сырттай техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 42 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды.

2019 жыл қорытындысы бойынша 195 жұмысшы жоғары оқу орындарында сырттай оқу формасында білім алуды жалғастырып жатса, олардың 131-і кәсіпорын профилі бойынша. 126 жұмысшы сырттай оқу формасында техникалық/кәсіби білім алып жатса, олардың 119-ы кәсіпорын профилі бойынша.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Корпорацияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;

- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорында-рында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

2019 жылы барлық қызметкерлердің 81,8%-ын құрайтын 8 628 адам оқытудан өтсе, оның ішінде

76,5% құрайтын 6 599 өндіріс саласының адамы міндетті оқудан өтті. Корпорацияның оқу орталықтарында 2019 жылы оқыған қызметкерлер саны – 3 746 адам, олар барлық қызметкерлердің 35,5%-ын құрайды. Корпорация қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 757 адам оқытылды.

	2017	2018	2019
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	8 215	8 391	8 628
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	6 022	6 398	6 599
ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	157	131	39
Аралас мамандықтарды оқыту	722	797	757
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	7	17	52
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	1 307	1 048	1 181

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

2019 жылы Корпорация бойынша 2018 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақсыздығының 1,9%-ға артқаны байқалды. Холдинг бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығының басты себептері:

- Қазақстан ішіндегі (қала/ауыл) көші-қон;
- Қазақстаннан тыс аумаққа (РФ және ТМД елдері) көші-қон;
- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық.

2018 жылы тұрақсыздық коэффициентін төмендету үшін келесі шараларды жүзеге асыру жалғастырылды:

- Еңбекті төлеу қоры резервтерін анықтап, босаған қаржыны еңбекақыны көтеруге бағыттау;
- Тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;


- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- Ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, әлеуметтік кепілдіктер жағдайларын жақсарту.

Есептік кезеңде Корпорация кәсіпорындарына 2 208 жаңа жұмысшы қабылданды. Қызметкерлерді қабылдау бойынша айналым коэффициентінің 2018 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға төмендеуі процестерді және штаттық кестені оңтайландыру шараларымен байланысты.


Жұмысшы штатының қысқаруымен байланысты еңбек қатынастарын тоқтату кезінде жұмысшыны хабарландырудың минималды мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір ай болып табылады.

Корпорация қызметіндегі айтарлықтай өзгерістер туралы қызметкерлерді хабарландырудың минималды кезеңі ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Тұрақсыздық коэффициенті



Қызметке алу бойынша айналым коэффициенті



КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2019 жылы «ОАЭК» АҚ-нда 956 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан.

Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. 2019 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің ішінде 166 адам басқарушы лауазымдарға ауыстырылды.

Жыл сайын сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Резервке оқы орындары түлектері де қосылады.

Корпорация кәсіпорындарында 1 253 жас маман қызмет етеді, бұл барлық қызметкерлердің 12%-ын құрайды. 2019 жылы 318 жас қызметкер жұмысқа қабылданды, оның ішінде жетекші лауазымдар мен мамандықтарға – 177 адам. Бұл ретте техникалық/кәсіби білімімен жұмысқа алынғандар үлесі 183 адам (57,5%) болса, жоғары білімі барлар – 135 адам (42,5%).

ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2019 жылы 2016 жылдан бергі қолданыстағы «PROFENERGY» жобасы аясында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында оқу орындары түлектерін кәсіпорындардың негізгі/қат мамандықтарына тартуға, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту мен көтеруге, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін көтеру жүйесі бойынша бағдарламаны жүзеге асыру жалғасын тапты.

Бағдарлама шарттары туралы тұрақты түрде ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп, студенттермен кездесулер, өндірістік нысандарға экскурсиялар ұйымдастырылады. Кәсіпорындардың қызметкерлері емтихан комиссияларына, бітіру емтихандарын өткізу және диплом жобаларын қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысына қатысады. Жыл сайын бағдарламаға 500 студент қатысатын болса, олардың ішінде жұмысқа орналастырылғандардың үлесі 5%. 4 жылда бағдарламаға 2 000-ға жуық студент қатысты. Олардың ішінде:

- 176 студент ақы төленетін тәжірибеден өткен соң диплом алғаннан кейін ЕҰ-да жұмысқа орналасу туралы келісімге қол қойды;
- 1 656 студент ақы төленбейтін өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті;
- Жазғы каникул уақытында 99 студент жұмысқа орналастырылды;
- 11 студентке ғылыми жұмыстар байқауының қорытындысы бойынша атаулы корпоративтік стипендия тағайындалды.

Оқу орындары түлектерінің Корпорация кәсіпорындарында жұмыс істеуге қызығушылығын тудыру үшін бағдарлама студенттердің қажеттілігі, кәсіпорындардың мүмкіндігі және қызмет ету өңірлеріндегі ерекшеліктер ескеріле отырып, жетілдіріледі. Осылайша, 2019 жылы Нұр-Сұлтан студенттеріне тәжірибеден өту үшін «АЭҰК» АҚ аудандық бөлімшелерінде қонақүйлерден жатын орын беріліп, тамақтарына төлем жасалды.

Бағдарламада жұмысшыларды салалық білім алуға ынталандыратын шаралар да қарастырылған. 2016-2019 жылдары 900-ден астам жұмысшы бұл мүмкіндікті пайдаланды:

- 673 жұмысшыға ақы төленетін оқу демалысы берілді;
- 146 жұмысшыға оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус берілді;
- 103 жұмысшыға оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз ссуда берілді.

«PROFENERGY» бағдарламасы аясында Тәлімгерлік институты дамуда. Оның мақсаты – кәсіби білім мен білікті студенттерге беру және жас мамандарды тез бейімдеу. 4 жылда «ОАЭК» АҚ жоғары білікті жұмысшылары мен зейнеттегі мен зейнеталды жастағы жұмысшыларынан тәлімгерлер пулы қалыптасып, оларға оқыту жүргізілді. Тәлімгерлер жылына 300-дей жұмысшыға тағайындалады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Компаниялар тобында Бірыңғай тарифтік кестеге негізделген уақытылы-сыйақылы еңбекті төлеу жүйесі әрекет етеді. Бірінші тарифтік разрядтың базалық деңгейі Қазақстан Республикасында сәйкес қаржылық жылға бекітілген ең төменгі еңбекақы мөлшерінен кем емес мөлшерде тағайындалады. Барлық лауазымдар мен професиялар тарифтік кестеде қызметкерлердің жынысына қарамастан, санаты (басшы, маман, жұмысшы, жұмыскер), процесс (өндірістік, әкімшілік, қызмет көрсетуші), кәсіпорын үшін аса қажеттілігі, атқарылатын жұмыстың қиындығы, еңбек шарттарына қарай отырып бөлінген.

Корпорацияда ынталандыру және марапаттау әрбір жұмысшының тиімділігі мен нәтижелілігін, артыруға бағытталған. Жыл сайын «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында бекітілген бюджет пен тарифтік сметалар шегінде, жұмысшының жұмыс нәтижесіне қосқан үлесі ескеріле отырып, еңбекақысы көтеріледі.

2019 жылы Компаниялар тобында процестер мен штаттық кестені оңтайландыру бойынша шаралар атқарылуда. Жұмысшылардың жалпы санының 3,9% штаттық бірлігі оңтайландырылды. Босаған еңбекті төлеу қорының есебінен негізгі және өте қат қызметкерлердің еңбекақысы көтерілді. Осылайша, негізінен өндірістік қызметкерлердің еңбекақысы өсті. Олар: жұмысшылар, инженер-техникалық мамандар және линиялық басшылар (7-13%). Атықарылған шаралар нәтижесінде Компаниялар тобы бойынша орташа табыс деңгейі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға артты.

«ОАЭК» АҚ еншілес компанияларына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі



МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫ- РУ

Қазақстан Республикасы энергетика саласын дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ, Компаниялар тобында жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін алдағы уақытта да кәсіби қызметке ынталандыру мақсатында жыл сайын Холдинг кәсіпорындарында шаралар өткізіліп, кәсіпорын жұмысшылары мен ардагерлеріне грамоталар, атақтар мен наградалар беріледі.

2019 жылы кәсіпорындардың 200 жұмысшысы мен ардагері құрметті атақтар мен наградалармен марапатталды:

- ҚР Энергетика министрлігінен – 8 жұмысшы;
- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы электрэнергетикалық кеңесінен – 4 жұмысшы;
- Қазақстан электрэнергетикалық қауымдастығынан – 57 ардагер мен жұмысшы;
- Ведомстволық басқару органдарынан – 20 ардагер мен жұмысшы;
- «ОАЭК» АҚ-нан – 111 жұмысшы.

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«ОАЭК» АҚ барлық компанияларында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, сондай-ақ, жұмысшылар мен олардың отбасыларына әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер қарастырылған Ұжымдық келісім-шарттар жасалған.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» топ кәсіпорындарында 2018-2020 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасалды. «АЭҮК» топ кәсіпорындарында жаңа 2019-2021 жылдар кезеңіне Бірыңғай ұжымдық шарт қабылданды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында Бірыңғай ұжымдық шарт 2016-2019 жылдарға қабылданған және 2019 жыл ішінде шартты жаңа мерзімге жасасу бойынша жұмыс жүргізілді:

- Бірыңғай ұжымдық шартқа өзгерістер енгізу бойынша еңбек ұжымдарының ұсыныстарына талдау жүргізілді;
- Жаңаланған еңбек заңнамасына сәйкестендірілді;
- 2020-2023 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жобасы жасалды.

Ұжымдық келісімшартты жасауда экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру шаралары;
- демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шаралар;

- мерейтойлық және мерекелік даталарға демеушілік көрсету;
- қайырымдылық қолдау.

2017-2019 жылдары Корпорацияның барлық кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымына мүше жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалды. Бұл Корпорация қызметкерлері санының азаюымен

байланысты. Сондай-ақ, кәсіподақ ұйымы ролінің төмендеуіне әлеуметтік-еңбек қатынастарының жалпыәлемдік индивидуализация процесі ықпал етуде. Сәйкесінше, бұл кәсіподаққа мүшелік деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛ- ДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Корпорация еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

Корпорация кәсіпорындарында еңбек даулары қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ, ұжымдық шарттарға және жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ережеге сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қатысуымен шешіледі. Еңбек даулары бойынша өтініштерді қабылдау және олар бойынша кері байланыс тәртібі кәсіпорындардың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған. Жұмысқа тұру кезінде әрбір жұмысшы бұл құжаттармен танысады.

Келісім комиссиясының құрамы кәсіпорындар бойынша ұйымдық-өкімдік құжаттармен бекітіледі. Еңбек дауы туындаған кезде келісім комиссиясына шағымданудан бұрын жұмысшы:

- Қызметкерлермен жұмыс қызметінің басшысына;
- Кәсіподақ ұйымының төрағасына/жұмысшылар өкіліне;
- Кәсіпорынның бірінші басшысына хабарласуға құқылы.

2019 жылы келісім комиссиясына бір жұмысшы еңбек дауын реттеу бойынша шағым түсірген. Ол толықтай қанағаттандырылды. 2019 жылы жұмысшыларды қандай да

бір белгісі бойынша дискриминациялау және жұмысшы құқығын шектеу орын алған жоқ.

	2017	2018	2019
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	6 020	5 696	5 196
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	57	53	49

Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	<ul style="list-style-type: none"> • 5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары • Кәсіби жарыс үшін сыйақы • Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер • Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері • Пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру • 14 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру • Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру • Міндетті медициналық сақтандыру • Санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Бала дүниеге келгенде материалдық көмек • Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек • Ақы төленетін оқу демалысы • Зейнетке шыққанда сыйақы беру • Компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы
Спорттық-сауықтыру шаралары	<ul style="list-style-type: none"> • Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу • Мәдени-бұқаралық шаралар мен ұжымдық демалысты өткізу шығындарын өтеу

Ана және әке болуға байланысты әлеуметтік қолдау көрсету

Компания атауы	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны			Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмысшылар саны
	әйелдер	ерлер	барлығы		
«ОАЭК» АҚ	8	0	8	10	1
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	83	1	84	216	38
«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	44	0	44	94	17
«АЭҮК» кәсіпорындар тобы	30	0	30	86	18
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	42	0	42	88	24
Барлығы:	207	1	208	494	98

Корпорация тұрақты негізде ардагерлерге, кәсіпорынның зейнет жасына жеткен бұрынғы қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді. Ұжымдық шарт аясында материалдық көмек көрсетіліп, мерекелік даталарға орай сауықтар ұйымдастырылады.

«ОАЭК» АҚ қызмет ететін өңірлерінде халықты қолдау шараларына өте белсенді қатысады.

Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласына бағытталған әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандум аясында Павлодарда көпқабатты тұрғын үй салынып жатыр. Петропавлда кәсіпорын жұмысшылары мен қала тұрғындары үшін 2 жатақхана және «Алақай» балабақшасы қызмет етеді.

2019 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жыл сайынғы республикалық конкурстың қорытындысы бойынша облыстық кезеңде «Үздік әлеуметтік-жауапкершілікті кәсіпорын» аталымында 1 орынды иеленді.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

2020 жылы Корпорацияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын табады. Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

- «PROFENERGY» бағдарламасы аясындағы шараларды ары қарай жүзеге асыру:
 - жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;
 - тәлімгерлік институтын дамыту;
 - негізгі қызметкерлерді дамыту;
 - аса қат мамандықтарды дамыту.
- Корпорацияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді жетілдіру;
- «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары өндірістік процесі жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағдарламаларын жүзеге асыру;

- қызметкерлерді дамытумен байланысты HR-процестерді (бейімдеу, бағалау, оқыту және т.б.) одан әрі автоматтандыру;
- Қазақстан Республикасының еңбек ресурсы мол өңірлерінен Компаниялар тобының кәсіпорындарында жұмыспен қамту мақсатында қызметкерлерді тартуға арналған «ENBEKENERGY» жобасын жүзеге асыру;
- Еңбек нарығындағы дефицит жағдайында корпоративтік оқыту, дайындау және қайта дайындау жүйесін жетілдіру, оқытудың сапалық көрсеткіштерін жақсарту, оқыту қорытындысы бойынша тиімділікті мониторинггілеу жүйесін енгізу.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

«ОАЭК» және ЕҰ қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚЖЕҚ) саласындағы негізгі стратегиялық мақсаты – ескерту шараларын жүргізу және ең үздік тәжірибелерді енгізу арқылы қайғылы оқиғалардың жалпы санын қысқарту болып табылады.

2019 жылы «ОАЭК» АҚ ҚЖЕҚ бойынша 2018-2019 жылдарға арналған шаралар жоспарына сәйкес келесі шаралар ұйымдастырылды:

- «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда видеорегистраторларды практикалық енгізу іске асырылды. Мобильді видеорегистраторларды қолдану тәртібі мен бақылау нұсқаулығына сәйкес, құрылғыда бригаданың жұмысқа рұқсаты, бригадаға инструктаж жасалуы, жұмыс орындарының дайындығы бойынша бейне жазба жасалады. Барлық жазба кейін жауапты тұлғалардың қарауы үшін бекітілген тәртіпте архивтеледі.

Бұл шара аясындағы міндеттер:

- Оперативтік жұмыстарға қатысатын өндірістік қызметкердің еңбек тәртібі мен жауапкершілігінің деңгейін арттыру;
- Қызметкердің жұмыс атқару кезіндегі қателіктері мен ақауларын уақытылы анықтау;
- Технологиялық тәртіп пен ҚЖЕҚ талаптарын бұзу бойынша объективті ақпарат алу;
- Өндірістік қызметкерлерді оқыту сапасын арттыру (техникалық оқыту, арнаулы дайындық және ҚЖЕҚ бойынша инструктаж өткізу кезінде жасалған бейнежазба негізінде)

- 2019 жылы Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған дәстүрлі шаралар өткізілді:

- «ОАЭК» АҚ Бас директорының бірінші орынбасарының төрағалық етуімен ҚЖЕҚ бойынша кеңейтілген жиналыс;
- ҚЖЕҚ бойынша «қауіпсіз өндіріс» айлығы;
- «ОАЭК» АҚ ЕҰ-нда «Еңбекті қорғау балалар көзімен» тақырыбында балалар суреттері мен өнер туындыларының байқауы өткізілді;
- ҚЖЕҚ бойынша отбасылық күндер. Оның аясында ЕҰ жұмысшыларының отбасылары кәсіпорын қызметкерлерінің жұмыс орнында болды. Шара аясында балалар үшін қауіпсіздік сабақтары, викториналар ұйымдастырылды;
- Үздік ҚЖЕҚ қызметтерін және қызмет басшыларын компанияның бас директорының грамоталарымен марапаттау;
- ҚЖЕҚ бойынша үздік жұмысшылардың ЕҰ бірінші басшыларының грамоталарымен марапаттау;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда кәсіпорын жұмысшыларының балалары ата-аналарын қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырған агитациялық бейнеролик түсірілді;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда «Қаска ки» видеочелленджі ұйымдастырылды;
- «ОАЭК» АҚ Бас директорының бірінші орынбасарының және ЕҰ бірінші басшыларының ҚЖЕҚ бойынша видеоүндеулері жазылды;



2019 жылы тарату желілерін пайдалану бойынша жедел жөндеу қызметкерлері арасында кәсіби шеберлік жалпы-корпоративтік жарыс өткізілді.

- Энергетикалық, технологиялық қондырғыларды пайдалану кезінде болатын жарақаттану, инцидент және оқиғалардың профилактикасына бағытталған ҚжЕК өзара аудитін өткізу тәжірибесі жалғасын тапты. 2019 жылы «АЭҮК» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ кәсіпорында-рында 2 өзара аудит өткізілді.
- «Өндірістік алаңдар мен нысандарда транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекеті кезіндегі қауіпсіздік талаптары» ҚжЕК стандартын орындау мақсатында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО және 3-ЖЭО аумағында жол белгілері орнатылды.
- «ОАЭК» АҚ барлық ЕҮ-нда биіктікте жұмыс істеу кезінде монтаж белдіктерін қолданудан сақтандыру белдіктеріне көшу толық аяқталды. Қазіргі таңда бел тартпасы бар белдіктерді қолдануға тыйым салынған.
- Тұйық кеңістікте жұмыс орындау кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтар бекітілді. Онда келесі процестер толық баяндалған: негізгі тәуекелдер, аумақтарды айқындау және белгілеу, қызметкерлерге талаптар, тәуекелдерді бағалау, оқшаулау, жұмысқа рұқсат және дайындық, жұмыстарды жүргізу және т.б.
- Еңбекті қорғаудың барлық аспектілерін кешенді автоматтандыруды (Safetywalk) енгізуді бастау туралы шешім қабылданды. Ол келесі бағыттар бойынша ҚжЕК саласындағы қызметті шоғырландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді: аудиттер, оқиғаларды басқару, ҚжЕК бойынша тәуекелдер, мердігерлерді басқару (мердігерлердің нысандарға рұқсатын бақылау және мердігердегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуын анықтау). Жүйе 2020 жылы толықтай жұмысын бастайды.
- Корпорация тарихында бірінші рет тарату желілерін пайдалану бойынша жедел жөндеу қызметкерлері арасында кәсіби шеберлік жалпыкорпоративтік жарыс өткізілді. Оған «ОАЭК» АҚ ЕҮ құрамына кіретін АЭЖ электромонтерлерінің алты бригадасы қатысты. Жарыс кезінде командалар жұмыстың заманауи



әдіс-тәсілдерін көрсетіп, өндірістік қызмет саласындағы жетекші тәжірибелермен алмасты. Бұл шараның басты міндеттері – электр қондырғыларына қауіпсіз және сенімді қызмет көрсету үшін қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру, сондай-ақ, жарақаттану мен инциденттер деңгейін төмендету болды.

- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нде 365 орындық заманауи жыну бөлмелерін, сондай-ақ, дәліз бен баспалдақты қайта құру жұмыстары басталды.

Енгізіліп жатқан бағдарламалар мен ҚжЕК шараларына қарамастан 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда «ОАЭК» АҚ және ЕҮ-нда қайғылы оқиғалар саны 45% -ға артты. Әрбір қайғылы оқиға бойынша шаралар кешені ұйымдастырылды:

- Түпкілікті және жүйелік себептерін анықтау және мұндай оқиғаның қайталануын болдырмау мақсатында толықтай зерттеу;
- Қызметкерлерді оқиғаның барысымен және себептерімен таныстыру;
- Оқиға себептерін жою;
- Қызметкерлерге инструктор жасау және т.б.



Қызметкерлердің төмен дайындығы мен ҚжЕК инструкциясы мен ережелерін орындамаумен байланысты болған қайғылы оқиғалардың жүйелік себептерін жою үшін Корпорация басшылығы корпоративтік оқу орталығын құру туралы шешім қабылдады. Орталық алдына оқыту процесінде үздік тәжірибелер мен қызметкерлерді бұған дейін оқыту тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып, сапалы маман даярлау міндетін қойып отыр. Орталық өз жұмысын 2020 жылы бастайды.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Әрбір ЕҮ-да Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері құрылған. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;
- еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы анықталған бұзушылықтарды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбек қызметі кезінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және өзгелерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарау;
- жұмысшыларға еңбекті қорғау бойынша уақытылы және сапалы инструктор жасауға, сондай-ақ, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы бойынша білім тексеру, жұмысшыларды, кәсіподақ активін еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқыту және білімін көтеруге көмек көрсету;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмысты жою мақсатында өндіріске заманауи технологиялар мен жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- ұйым жұмысшыларын еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау, өндірістік жарақат



профилактикасы, кәсіби аурулар, сертификатталған арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және өзге жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету және оны дұрыс қолдану бойынша қолданыстағы нормативтер туралы атқарылып жатқан шаралар туралы ақпараттандыру.

- ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізгі функциялары:

- Жұмысшылардың құқықтары мен көзқарастарын қорғау;

- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сондай-ақ, кешенді мақсатты бағдарламаларға және органдар тарапынан әзірленетін еңбекті қорғауды жетілдірудің бірінші кезектегі шаралар жоспарын әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге қатысу;
- жұмыс орындарына еңбекті қорғау талаптарын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- кәсіподақ мүшелерінің көзқарастарын мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, еңбекті қорғауға қатысты Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде түрлі инстанцияның соттарында қорғау.

2019 жылы ЕҮ техникалық инспекторларын келесі тақырыптар бойынша арнаулы оқыту ұйымдастырылды:

- Еңбек заңнамасының негізгі талаптары;
- ҚжЕК бойынша аудит түрлері мен оларды өткізу тәртібі;
- ҚжЕК саласындағы ұйымдастырушылық шаралары;
- Физикалық және психологиялық қауіпті факторлар мен оларды бақылау;
- ҚжЕК позитивті мәдениетін бекемдеу.

Қазіргі таңда қызмет ететін инспекторлардың барлығы ҚжЕК бойынша оқудан және білімін тексеруден өткені туралы сертификатқа ие.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ-ТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Жыл сайын өндірістік жарақаттану бойынша терең талдау жасалады. Ол келесілерді қамтиды: «ОАЭК» АҚ және ЕҰ бойынша жарақат саны және оның ауырлық деңгейі туралы статистика; қайғылы оқиғалар жиілігі коэффициенті бойынша мәліметтер; жарақаттану көрсеткіштері динамикасы; қайғылы оқиғалар санын тәулік ішіндегі орын алған уақыты бойынша бөлу диаграммасы; жарақат алушының жұмыс өтілі бойынша қайғылы оқиғалар санын бөлу диаграммасы; қайғылы оқиға себептері; қайғылы жағдайға әкелген оқиғалар түрлері бойынша классификатор; жарақаттану деңгейін балама қызмет саласындағы өзге компаниялармен салыстыру.

Корпорация өндірістік жарақат саны азайтуға ұмтылып, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік мәселесіне, сондай-ақ, қайғылы оқиғалар себептерін жоюға көңіл бөледі. Есептік жылда Корпорацияның ЕҰ кәсіпорындарында 9 қайғылы оқиға болды. Олардың 3-і жеңіл, 5-уі ауыр аяқталды. 1 жағдайда адам өлімі орын алды.

2019 жылғы оқиғалар түрлері бойынша қайғылы оқиғалардың классификациясы:


- Өндірістік қауіпті және зиянды факторлар мен заттардың ықпалы;
- Электр тогымен жарақаттану;
- Жарақат алушының биіктен құлауы;
- Жарақат алушының құлауы;
- Қозғалыстағы, ұшып келе жатқан, айналып тұрған заттар мен бөлшектердің ықпалы.

Қайғылы оқиғалардың себептері:


- жұмыстың қанағаттандырылмайтын деңгейде ұйымдастырылмауы;
- жарақат алушының өрескел қателігі;
- жұмыстың қанағаттандырылмайтын деңгейде ұйымдастырылмауы және жарақат алушының өрескел қателігі;
- қондырғыдағы ақау.

Корпорациядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген.

1000 адамға шаққандағы өндірістік барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:



1000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелді:



TIFR есебінің формуласы:

$$K_{ж} = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

N – жұмысшылардың орташа саны

FIFR есебінің формуласы:

$$K_{ж1} = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

Өндірістік жарақаттану деңгейі

	2017	2018	2019
Қызметкерлер саны	10 549	10 704	10 553
Жарақаттану оқиғаларының саны	7	5	9
Жарақаттанғандар саны / олардың ішінде әйелдер	7/0	5/2	9/0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	0	0	1

Корпорацияда қолданылатын қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

Корпорация және ЕҰ-да өндірістік жарақатқа мониторинг жасау және оның алдын алу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын есепке алу мақсатында келесі шаралар атқарылады:

- Ірі жарақат пен шығынның бастауы болып табылатын микро жарақаттар, инциденттер және қауіпті оқиғаларды зерттеу;
- Қайғылы оқиғалар нәтижесі бойынша ақпараттық бюллетеньдер дайындау және болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін Корпорация ЕҰ-ның барлық кәсіпорындарының қызметкерін ақпараттандыру;
- Қызметкерлерді ҚЖЕҚ және электр қауіпсіздік тақырыбында оқыту, білімін тексеру;
- ҚЖЕҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды енгізу;
- ҚЖЕҚ жағдайын жоспарлы және жоспардан тыс тексеру;
- ҚЖЕҚ күндерін өткізу;
- ҚЖЕҚ бойынша жиналыстар өткізу;
- Жұмыс орындарын ҚЖЕҚ талаптарына сәйкес келтіру;
- Жұмыс орындарын ақпараттық плакаттар мен қауіпсіздік белгілерімен жабдықтау;

- Кәсіби жарыстар өткізу;
- Наряд-допуск шараларын өткізу.

Корпорацияның өндірістік нысанында әрекет ететін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады: еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарға тексерулер жүргізеді, мердігер қызметкерлеріне инструктор өткізіп, олармен жиналыстар ұйымдастырады.

2019 жылы қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласында мердігер ұйымдармен өзара қызмет бойынша ереже бекітіліп, күшіне енді. Бұл құжат «ОАЭК» АҚ ЕҰ мердігер ұйымдарымен ЕҰ аумағында жұмыс атқару не қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ, тауарлар мен материалдарды жеткізу кезінде қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласындағы талаптар бойынша өзара қызметті жүйелеу мақсатында әзірленді.

Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Корпорация кәсіпорындарының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ АТҚАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ

780
млн теңге
2017 жыл

780
млн теңге
2018 жыл

2,8
млрд теңге
2019 жыл



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларын орындау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 2019 жылы атқарылған шаралардың нақты шығыны шамамен 2,8 млрд теңгені құрады.

ЕҰ	сума
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	2,157 млрд теңге
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	500,6 млн теңге
«АЭҰК» АҚ	131,9 млн теңге
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	16,4 млн теңге
Барлығы:	2,8 млрд теңге

КОРПОРАЦИЯНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ ЖАРАҚАТ АЛУДЫҢ ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Энергетикалық өндiрiсiлергa қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жоғары тәуекелдерге ие. Электр құрылғыларымен жұмыс жасау кезіндегi қауiпсiздiктi қама-тамасыз ету үшін қызметкерлер оқытылып, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар атқарылады, олардың орындалуы бақыланады. Қызметкерлер жеке қорғаныс заттарымен, электрден қорғайтын заттармен және басқалармен қамтамасыз етiледi.

2019 жылы электр құрылғыларымен жұмыс жүргiзу кезінде қауiпсiздiктi қамтамасыз ету үшін бiрқатар қосымша шаралар атқарылды:

- электр доғасынан қорғану үшін қызметкерлер арнайы киiм мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз етiлдi;
- «ПЭТҚ» АҚ-нда оперативтi қосылу, жұмыс орындарын дайындау, жұмыс орындарында жерлендiрудi орнату және алу жұмыстарына қатысатын өндiрiстiк қызметкерлердiң ең-

бек тәртібі мен жауапкершiлiгiн арттыру үшін мобильдi бейнерегистраторларды қолданылады.

Атқарылған жұмыстарға қарамастан 2019 жылы электр тоғымен жарақаттану/электр құрылғыларымен жұмыс кезінде электр доғасының пайда болуынан күйiк шалудың 2 оқиғасы тiркелдi.

Электр жарақатының барлық оқиғалары зерттелiп, алдын алу шаралары қабылданды.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУИПСИЗДІГІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Корпорацияның электр желілік кәсіпорнының әрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

2019 жылы өңірлердегі оқу орындарында жыл сайын электр

қауіпсіздігі бойынша сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарының білім беру басқармаларына, Павлодар және Петропавл қалаларының білім беру бөлімдеріне, аудандық білім беру бөлімдерінің басшыларына электр қауіпсіздігінің негізгі ережелері мен электрмен жарақаттануды ескерту бойынша нұсқаулықтар балалар арасында тарату мақсатымен жіберіледі. Бұл шаралар үшінші тұлғалар, нақтылар болсақ, мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында жарақаттануды болдырмау мақсатында ұйымдастырылады.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларында қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

Корпорацияның инвестициялық салымдарының маңызды мақсаты – энергия өндірісіне байланысты қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендету болып табылады. 2009-2019 жылдары Корпорация күл шығарылымдарын 70%-ға төмендетті.

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ *

№ р/с	Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге		
		2017	2018	2019
«ОАЭК» АҚ		2 940,600	5 188,625	5 259,676
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ				
1	Инвестициялық шығындар	848,396	2 684,95	2 613,091
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	59,050	70,810	431,929
3	Ағымдағы шығындар	603,674	665,889	196,625
«СВКАЗЭНЕРГО» АҚ				
1	Инвестициялық шығындар	707,700	570,178	981,923
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	152,121	200,592	266,600
3	Ағымдағы шығындар	189,116	214,911	228,987
«АЭУК» АҚ				
1	Инвестициялық шығындар	358,200	730,854	518,343
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	–	–	–
3	Ағымдағы шығындар	22,315	50,441	22,178

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін Компаниялар тобы өз қызметінің қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды жоспарлап, жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2019 жылы 5 259,676 млн теңгені құрады.

Мұндай шаралар тізіміне энергияны өндіру, тасымалдау және тарату кезінде қолданылатын негізгі және көмекші технологиялық қондырғыларды қайта құру және күрделі жөндеу, өндіріс қалдықтарын жою, өндірістік экологиялық бақылау жатады.

Құрылыс және қайта құру бойынша барлық жаңа жобаларға «Қоршаған ортаға ықпалды бағалау» жобасы әзірленіп, оның материалдары қоғамдық тыңдау түрінде жергілікті қоғамдастық пен мүдделі тараптардың назарына ұсынылады. Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласындағы аумақтық қадағалау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

*Атқарылған табиғат қорғау шаралары туралы толығырақ ақпарат келесі бөлімдерде берілген.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

2020 жылы 2020-2021 жылдарға арналған «ОАЭК» АҚ ҚЖЕҚ бойынша жаңа Шаралар жоспарын әзірлеу жоспарланып отыр. Құжат ҚЖЕҚ саласында үздік тәжірибелер, ҚЖЕҚ бойынша проблемалық сұрақтар және кәсіпорындарда орын алған қайғылы оқиғалар есепке алына отырып әзірленеді.

2020 жылы Корпорация қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша келесі ішкі нормативтік құжаттарды енгізіп, қолдауды жоспарлап отыр:

- «Жұмыс қауіпсіздігін талдау немесе ЖҚТ» ҚЖЕҚ бойынша процедура, онда жұмыс алдында тәуекелдерді бағалау және қызметкерді жұмыс алдында инструктаждан өткізу процесі толық жазылады;
- «ОАЭК» АҚ кәсіпорындары қызметкерлерін қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын

сақтауға ынталандыруды ұйымдастыру регламенті.

2020 жылы «ОАЭК» АҚ және еншілес ұйымдарында келесі шаралар жоспарланған:

- «ОАЭК» АҚ электр желілік тарату компанияларының бөлімшелері арасында кәсіби шеберлік бойынша жалпыкорпоративтік жарыстар өткізу;
- «ОАЭК» АҚ ЕҰ-ның барлық электр желілік компанияларында видеорегистраторларды тәжірибелік енгізу;
- «Энергия көздерін оқшаулау» (қондырғыны бұғаттау және белгілеу / Lockout/Tagout немесе LOTO) ҚЖЕҚ бойынша ұйым стандартын тәжірибелік енгізу).

70%

2009-2019 жылдар кезеңінде Корпорация күл шығарылымдарын 70%-ға қысқартты.

АУА


АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

2019 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобында 7 032,7 млн кВт·с электр энергиясы және 6 371,1 мың Гкал жылу энергиясы өндірілді. Энергия өндіруге 6 521,8 мың тонна Екібастұз көмірі және 9,257 мың тонна мазут жұмсалды. Шикізат көздері жаңартылмайды.


Есептік жылда 2018 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады (3,9%), соның нәтижесінде жанған отын көлемі 1,4 %-ға артты, ластаушы заттарды жалпы шығарылымы 1,1 %-ға артты. Олардың ішінде күкірт қышқылы (SO_x) 2,5 %-ға артса, қатты бөлшектер шығарылымдары (көмір күлі) 2,1 %-ға төмендеді.

Ал азот қышқылы (NO_x) бұрынғы деңгейінде қалды. Бөлшек шығарылымдар барлық заттар бойынша артты: NO_x бойынша 3,7%-ға, SO_x бойынша 6,5 %-ға және көмір күлі бойынша 1,0%-ға. Шығарылымдардың артуының себебі жанған отын шығындарының артуы болып табылады.

2013-2019 жж. ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2013-2019 жж. ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт·с



2019 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- шығарылымдар көздерінен берілетін газдарда ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды, қазандық агрегаттардың қызу беткі қабатын қалпына келтіру;
- шаң-газ тазалау құрылғыларын (тозған күл аулағыш құрылғыларды (КАҚ) жөндеу) және газ өткізгіштерін күрделі және ағымдағы жөндеу, аспирациялық құрылғыларды жөндеу және олардың жұмысының тиімділігін есептеу, қазандық агрегаттарды күрделі және ағымдағы жөндеу кезінде оттықтардың жылу оқшаулағышы мен қаптамасын жөндеу;
- өндірістік экологиялық мониторингтің автоматтандырылған жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету;
- Газ құрамындағы ластаушы заттарды тиімді тазалау, жою, басу және залалсыздандыру, өзіндік қажеттіліктерге энергия тұтынуды төмендету, отын шығынын есепке алуды жақсарту, отын бойынша босатылатын өнім бірлігіне шаққандағы бөлшек көрсеткіштерді төмендетуді қамтамасыз ететін негізгі қондырғыларды ауыстыру, қайта құру және жаңғырту.

23,6%

2008 жылдың аяғы мен 2019 жыл аралығында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарымен атмосфераға бөлінетін зиянды заттар көлемі 23,6%-ға (өзге шығарылымдарды қоса алғанда, 108,5 мың тоннадан 82,9 мың тоннаға дейін) төмендеді. Корпорация шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады.

ПАРНИК ГАЗДАРЫ-НЫҢ ШЫҒАРЫЛЫ-МЫ (CO₂)

Корпорация парник газдары шығарылымдарын және озон бұзушы заттарды тұтынуды түгелдей жұмыстарын ұйымдастырды.

Парник газдарына мониторинг жасау үшін қалыпты (тұрақты) өндірістік қызмет, арнаулы тәжірибе (іске қосу-жөндеу жұмыстары, процесті тоқтату және техникалық қызмет көрсету) және апаттық оқиғалар кезінде-

гі шығарылымдарды есептеуді қамтамасыз ететін есептік тәсіл қолданылды.

Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің қосымша ұйымдастырушылық құралы – өндіріс үлесін жаңа энергоблоктармен артырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі (энергоүнемдеу бойынша шаралар) стандартын енгізумен байланысты отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттырумен Энергоүнемдеу бағдарламасы болды. Екеуінің де мақсаты – өндіріс процестерінің энерготімділі-

гін арттырумен қатар, парник газдары шығарылымдарын төмендету болып табылады. Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2019 жылы парник газдары шығарылымдарын 35,203 мың тонна CO₂-ге төмендетуге қол жеткізілді.

Парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 2%-ға артты. Парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері де 6%-ға артты.

2013-2019 жж. CO₂ жалпы шығарылымы, млн тонна



2013-2019 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO₂ бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с



Парник газдары шығарылымдарын төмендетуге бағытталған энергоүнемдеу бағдарламасы аясында 2019 жылы жүзеге асырылған маңызды шаралар:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қыздырушы құрылғыларын қайта құру;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 7AT автоматты трансформаторын қайта құру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО БКЗ-420-140 ст.№ 2 қазандық агрегатының ВЗП кубтарын жаңғырту;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО Т-120/130-130ПР2 ст.№ 4 турбоагрегатын жөндеу;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» 3-ЖЭО, 2-ЖЭО энергоүнемдеуші шамдарын орнату;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО ст.№ 2,3 қазандық агрегаттарының сақтандырушы клапандарын жөндеу.

МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

2019 жылы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындарында (2-ЖЭО, 3-ЖЭО, «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС Екібастұз ЖЭО) Павлодар облысы экология департаменті экологиялық заңнаманы сақтау мәселелері бойынша профилак-

тикалық бақылау формасында бір-бірден жоспарлы тексеру жүргізді. Бақылау нәтижесінде 7 нұсқама берілді. 5 нұсқама бойынша ақаулар уақытылы және толық көлемде жойылса, тағы екеуі бойынша жұмыстар жасалып жатыр.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Солтүстік Қазақстан облысы экология

департаменті 1 жоспардан тыс және 1 жоспарлы тексеру (профилактикалық бақылау) жүргізді. Тексеру нәтижесінде ақауларды жою бойынша нұсқамалар берілді. Олар бойынша жұмыстар жасалып жатыр.

СУ

СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Су ресурстарын қолдан кәсіпорындар өндірістік процесінің негізгі бөлігі болып табылады және жабдықтарды салқындату процесінде маңызды роль ойнайды. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының өндіріс нысандарында тұйық, яғни техникалық сумен қамтудың айналымды жүйесі (Петропавл қаласында салқындатқыш тоғандар,

Павлодар қаласында градирнялар) қолданылады.

Компаниялар тобы кәсіпорындарында ауыз сумен қамту, ағын су және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі.

«ОАЭК» АҚ қолданатын барлық су – тұщы су болып табылады. Сезімтал су көздері қолданылмайды.

2019 жылы компаниялар тобы сумен қамту мақсатында 973 424,3 мың м³ су қолданса, оның негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесінің суы құрайды. Есептік кезеңде су әкету көлемі 1 927,4 мың м³ құрады.

Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м³



Ағын су әкету көлемі, мың м³



Су қолдану, су өткізу саласы бойынша 2019 жылы атқарылған маңызды табиғат қорғау шаралары:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ су ресурстарының ластануы мен таусылуын болдырмайтын өндірістік мақсатта қайта қолданылатын сумен қамтудың айналымды жүйесін жаңғырту;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ орталық сорғы станциясының айналмалы торларына техқызмет көрсету және жөндеу, жағалық сорғы станциясының артезиан және дренажды сорғыларына ағымдағы жөндеу жасау, циркуляциялық сорғыларға техникалық қызмет көрсету;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ орталық сорғы станциясының аванкамералардың суасты бөлігін тексеру, артезиан сорғыларын жөндеу, жағалық сорғы станциясы ғимаратының жұмсақ шатырын ауыстыру;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг жасау (бекітілген графикке сәйкес, суға талдау жасалды);
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ су сапасын жақсартып, тазалау құрылғыларының тиімділігін арттыратын («Рубеж 45» маркасының тұрақты жүзгіштігін қамтамасыз ететін бонды қоршауларды тазалау жүргізілді) шараларды ұйымдастыру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО және 3-ЖЭО техникалық және шаруашылық-ауыз су құбыр өткізгіштерін, реттеуші арматураларын жөндеу;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕЖЭО техникалық су, өрт сөндіру құбыр өткізгіші және жылу беру құбыр өткізгіштерінің арматураларын ауыстыру және жөндеу.

ЖЕР

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99%-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-

қож қалдықтарын қоймалау үшін жаңа орын құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасын сақтау қоршаған ортаны күл-қож қалдықтарымен ластаудың алдын алуға және ЖЭО-ның тұрақты қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2019 жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында 2 677,761 мың тонна қалдық қалыптасса, оның ішінде

күл-қож қалдықтар – 2 609,068 мың тонна, тұрмыстық және коммуналдық қалдықтар – 12,307 мың тонна.

2018 жылмен салыстырғанда қалдықтардың 74,5 мың тоннаға көбеюі жанған отынның артуымен және жасалатын жөндеу жұмыстарының көбеюімен байланысты.

Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна




Қауіптілік деңгейіне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна



Қолдану тәсіліне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Қалыптасқан қалдықтар:	2 619,1	2 615,6	2 690,1
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 607,8	2 608,1	2 677,8
Кәсіпорында қолданылған қалдықтар	5,02	0,424	2,839
Залалсыздандырылған қалдықтар	0,04	0,04	0,04
Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар*	6,270	7,148	9,978
Кәсіпорынның өзіндік нысандарында орналастырылған қалдықтар	2 607,8	2 607,8	2 676,7
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 607,8	2 607,8	2 677,8



2019 жылы келісімшарт негізінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ күл үйінділерінен 1 283,06 тонна күлдің жеңіл фракциясы әкетілді.

Қалдықтармен жұмыс бойынша 2019 жылы атқарылған маңызды шаралар:

- № 3 күл үйіндісін рекультивациялау және № 2 күл үйіндісінің № 3 секция бөгетін биіктету;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО күл үйіндісінің 1-секция бөгетін биіктету және күл үйіндісінің 3-кезегін салу;
- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС ЕЖЭО күл үйіндісінің 2-кезегін салу;
- Энергонисандарды салу және қайта құру кезінде қалыптасатын қалдықтарды қоймалау орындарын (алаң жабдықтары, контейнер құрылғылары) ұйымдастыру;
- Күл-қож қалдықтарын (микросфералар) олардың қалыптасу көлемін азайту мақсатында өткізу;
- ҚТҚ полигонына тастамайтын қалдықтарды (қағаз және картон макулатура, пластик және шыны қалдықтары) бөліп жинау механизмін жүзеге асыру.

Күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Бұл – гидрокүлжою (ГКЖ) айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертифицикатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Корпорацияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Экологиялық менеджмент жүйесінен бөлек, Корпорацияда сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесі (OHSAS 18001) және менеджмент (ISO/CD 50001) энергетикалық менеджмент жүйесі сәтті жүзеге асырылуда.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі – «ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі), ISO/CD 50001 (Энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертифицикаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.



«ОАЭК» АҚ компаниялар тобында жылына екі рет өндірісте қоршаған ортаны қорғауды басқару, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жою, қоршаған ортаны қорғау саласында ақпараттандыруды арттыру бойынша үздік тәжірибелерді анықтауға бағытталған экология бойынша өзара аудиттер өткізіледі.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

Экологиялық саясатты жүзеге асыру аясында экологиялық тиімділік пен өз кәсіпорындарының қауіпсіздігін арттыруға және қызметтің қоршаған ортаға негативті ықпалын төмендетуге бағытталған жұмысты одан ары жалғастыру жоспарлануда. Бұл мақсат аясында табиғат қорғау шаралары жоспары мен энергоүнемдеу бағдарламасын орындау, ескірген жабдықтарды одан ары жаңғырту, экологиялық заңнама талаптарын сақтау, жаңа Экологиялық кодекс жобасын талқылауға қатысу жоспарланып отыр.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

АҚПАН

Әлеуметтік серіктестік туралы шарт аясында «АЭҮК» АҚ-нда Нұр-Сұлтан қаласының басқару колледжінің студенттеріне «Электр тоғынан жарақаттанғандарға реанимациялық әрекет әдістері» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді.



СӘУІР-МАМЫР

«ОАЭК» АҚ-ның Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне орай ұйымдастырылған шаралардың аясында ЕҮ-дарда Қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың отбасылық күні мен жас мамандар конкурсы өткізілді.

Корпорация қызметкерлерінің балалары арасында «Еңбекті қорғау балалар көзімен» балалар шығармашылығы байқауы өтті. Барлық қатысушыларға жүлделер мен сыйлықтар табысталды.



МАУСЫМ

«PROFENERGY» корпоративтік жобасы аясында Павлодар өңірінің жоғары және орта оқу орындарының үшінші курс студенттері арасында жыл сайынғы ғылыми жұмыстар байқауы өткізілді. Жеңімпаздарға «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ стипендиясы табысталды. Ақмола облысында «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы тарату желілерінің жедел-жөндеу қызметкерлері арасында кәсіби шеберлік бойынша сайыс ұйымдастырылды.

ШІЛДЕ

Корпорацияның жас жұмысшылары қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтау тақырыбындағы «Каска ки!» челленджіне қатысты.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Дүйсенбай Тұрғанов «IQanat» ауыл оқушыларының I республикалық слетінің



салтанатты жабылу рәсіміне қатысты. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «IQanat» қоғамдық қорының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қамқоршысы болып табылады.

ТАМЫЗ

«PROFENERGY» жобасы аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда ғылыми жұмыстар байқауының жеңімпазы – Петропавл теміржол транспорты колледжінің студенті марапатталды.

«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС су қоймалары мен тоғандарды қоқыстан тазалау бойынша «BirgeTazaQazaqstan» республикалық экологиялық акциясына белсенді қатысты.

ҚАЗАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері республикалық экологиялық акция аясында ресми емес түрде «Энергетиктер сквері» аталатын скверде қайың және шетен көшеттерін отырғызды.

Жасыл экономика коалициясы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен ұйымдастырған «Жасыл кеңсе» республикалық бірінші байқауына «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ қатысты. Екі кәсіпорын да алғыс хатпен марапатталды.



ЕСЕП ТУРАЛЫ


«Орталық Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) 2013 жылдан бері жыл сайынғы негізде Жылдық есеп шығарады.

Бұл есеп «ОАЭК» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның 2019 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша дайындалды. Құжат GRI G4 нұсқаулығына және электроэнергетика саласына арналған қосымшасына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы есепті қамтиды. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштер жарияланған кесте «GRI G4 элементтерінің индексі» бөлімінде орналасқан.

Кейінгі төрт жылда «ОАЭК» АҚ жылдық есебі Қазақстанның қаржылық емес секторындағы жылдық есептердің үздік үштігіне енген. 2019 жылы компания «Қазақстандық жеке компанияның үздік жылдық есебі» аталымында жеңімпаз болды.

Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҚ КАРТАСЫ



GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

№	Аспекттер	№	Аспекттер
1.	Экономикалық нәтижелілік	18.	Дайындық және білім беру
2.	Нарықтарда қатысу	19.	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
3.	Тікелей емес экономикалық әсерлер	20.	Алалаушылыққа жол бермеу
4.	Сатып алулар тәжірибесі	21.	Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
5.	Коррупцияға қарсы әрекет	22.	Балалар еңбегі
6.	Бәсекелестікке тосқауыл	23.	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
7.	Материалдар	24.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
8.	Энергия	25.	Негізгі және ұсақ халықтардың құқықтары
9.	Су	26.	Адам құқықтарының сақталуын бағалау
10.	Биоәртүрлілік	27.	Жергілікті қоғамдастықтар
11.	Шығарылымдар	28.	Жеткізушілердің әлеуметтік критерийлерге сәйкестігін бағалау
12.	Қалдықтар	29.	Бұқаралық саясат
13.	Жеткізушілердің қоршаған ортаны қорғау критерийлерін сақтауын бағалау	30.	Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі
14.	Экологиялық талаптарға сәйкестік	31.	Өнімдер мен қызметтерді маркалау
15.	Жұмыспен қамту	32.	Тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпаушылық
16.	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы	33.	Әлеуметтік-экономикалық заңнамалардың сақталмауы
17.	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік		

GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК/ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
GRI 101: Есептілікті дайындау принциптері(2016)			
GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)	ҰЙЫМ ПРОФИЛІ		
	102-1 Ұйым атауы	«ОАЭК бүгінде» бөлімі, 7 бет	
	102-2 Қызмет бағыттары	«ОАЭК бүгінде» бөлімі, 7 бет және «Бизнес-модель» бөлімі, 10 бет	
	102-3 Бас кеңсенің мекен-жайы	«Байланыс» бөлімі, 110 бет	
	102-4 Қызмет географиясы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 14 бет	
	102-5 Меншік формасы	«Корпорация құрылымы» бөлімі, 46 бет	
	102-6 Өткізу нарығы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 14 бет «Еншілес ұйымдар» бөлімі, 15 бет	
	102-7 Ұйым ауқымы	«2019 жылғы негізгі көрсеткіштер» бөлімі, 7 бет	
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 74 бет	
	102-9 Жеткізілімдер тізбегі	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 10 бет	
	102-10 Компания жұмысындағы маңызды өзгерістер	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 46 бет «Акционерлік капитал құрылымы» бөлімі, 46 бет	Өзгеріссіз
	102-11 Сақтық принциптері	«Табиғат қорғау шаралары», 87 бет	
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Парник газдарының шығарылымы» бөлімі, 89 бет «Экологиялық менеджмент жүйесі» бөлімі, 92 бет	
	102-13 Қауымдастықтарға мүшелік	—	Корпорация Қазақстан Электронергетикалық Қауымдастығының (ҚЭҚ) мүшесі болып табылады
СТРАТЕГИЯ			
102-14 Менеджмент хабарламасы	«Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі» бөлімі, 4 бет «Бас директор үндеуі» бөлімі, 5 бет		
ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ			
102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және тәртіп нормалары	«Корпоративтік басқару кодексін сақтау» бөлімі, 54 бет		
Корпоративтік басқару			
102-18 Басқару құрылымы	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 46 бет «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің нәтижелері» бөлімі, 52 бет		

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК/ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ		
	102-40 Мүдделі тараптар тізімі	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
	102-41 Ұжымдық шарттар	«Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет» бөлімі, 78 бет	
	102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
	102-43 Өзара қызмет тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
	102-44 Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
	Есеп туралы мәліметтер		
	102-45 Шоғырлану негізі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	102-46 Есептің мазмұны мен шекараларын анықтау	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	102-47 Маңызды тақырыптар тізімі	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	102-48 Өткен кезеңдер мәліметтерін қайта есептеу	-	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Корпорацияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді
	102-49 Есеп мазмұнындағы өзгерістер	-	Өзгеріссіз
	102-50 Есептілік кезеңі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	102-51 Соңғы жарияланым датасы	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	102-52 Есептілік циклі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	102-53 Есеп мазмұны бойынша мәселелерге арналған байланыс ақпараты	«Байланыс» бөлімі, 110 бет	
	102-54 GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	102-55 GRI мазмұнының индексі	«GRI элементтерінің индексі» бөлімі, 95 бет	
	102-56 Сыртқы растау	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет	
	МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР		
ЭКОНОМИКА			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер» бөлімі, 38 бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	-	Өткізілмейді
GRI 203: Тікелей емес экономикалық ықпалдар (2016)	203-1 Инфрақұрылымды қолдау	«Әлеуметтік жобалар» бөлімі, 93 бет «Жас мамандарды тарту» бөлімі, 77 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК/ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
ЭКОЛОГИЯ			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 87 бет	Экологиялық ықпал етуді басқарудың кешенді саясаты бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
МАТЕРИАЛДАР			
GRI 301: Материалдар (2016)	301-1 Масса не көлемі бойынша шығындалған материалдар	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 87 бет	
СУ			
GRI 303: Су (2018)	303-1 Су ресурстарын пайдалану	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 90 бет	
	303-3 Су алу	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 90 бет	
	303-4 Су	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 90 бет	
ШЫҒАРЫЛЫМДАР			
GRI 305: Шығарылымдар (2016)	305-1 Парник газдарының тікелей шығарылымдары	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 89 бет	
	305-4 Парник газдары шығарылымдарының интенсивтілігі	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 89 бет	
	305-5 Парник газдары шығарылымдарының азаюы (COR2R)	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 89 бет	
	305-7 NOx, SOx және өзге маңызды ластанушы заттар шығарылымдары	«Атмосфералық ауаны қорғау» бөлімі, 88 бет	
ҚАЛДЫҚТАР			
GRI 306: Қалдықтар (2016)	306-2 Типі мен орналастыру тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы массасы	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 91 бет	
ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК			
GRI 307: Талаптарды сақтау (2016)	307-1 Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау туралы ақпарат	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 89 бет	
ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қызметкерлерді басқару саясаты» бөлімі, 74 бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ			
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жалданған қызметкерлер мен кадр тұрақсыздығы	«Кадр тұрақсыздығы» бөлімі, 76 бет	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ			
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы (2016)	402-1 Ұйым қызметіндегі айтарлықтай өзгерістерге қатысты хабарландырулардың ең аз кезеңі	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 74 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК/ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК			
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2016)	403-1 Жұмысшылардың басшылық пен жұмысшылар қатысатын денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитетте болуы.	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері» бөлімі, 83 бет	
	403-2 Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері, кәсіби сырқат деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ, өліммен аяқталған жұмысқа қатысты оқиғалар саны	«Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері» бөлімі, 84 бет	
	403-3 Жоғары жарақаттылықты және жұмысына қатысты сырқаттану қаупі бар жұмысшылар	«Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері» бөлімі, 86 бет	
ОҚЫТУ			
GRI 404: Тренинг және оқыту (2016)	404-2 Біліктілікті дамыту бағдарламалары	«Қызметкерлерді оқыту және дамыту» бөлімі, 76 бет	
ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР			
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер (2016)	405-1 Басшылық органдар құрамы	«Қызметкерлердің санаты мен жынысына қарай құрылымы» бөлімі, 74 бет	
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
	103-3 Оценка менеджмента	-	Өткізілмейді
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар (2016)	413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қызмет, қызметтің жергілікті қоғамдастықтарға ықпалы мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуын бағалау бағдарламалары	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 67 бет	
ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 86 бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
GRI 416: Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы (2016)	416-1 Өнімдердің тұтынушыға қауіпсіздігін бағалау	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 36 бет	
ҚОСЫМША АҚПАРАТ			
Электр энергетикасы бойынша салалық хаттама GRI G4	G4-EU1 Орнатылған қуат	«Қызмет профилі» бөлімі, 12 бет	
	G4-EU2 Энергия өндіру	«2019 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 7 бет	
	G4-EU3 Тұрмыстық, өнеркәсіптік, институционалдық, коммерциялық тұтынушылардың жеке есепшоттарының саны	«Қызмет географиясы» бөлімі, 14 бет	
	G4-EU4 Реттеу режимдеріне бөлгендегі жерүсті және жерасты электр энергиясын беру және тарату желілерінің ұзындығы	«Негізгі өндірістік сипаттамалар» бөлімі, 14 бет	
	G4-EU5 COR2R немесе эквиваленттер шығарылымдарына квота бөлу	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 89 бет	

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ
ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңге)

	Ескерту	31 желтоқсан 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.
АКТИВТЕР			
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Негізгі қаражат	8	263,940,484	260,133,112
Гудвилл	9	1,405,202	1,687,141
Бейматериалдық активтер	10	1,764,085	1,979,566
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	37	983,455	1,640,086
Берілген қарыздар	12	11,065,201	4,074,492
Өзге қаржылық активтер	13	539,413	86,249
Берілген аванстар	11	1,236,850	4,716,792
Өзге ұзақмерзімді активтер	16	8,162,459	2,397,150
Барлық ұзақмерзімді активтер		289,097,149	276,714,588
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Тауарлық - материалдық қорлар	14	5,099,159	4,751,626
Саудалық дебиторлық қарыз	15	15,023,978	15,435,390
Берілген аванстар	11	1,602,348	2,197,762
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		772,431	809,345
Өзге ағымдағы активтер	16	3,165,560	7,428,544
Берілген қарыздар	12	2,903,462	4,499,930
Өзге қаржылық активтер	13	652,418	950,152
Ақшалай қаражаттар	17	894,566	1,301,811
Барлық ағымдағы активтер		30,113,922	37,374,560
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		319,211,071	314,089,148
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	18	46,043,272	46,043,272
Қосымша төленген капитал	19	1,348,105	1,348,105
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв		36,607,620	38,998,854
Бөлінбеген табыс		52,342,715	58,274,754
Барлық капитал		136,341,712	144,664,985

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескерту	31 желтоқсан 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялар	20	13,244,969	19,410,835
Болашақ кезеңдегі табыстар	24	6,885,923	7,242,625
Аренда бойынша міндеттемелер	25	1,380,582	1,717,330
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	37	38,029,150	38,675,054
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер	23	1,192,343	1,745,140
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер		114,368	116,367
Өзге ұзақмерзімді кредиторлық міндеттемелер		331,001	367,414
Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер		61,178,336	69,274,765
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялар	20	5,963,431	473,473
Қарыздар	21	82,374,864	72,461,789
Саудалық кредиторлық қарыз	26	23,463,760	17,076,140
Алынған аванстар	27	2,405,256	2,524,568
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	23	927,879	61,665
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі		14,586	11,905
Аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	25	551,609	500,583
Қаржылық кепілдер	22	1,872,553	2,090,875
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	28	4,117,085	4,948,400
Барлық ағымдағы міндеттемелер		121,691,023	100,149,398
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР		319,211,071	314,089,148

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
ТАБЫСТАР	29	137,195,299	143,880,232
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	30	(116,317,593)	(114,309,584)
ЖАЛПЫ ПАЙДА		20,877,706	29,570,648
Жалпы және әкімшілік шығындар	31	(8,656,614)	(10,262,996)
Өткізу бойынша шығындар	32	(2,428,287)	(2,404,415)
Қаржылық шығындар	33	(10,207,280)	(8,268,842)
Қаржылық табыстар	34	2,104,129	1,416,338
Курс айырмашылығы бойынша табыстар, нетто	39	(4,311,747)	(538,029)
Курс айырмашылығы бойынша шығындар, нетто	35	(10,033)	(5,479,440)
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығындар	9	(281,939)	–
Өзге шығыстар нетто	36	(300,116)	(201,415)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ (ШЫҒЫС)/ТАБЫС		(3,214,181)	3,831,849
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР	37	(1,829,363)	(2,231,737)
БІР ЖЫЛҒЫ (ШЫҒЫС)/ТАБЫС		(5,043,544)	1,600,112
БІР ЖЫЛҒЫ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ (ШЫҒЫС)/ТАБЫС			
Кіріс пен шығында реклассификациялауға жатпайтын баптар			
– Негізгі қаражаттарды қайта бағалаудан болатын шығыс		–	(15,750)
– Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгеріс		(34,061)	–
БІР ЖЫЛҒЫ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ (ШЫҒЫС)/ТАБЫС		(5,077,605)	1,584,362
АКЦИЯҒА БІР ЖЫЛҒЫ (ШЫҒЫС)/ТАБЫС			
Акцияға бір жылғы (шығыс)/табыс, теңге	41	(136.49)	43.30

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Барлық капитал
1 қаңтар 2017 ж.	46,043,272	1,348,105	41,413,587	60,979,619	149,784,583
ҚЕХЖ 9 бастапқы сальдосын түзету	–	–	–	(2,665,526)	(2,665,526)
2018 жылғы 1 қаңтарға қайта есептелген сальдо	46,043,272	1,348,105	41,413,587	58,314,093	147,119,057
Бір жылдағы пайда	–	–	–	1,600,112	1,600,112
Бір жылдағы өзге жиынтық шығын	–	–	(15,750)	–	(15,750)
Кезеңдегі барлық жиынтық (шығыс)/табыс	–	–	(15,750)	1,600,112	1,584,362
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	–	–	(2,398,983)	2,398,983	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша берілген міндеттемелер (22-қосымша)	–	–	–	(1,672,700)	(1,672,700)
Акционермен операциялар	–	–	–	(237,914)	(237,914)
Жарияланған дивидендтер	–	–	–	(2,127,820)	(2,127,820)
1 қаңтар 2019 ж.	46,043,272	1,348,105	38,998,854	58,274,754	144,664,985
Бір жылдағы шығын	–	–	–	(5,043,544)	(5,043,544)
Бір жылдағы өзге жиынтық шығын	–	–	(34,061)	–	(34,061)
Кезеңдегі өзге жиынтық шығын	–	–	(34,061)	(5,043,544)	(5,077,605)
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	–	–	(2,357,173)	2,357,173	–
Акционермен операциялар (12-қосымша)	–	–	–	(2,445,613)	(2,445,613)
Жарияланған дивидендтер	–	–	–	(800,055)	(800,055)
31 желтоқсан 2019 ж.	46,043,272	1,348,105	36,607,620	52,342,715	136,341,712

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Салық салуға дейінгі (шығыс)/табыс		(3,214,181)	3,831,849
Түзетулер:			
Тозу және амортизация	8, 10	13,000,529	11,825,056
Қаржылық шығындар	33	10,207,280	8,268,842
Қаржылық құралдардың құнсыздануынан болатын шығындар	39	4,311,747	538,029
Ескірген тауарлы-материалдық қорлар бойынша резерв есептеу	14	173,433	83,345
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің шығып қалуынан болатын шығындар	36	(213,173)	830,672
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығындар		281,939	–
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу		92,911	176,605
Курстық айырма шығындары/(табысы), нетто	35	10,033	5,479,440
Қаржылық табыстар	34	(2,104,129)	(1,416,338)
Кредиттік қарызды алып тастаудан болатын табыстар		(58,911)	(21,718)
Аяқталмаған құрылыс нысандарының құнсыздануынан болатын шығындар		346,387	88,251
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер		38,272	572,007
Басқалар		–	(244,880)
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы		22,872,137	30,011,160
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі		(520,966)	45,464
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі		86,479	1,397,946
Берілген аванстың өзгеруі		(245,914)	(639,661)
Өзге ағымдағы активтердің өзгеруі		3,214,217	(201,648)
Өзге ұзақмерзімді активтердің өзгеруі		(2,573,394)	2,295
Өзге дебиторлық қарыздың өзгеруі		160,067	(2,060,350)
Сауда кредиторлық қарыздың өзгеруі		6,446,531	585,653
Болашақ кезеңдер табысының өзгеруі		(356,702)	(109,970)
Алынған аванстардың өзгеруі		(119,312)	301,587
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындардың өзгеруі		(1,136,355)	2,295,646
Рекультивациялау бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(137,962)	(270,294)
Қызметкерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің өзгеруі		205,482	(53,362)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		27,894,308	31,304,466
Төленген табыс салығы		(1,949,409)	(2,389,522)
Төленген пайыздар	20, 21, 25	(9,170,338)	(7,389,567)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		16,774,561	21,525,377

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Негізгі қаражаттарды иелену		(12,573,481)	(21,536,098)
Бейматериалдық активтерді иелену		(141,629)	(274,222)
Депозит есепшоттарында ақша қаражаттарын орналастыру		(30,953,689)	(22,190,081)
Депозит есепшоттарынан ақша қаражаттарын шешу		30,921,691	38,714,726
Орналастырылған депозиттерге есептелген пайыздардың түсуі		128,141	382,839
Берілген қарыздарға есептелген пайыздардың түсуі		43,945	23,338
Негізгі қаражаттың шығып қалу түсімдері		–	31,248
«ЭкоАльтернатива» ЖШС-не берілген ақша қаражаты	16	(3,300,000)	(3,595,638)
Қарыздар беру	12, 39	(89,500)	(10,595,609)
Берілген қарыздарды өтеу	12, 39	1,518,090	796,082
Қаржылық активтерді сатып алу		36,999	(316,000)
Кепіл салымдарын қайтару		(23,178)	(14,305)
Акционерге берілген қаржылық көмек	12, 39	(10,195,820)	(894,720)
Акционерге берілген қаржылық көмекті қайтару	12, 39	90,500	800,000
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары		(24,537,930)	(18,668,440)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Қарыздар түсімі	21	80,710,056	30,827,798
Қарыздарды өтеу	21	(70,803,838)	(30,577,328)
Облигацияларды орналастыру түсімдері	20	–	1,440,568
Облигацияларды сатып алу	20	(1,134,684)	(2,732,325)
Аренда бойынша төлемдер	25	(532,072)	(424,119)
Дивидендтерді төлеу	18	(800,055)	(2,489,124)
Мемлекеттік субсидиялар түсімдері	24	-	20,333
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары		7,439,407	(3,934,197)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(АЗАЮЫ)		(323,963)	(1,077,260)
жыл басындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	17	1,301,811	2,368,075
Шетелдік валюта курсы өзгерісінің шетелдік валютадағы ақша қаражатының қалдығына әсері	35	(15,510)	93,319
Ақша қаражатының кредиттік шығындары астындағы бағалық резерв әсері		(67,772)	(82,323)
жыл соңындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	17	894,566	1,301,811

ГЛОССАРИЙ, ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Агрегаттың (станцияның) қолданылатын қуаттылығы	– өндіруші агрегаттың (станцияның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.
Әуелік электр желісі	– электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.
Белгіленген қуаттылық	– турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.
Бу турбинасы	– энергетикалық турбомашина, жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.
Гигакалория	– жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.
Гигакалория / сағат	– белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.
Градирия	– ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.
Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру	– электр өндіргіштің бу турбинасын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинасынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі.
Жылу электр орталығы	– электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр станциясы.
Қазандық агрегаты	– отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.
Калория (кал)	– жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі.
Күл	– отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).
Күл үйіндісі	– жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және кәдеге жаратуға арналған жер.
Мегаватт	– электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.
Қолданылатын қуаттылық	– техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.
Сорғы	– энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.
Сорғы қондырғысы	– сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.
Станциядағы белгіленген жылу қуаты	– жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.
Трансформатор	– энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.

Турбина	– бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.
Турбоагрегат	– бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбины, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.
Шағын станция	– электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.
Электрді әуемен беру желісі	– электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.
Электрді беру желісі (ЭБЖ)	– электр энергиясын электр станциясынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.
Энергожүйенің белгіленген электр қуаты	– энергожүйедегі электр станцияларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.
Эмульгатор	– фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.
EBITDA	– салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш
ESAP	– Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары
ISO	– Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым
KEGOC	– «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ
OHSAS	– халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі
2-ПЖЭО	– 2-Петропавл жылу электр орталығы
АЕК	– айлық есептік көрсеткіш
АҚ	– акционерлік қоғам
АЭЖ	– аудандық электр желісі
ӘЖ	– әуелік желілер
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары
Гкал	– гигакалория
Гкал/с	– гигакалория/сағат
ГЭС	– гидро электр станциясы
ЕКДБ	– Еуропалық қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD)
ЖКЕАЖ	– жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі
ЖОС	– жеке оқшаулағыш сым
ЖТҚ	– жиынтық тарату құрылғысы
ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім
ЖЭО	– жылу электр орталығы
ИИҚ	– Ислам инфрақұрылымдық қоры
кВт-с	– киловатт-сағат
КЖ	– кабельді желілер

КҰҚ	– күлді ұстау құрылғысы
ҚҚС	– қосымша құн салығы
ҚОМЖ	– қоршаған орта менеджменті жүйесі
МАЭС	– мемлекеттік аудандық электр станциясы
МВт	– мегаватт
МҮИИДБ	– мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы
ОАОЭК	– «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ
ОАЭК	– «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ
ПЭ	– «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
ПЭТК	– «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ
СКЭ	– «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ
СҚ ЭТК	– «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ
СПЖ	– сапа менеджменті жүйесі
ТБЖ	– тәуекелдерді басқару жүйесі
ЭБЭЖ	– электрді берудің әуелік желілері
ЭБЖ	– электрді беру желілері
ЭКЕАЖ	– электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі
ЭС	– электр станциясы

БАЙЛАНЫС

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

«ОАЭК» АҚ бас кеңсесінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050012, Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2, «SAAD» БО

Электрондық пошта: info@energy.kz

Телефон: +7 (7172) 64-57-77

А.Ә.Т./ҚЫЗМЕТІ	БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ
Инвесторлармен және акционерлермен жұмысқа жауапты тұлғалар	
БУКША НАТАЛЬЯ ВИКТОРОВНА, «ОАЭК» АҚ Бас бухгалтері	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2 тел.: +7 (7172) 64-57-77
ЖҰМАДІЛОВ ТАЛҒАТ МҰХТАРҰЛЫ, «ОАЭК» АҚ Корпоративтік мәселелер жөніндегі басқарушы директор	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2 тел.: +7 (7172) 64-57-77
Жылдық есепке жауапты тұлға	
САЙДАКМЕТОВА МИРА ҒАБДУЛҚЫЗЫ «ОАЭК» АҚ қоғаммен байланыс департаментінің директоры	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2 тел.: +7 (7172) 64-57-77

АУДИТОР

«ОАЭК» АҚ аудиторы PwC Қазақстан компаниясы болып табылады, орналасқан мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «AFD» бизнес орталығы, «А» ғимараты,

4-қабат, әл-Фараби даңғылы, 34

Алматы, Қазақстан, A25D5F6

Т: +7 (727) 330 32 00

Ф: +7 (727) 244 68 68

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ (Алматы қ. Әділет департаментінің 11.01.2012 ж. берген 1678–1910–02 АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі).



КОРПОРАЦИЯ САЙТЫНА
QR КОД БОЙЫНША ӨТІҢІЗ

